Harper (2005) lists some of the new possibilities Internet provides journalism such additional alterations as an ability of users to research original documents of the story, new ways of storytelling through the technical components of the Web, and new outlets for non-traditional means of news and information. However, the author concludes, «the audience provides the basis for any journalistic enterprise» [2]. Many studies confirm the rapid increase of the online media consumers. Salwen, Garrison, & Driscoll (2005) state that all types of media channels keep transferring online and the number of users reading the news on the Internet «counts millions» [3].

The digitization process is constantly widening. Journalism moved to online platforms and thus established a new phenomenon. The data of internet live statistics displays that the number of users reached three billions by 2015 (see figure 1).

As the number of online news consumers increases, more and more resources are transferring online. Today new media competes with other mass media, and the most successful media are responsive to audience demand and need. The historical background and experience of Kazakhstan created a unique media reality. The number of media in Kazakhstan changes from year to year. According to the last data the of Agency for Communication and Information, as of 2014 there are 2211 media registered in Kazakhstan. Of these, 255 are electronic media, including online media. Since 2009 Kazakhstani legal regulation of the Internet specifies that all web sites in Kazakhstan are considered media. The government has made the development of digital information technologies a national priority resulting in attempts to liberalize the communication sector and promote internet usage (Nichol, 2012). The official language in Kazakhstan is Kazakh, spoken by 65 percent of population, however

Russian is the most popular language used on the Internet (94.1 percent), followed by Kazakh (4.5 percent), and English (1.4 percent) [4]. Another trend in the media market of Kazakhstan is the increased number of Internet users, from 203,000 in 2004 to 1,976,000 in 2013. The rise in the number of Internet users correlates with the growth in the number of online media editors. The media market is growing, the audience is growing too – it means that the market is reaching a new level of development, with new standards. Moreover the new market offers new challenges in managing and organizing all working processes, and to become an owner of the media today become very easy [5] (Abramov, 2009). The fact is that before the Internet media revolution, the State was the main owner of information channels like broadcasting [6], because of the high cost of supporting news making and the broadcasting process. Today, as we said before, it is easy to become a media owner. But in Kazakhstani realities we still have the major participation of the state in the media sphere. The Media Sustainability Index of IREX underlines that the media market in Kazakhstan is still mostly monopolized by the state [7].




Figure 1 – The number of users of the Internet

The Internet in Kazakhstan began on 19 September 1994 when the first top-level domain .kz was officially registered. The history of development of

Internet in Kazakhstan can be divided into 3 stages. The first stage was purely informational when the website laid out certain information. In the second

stage the internet was used as a method of communication and dialogue. The third is the current period happening now when the World Web Network is transforming into a system of mass communication, including through social networks, blogging systems, and other new platforms.

Over the last fifteen years despite government censorship, internet usage in Kazakhstan has grown rapidly. According to most recent statistics (July, 2015) the number of Internet users in Kazakhstan has reached 3.47 million with 71% of them aged between 12 and 54. And 870 thousand of them are the residents of Almaty city. In general 67.5% of Kazakhstan Internet users are from the big cities, 40% are from country side [8]. The cellular market is actively developing in the country with more than 32 million users of mobile telephony (the population of Kazakhstan-17 million) [9]. A rapidly developing cellular market will further expand the use of new media.

The fact is that today social media is a rapidly changing and continues to greatly broaden our scale of communication. Kazakhstan is not only the largest Internet market in Central Asia, but also the leading user of social media. Social media use is likewise on the rise, with Russia-based networks being the most popular, even if global networks such as Facebook and Twitter also are spreading. The number of Moi Mir users grew by over 90% in Kazakhstan in 2010-2011, exceeding 1.5 million a day [10]. In 2011 Kazakhs spent more hours per month on social media sites than the users of any other nation. Since then Kazakhstan may have lost its title as the most social media-addicted country in the world, yet in Central Asia it remains on top.

Social surveys from a few years ago indicate that governmental mass media had 10% of the city audience while independent media held 40-50% of the audience. One of the main effects of independence was its influence on the content of new media and trust in the social media. Many new media successfully used sociopolitical topics to gain audiences, increase ratings and benefit financially. The «political» discourse was not too critical of government leaders, but focused on scandal news and entertaining issues. Social media took the lead and had more success in this process, leaving traditional media behind.

As the Dean of Journalism Faculty of M.V. Lomonosov Moscow State University Professor E.L.Vartanova (2007) marks, «in spite of considerable progress in international cooperation, an information society represented today is more likely a national rather than the international project. And the new media phenomenon is not only, and not so

much, technological but developed through national causes. The concrete practice shows that each state individually approaches the consideration of and decision of a given problem» [11].

What emerged as a central issue in the new media market was competition for audiences and establishment of a Web version of traditional media. It was difficult for traditional media (TV, Radio, newspapers) to compete with new media (Internet journalism). Internet media markets were stronger than traditional media, and the level of efficiency and professionalism in new media products was higher. Nevertheless, traditional media in Kazakhstan emerged with a strong segment of the market. There is rapid growth of Internet users in Kazakhstan. Between 2000 to 2003, their number increased by 200% annually. From 2000 to 2009 the number of Internet users in Kazakhstan increased from 70 thousand to 2.3 million people (an increase of 30 times). By the end of 2007 the number of Internet users reached 1 million 800 thousand people. By 2010, the number of Internet users increased to 3.5 million people [12]. According to the Ministry of Communication & Information of RK at the beginning of 2011 there were 4.3 million Internet users in the country. At the beginning of 2012 there were 8.7 million Internet users in Kazakhstan, at the end 2013 – more 10 million. Audience demand decided what programs would be produced and competition increased as each websites and social media tried to make its content more attractive to audience. The audience played a crucial role because of the financial benefit from advertising. As a result new media were motivated to produce high quality audience centered content.

However, extensive reforms in the telecommunication and broadcasting sectors of the republic have been ongoing for several years, since 1992. These sectors have been reformed on several fronts: the creation of legislative and regulatory framework, restructuring, corporatization and privatization of enterprises. Kazakhstan, to keep pace with the times, aims to follow the path of globalization laid by the world economy through economic diversification and gradual departure from the raw-material orientation. A primary step in this direction was the adoption of the «Strategy of Industrial-Innovation Development of the Republic of 2003-20015.» Its main provisions were developed on the basis of the Strategy «Kazakhstan-2030» and other policy documents.

On December 14, 2012 the President of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, presented to the people of the country the new Kazakhstan's Development

Strategy «Kazakhstan-2050: a new policy of the established state». The President noted that the previous strategy, «Kazakhstan-2030», had already accomplished many directives. Now the country faces more global issues. «The main goal is to become one of the 30 most developed countries of the world by 2050» [13].

Part of the strategy includes the formation of a national innovation system of national technology parks and several regional ones. The largest project, «Information Technology Park», already has placed 27 domestic and foreign companies into the system. The strategy used to move Kazakhstan toward becoming one of the 50 most competitive countries (designated in the Treatment of President of Kazakhstan from March 1, 2006) included the concept of competitiveness of the information space of the Republic of Kazakhstan for 2006-2009. The main trends of the global information space and information market of the country are reflected in the strategy, identified basic principles, strategic goals and objectives of state policy in the information sphere [14].

According to the Agency of the Statistics of the Republic of Kazakhstan, in 2014 68.1% of citizens of Kazakhstan at age from 16 to 74 are connected and using Internet. Moreover, the number of children from 6 to 15 years old who are using Internet also is growing and in 2014 43.6% were online.

At this moment there are many Internet media in Kazakhstan and the number is growing, but there is no clear defined research about new standards for a new kind of media. Actually, there is no clear understanding of norms and forms of Kazakhstani media space self-regulation. As mentioned by Abramov (2009), modern media owners poorly understand the specificity of the organization of media management in the new media.

As usual, all trends in journalism in Kazakhstan come from Western journalism practice. Accountability and Transparency (A&T) helps to create and build a constant audience through the Internet. Nevertheless A&T are the basic guarantees of the reputation of online media in the West. In other words it gives public trust to the media. According to TNS Web Index data, the Internet is the only growing media in Kazakhstan with coverage which is almost 2 times traditional media coverage. In July 2015 the number of Internet users in Kazakhstan reached 3.47 million. That is 71% of the population aged 12 to 54 years old who use the Internet at least once a month [15].

In 2014 Kazcontent JSC conducted surveys among populations in 16 regions in Kazakhstan. Ac-

cording to this research over 57% of the respondents in Kazakhstan use Internet on daily basis, 18.7% – often, 12.6% – rarely and 11.7% – never used. The survey identified the most popular internet media and the use Internet of their audience [16].

There are many worldwide social networks users in Kazakhstan. Also there are some domestic networks, like: ct.kz, kiwi.kz, nur.kz, yvision.kz, jnet.kz. But Kazakhstan networks are not popular when compared with others. It is partially explained by the short period of time since their introduction and difficulties encountered in implementation. According to the study of the Яндекс.Новости (news.yandex.ru) the most popular social network sites in Kazakhstan are Russian or from the US (see Figure 2).

According to data listed in the table it is clear that:

- First place in the ranking of popularity is the social network «Classmates» (1,610,086 queries in Yandex for last month), a multilingual project enabling users to find former classmates, acquaintances and communicate with them at any time.

- Second place in the popular ranking is the video sharing site «YouTube» which takes 1,471,227 queries in Yandex, which allows participants to network, to add, annotate, view and share videos with friends.

- The third line of a rating of popularity of social networking resource belongs to the «My World» in Kazakhstan, in which 839,140 queries in the system Yandex for last month was made. This Russian-language service, which combines the user's actions on the main page of the portals Mail.Ru, communicates through SMS messages, post videos and photos, to express emotions in the form of smiles, give virtual gifts, blogging, listening to music, download songs and read the blogs of other users. Outsider's popularity rating among social networking sites in Kazakhstan were:

- «Flickr»,
- «Myspace»,
- «AlterGeo»,
- «Hyde Park»,
- «Friendster».

The fact that mostly young people use social networks showing that 66% of Facebook users in Kazakhstan are 18-34 years old. Kazakhstan leads in terms of Facebook users and in terms of daily unique visits to Facebook.com and youtube.com. Kazakhstan internet users are very active on social media sites covered to generate any figures. Russian social media has a big influence on Kazakhstani social media. VK (Originally VKontakte) is

the largest European Social Media Network; Mail.ru; Odnoklassniki (Одноклассники in Russian, Classmates). According to the study of the Яндекс.Новости (news.yandex.ru) In the Central Asia

countries Facebook Users – Kyrgyzstan-75,380, Kazakhstan-452,200, Uzbekistan-128,780, Tajikistan – 34,600, Turkmenistan – 5,860* (*blocked in country) [17].

п/п	Популярная социальная сеть в Казахстане	Оценка частотности слов для Яндекс.Директа, за месяц		Изменения (+/-)	Количество упоминаний в Яндекс.Новости, за месяц		Изменения (+/-)	Количество зарегистрированных пользователей в сети
		январь, 2015	декабрь, 2014		январь, 2015	декабрь, 2014		
1	Одноклассники, odnoklassniki.ru	1610086 (1552619+57467)	1416114 (1349105+67009)	193972	38 (37+1)	48 (47+1)	-10	148 000 000
2	Ютуб, youtube.com	1471227 (1349433+121794)	1401696 (1284755+116941)	69531	9 (3+6)	8 (1+7)	1	4 000 000 000 просмотров/в сутки
3	Мой мир, my.mail.ru	839140 (825730+13410)	849088 (831654+17434)	-9948	2	0	2	40 000 000
4	ВКонтакте, vkontakte.ru	770565 (754329+16236)	734417 (717552+16865)	36148	76	40	36	190 000 000
5	Фейсбук, facebook.com	48027 (42988+5039)	45943 (39799+6144)	2084	35 (31+4)	23 (21+2)	12	1 000 000 000
6	Твиттер, twitter.com	12051 (11175+876)	12304 (11230+1074)	-253	138 (129+9)	119 (110+9)	19	200 000 000
7	Мамба, mamba.ru	7624 (6709+915)	6668 (5874+794)	956	0	0	0	11 500 000
8	ЛайвДжурнал, livejournal.com, ЖЖ, Живой журнал	5751 (1+2241+3222+287)	7460 (3+2242+4974+241)	-1709	3 (1+1+1)	0	3	40 076 177
9	Блоггер, blogger.com	1602 (1498+104)	1213 (1117+96)	389	32	32	0	-
10	Badoo, badoo.com	1406 (980+426)	2280 (1609+671)	-874	0	0	0	125 000 000
11	Blog.ru	1193	1450	-257	0	0	0	-
12	Мир тесен, mirtesen.ru	929 (707+222)	890 (668+222)	39	0	0	0	-
13	LinkedIn, linkedin.com	883 (741+142)	922 (754+168)	-39	0	0	0	150 000 000
14	Мой круг, moikrug.ru	679 (562+117)	690 (653+37)	-11	0	0	0	-
15	Беон, beon.ru	631 (399+232)	669 (539+130)	-38	0	0	0	1 203 240
16	Я.ру	548	616	-68	0	0	0	2 844 908
17	Травиян, travian.ru	444 (399+45)	495 (434+61)	-51	0	0	0	-
18	Дайри, diary.ru	218 (61+157)	217 (89+128)	1	0	0	0	-
19	Лавпланет, loveplanet.ru	208 (114+94)	227 (110+117)	-19	0	0	0	-
20	Хабрахабр, habrahabr.ru	178 (70+108)	270 (131+139)	-92	0	0	0	-
21	Фликр, flickr.com	94 (22+72)	98 (34+64)	-4	0	0	0	51 000 000
22	Майснейс, myspace.com	44 (21+23)	46 (13+33)	-2	0	0	0	25 100 000
23	AlterGeo, altergeo.ru	34	72 (69+3)	-38	0	0	0	900 000
24	Гайдпарк, maxpark.com	24 (5+19)	11 (2+9)	13	0	0	0	3 000 000
25	Friendster, friendster.com	9 (8+1)	16 (13+3)	-7	0	0	0	115 000 000

Figure 2 – List of Popular Websites

Low Facebook penetration suggests that there is still room for social media growth in all Central Asian countries, especially since there are just as many daily visits to VKontakte.ru (Russian keep-in-touch website) as Facebook in Kazakhstan. Although many of the social media figures appear low it has been reported anecdotally that more and more

Central Asian Internet users are turning to Facebook because of the flexibility and the way it can connect like-minded people. As with many other countries, political issues have begun to encourage the use of social media sites like Facebook in Central Asia and increasing numbers are expected in the coming months and years.

New media in Kazakhstan shows trends that are manifested in a sharp increase of information flows, the emergence of new independent media, media organizations, new members of the information process, the emergence of electronic newspapers, and Web-publications in the formation of new information markets and services. The information market in Kazakhstan is experiencing rapid growth in the development of communication technology. The

rate of growth of a new communication mass media shows the great demand for information services.

Although new media in Kazakhstan are successful, the social media market in Kazakhstan is dominated by Russian or foreign media. The significant challenge for Kazakh new media is to develop a uniquely Kazakh character that can promote Kazakh language and culture, and successfully attract a Kazakh audience.

References

- 1 John Pavlik (2001) (p. 8).
- 2 Harper, C. (2005). Journalism in a digital age. *Health*, 34(27), 29. Retrieved March 3, 2015, from <http://web.mit.edu/comm-forum/papers/harper.html>.
- 3 Salwen, Garrison, & Driscoll (2005), (p. 147)
- 4 <https://en.wikipedia.org>
- 5 Abramov V. «Mass Media of Kazakhstan: Key Players, Opportunities, Needs and Risks» (2009).
- 6 Media Sustainability Index of IREX (MSI), (2013, p.247)
- 7 The future of social media. Yvision.kz
- 8 <https://en.wikipedia.org>
- 9 According to statistics from the International Telecommunications Union, <http://www.itu.int/ITU-D/ict/statistics/index.html>.
- 10 Vartanova E.L., Tolokonnikova A.V., Cherevko T.S. (2014). The information security of children: Self-regulatory approaches. *Psychology in Russia: State of the Art*, 7(3), 136-145.
- 11 TNS Gallup Media Asia Research Company (2004). Accessed at <http://www.tns-global.kz/ru>
- 12 https://en.wikipedia.org/wiki/Kazakhstan_2050_Strategy
- 13 TNS Web Index http://forbes.kz/stats/internet-auditoriya_kazahstana_portret_i_predpochteniya_polzovatela/
- 14 TNS Gallup Media Asia Research Company (2004). Accessed at <http://www.tns-global.kz/ru>
- 15 <http://kzcontent.kz/index.php/eng/>
- 16 TNS Gallup Media Asia Research Company (2004). Accessed at <http://www.tns-global.kz/ru>
- 17 Simeon Djankov, Caralee McLiesh and etc., (2003).

Жұртбай Н.Т., Губашева Д.Т.
**Кеңес өкіметі тұсындағы қазақ
газеттеріндегі экологиялық
тақырыптың бағыттары мен
көтерген мәселелері
(1930-1980)**

Адамзаттың тіршілікте өмір сүруі үшін ұмтылысы жолындағы харакеті мен әрекеті қадым заманнан бері қоршаған ортамен тікелей байланысты және соған тәуелді. Экономика ілімінің қалыптасқан айналым теориясы бойынша өзара үйлескен: өндіріс – өнім бөлісі – айырбас – тұтыну сияқты төрт түрлі түзімі (звено) бар. Бұл түзімдер – табиғаттың игілігін өз қажетіне пайдалану арқылы адамзат өркениетінің өмір сүруіне, оның одан әрі дамуына және тиісті тұрмыстық сұраныстарын өтеуге мүмкіндік береді. Өкінішке орай, біз табиғатқа зиянын тигізбейтіндей мөлшерлі өнім өндіріп, өлшеммен үнемдеп тұтынуды әдетке айналдыра алмай келеміз. Бұл бір елді-мекенге, бір қалаға, бір елге ғана емес, бүкіл жер шарына ортақ көлеңкелі көрініс.

Түйін сөздер: Қазақстан, қоршаған орта, баспасөз.

Zhurtbay N.T., Gubasheva D.T.
**Kazakh newspapers on
environmental topics under the
Soviet Union period (1930-1980)**

On the human desire to live life and action steps times are directly related to the environment and its dependent. Combined with working on the theory of the teachings of the economy: industry, such as the consumption of a product-sharing in exchange for four different mode (link). This mode using the needs of their good nature survival of human civilization, its further development and adequate to cover the needs of the household. Unfortunately, the size does not damage the nature of the product we produce, we can not reduce the size consumption habits. This is one of the villages, one city, one country is not only common to the entire planet in shadow.

Key words: Kazakhstan, environment, press.

Жұртбай Н.Т., Губашева Д.Т.
**Тематические особенности
освещения проблем экологии
в казахских газетах советского
периода (1930-1980 гг.)**

Деятельность человека оказывает огромное влияние на состояние окружающей среды. Экономическая теория гласит, что общество испокон веков функционирует по четырехзвенной модели, включающей производство, распределение, обмен и потребление материальных благ. Воздействие на природу с целью создания необходимых материальных благ и их дальнейшее потребление, безусловно, являются неотъемлемым условием выживания и развития нашей цивилизации. К сожалению, пока мы не научились производить и потреблять таким образом, чтобы это не оказывало негативного влияния на природу. Токсичные отходы промышленных предприятий, незаконная вырубка лесных массивов, загрязнение водоемов, горы бытового мусора в городах как следствие безответственного потребления – всё это реалии сегодняшнего дня отнюдь не в какой-нибудь отдельно взятой стране, а распространенные повсеместно.

Ключевые слова: Казахстан, окружающая среда, печатные СМИ.

**КЕҢЕС ӨКІМЕТІ
ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ГАЗЕТТЕРІНДЕГІ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ТАҚЫРЫПТЫҢ
БАҒЫТТАРЫ МЕН
КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ
(1930-1980)**

Адамның тіршілік көзіне айналған табиғи сұраныс – аса ірі өнеркәсіптік тұтыну деңгейіне көтерілген қазіргі заманда, бұл мөлшерсіз мұқтаждық, табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылуына аса зор ықпал етіп, апатқа бастайтын жолға бет бұрып барады. Сондықтан да бұл мәселенің бүкіл адамзатты ерекше алаңдататып, оны шешу үшін ауқымды шұғыл шара қолданып, ғаламдық тұжырым қабылдауды талап етіп отырғаны анық.

Әрине, әлем жұртшылығы қоршаған ортаны қорғау мәселесін жаһандық деңгейде қарастыру керектігіне кешелі-бүгін ғана назар аударған жоқ. БҰҰ құрылған кезден бастап экологиялық мәселелерге халықаралық деңгейде үнемі басты назар аударылып келеді. Оған БҰҰ бастауымен қабылданған халықаралық конвенциялар, хаттамалар дәлел. Сондықтан да, экологиялық күрделі жағдайға қатысты «жаһандық апат» деген теңеудің негізі бар және оның маңызының арта беретіні де шындық. Өйткені, қоршаған ортамен арадағы өзара байланыстың тепе-теңдігін сақтау және оны қорғау мәселесі барған сайын ушығып барады. Ол – мемлекеттік, қоғамдық, билік саясаты деңгейінде қарастырылатын ықпалды да пәрменді және өзекті факторға айналды.

Бұл мәселелер – қоршаған орта мен онда өмір сүріп жатқан адамдарға тигізген зардаптары аса зор, атап айтқанда, жер бетінен жойылуы қаупі төніп тұрған Арал теңізі, деңгейі төмендеп бара жатқан Балқаш көлі, Семей сынақ полигоны, Байқоңыр космодромы, атом түйіршегін шығаратын Үлбі металлургия заводы сияқты т.б. зарары мол «қауіпті экологиялық нүктелер» орналасқан Қазақстан аймағына (әкімшілік емес, географиялық ұғымда) да тікелей қатысты.

Қоршаған ортаны қорғау барысындағы мемлекеттік саясатты жүргізуде БАҚ құралдары оның бөлінбес бір бөлігі болып табылады. XX ғасырдың басында қазақ ұлтының рухани көсемдерінің бірі, халық «ұлт атасы» деп таныған ұлы ағартушы, алғашқы қазақ кәсіби баспасөзінің тұңғыш «бас шығарушысы» (редакторы) А.Байтұрсынов: «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» – деп атап өткен болатын [1]. Өйткені, қоғамдағы барлық ақпараттар мен хабар-ошарлар осы баспасөз құралдары арқылы таралып, талқылауға ұсынылып, пікір қорытылады. Ал ақпарат құралдарының бұл күндегі мүмкіндігі бұрынғыдан да зор. Мерзімді басылымдардың, радио мен те-

ледидардың, бейне бағдарламалардың, интернет жүйесінің, кинохроникалардың басын құрайтын БАҚ – қоғамдық көзқарасты қалыптастыратын ұлы күшке айналып отыр.

Адамзаттық мәні бар «төртінші билік» ретінде танылған баспасөз құралдары, соның ішінде қазақстандық баспасөз, экологиялық күрделі жағдайдың орын алуына байланысты қандай қоғамдық пікір мен көзқарасты қалыптастыруда қандай белсенділік көрсетті. Ақпараттар әлемінде салыстырмалы талдаулар, ағымдағы күрделі мәселелерді бағамдау – ғаламдық сыпат алып отырғанда, алып географиялық аймақты қамтитын Қазақстанның қазіргі баспасөздерінде экологиялық тақырып қандай деңгейде қамтылады. Сол мәселені шешуге ықпалы қандай? Міне, осындай, аса зәру тақырып ретінде орын алып отырған экологиялық мәселелердің бүгінгі қазақ баспасөзіндегі қамтылу аясын ғылыми тұрғыдан саралап, талдап, тиісті нәтижелерге қорытынды жасау – баспасөздің тарихы мен теориясы үшін өзекті тақырып болып табылады.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік-теориялық маңызын да арттыра түседі. Бұған дәлел ретінде 2017 жылы Астанада өтетін «Болашақ энергиясы» атты Халықаралық мамандандырылған көрменің (ЭКСПО-2017) [2] басты тақырыбы мен мақсаты – қалыптасқан экологиялық күрделі жағдайды дүниежүзілік деңгейде шешу екенін еске салсақ та жеткілікті.

Бұл мәселелерді шешудің басты жауапкершілігі аса маңызды саяси институт – мемлекеттік биліктің мойнына жүктеледі. Экология саласына қатысты пәрменді заң шығару, қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты туындайтын өзекті мәселелерді тұрақты және жан-жақты реттеп отыратын мониторингтерді ұйымдастыру, болып жатқан табиғи ауытқуларға шұғыл шара қолдану істері – мемлекеттік билік мекемелерінің басты кезек күттірмейтін міндеті болып табылады. Қазіргі кезеңде өкімет орындары өзінің табиғатты қорғау саласындағы міндеттерін сапалы әрі пәрменді орындауға бұрынғыдан да бетер мүдделі болып отыр. Биліктің алдына – қоғам мүшелерін табиғат қазыналарын барынша ыждахаттылықпен игеруге бағыттайтын ұтымды жолдарды қарастыру, азаматтардың қоршаған ортаны қорғау мәселесіне барынша жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру, оларға ықпал ету міндеті қойылып отыр.

Қазіргі замандағы әлемдік экологиялық дағдарыс пен алаңдаушылықтың түпкі тамыры – қоршаған ортаға деген тұтынушылық көзқарастың белең алуында жатыр және өзін

табиғаттан тыс сезінуге бейімделіп бара жатқан жас ұрпақтардың экологиялық мәдениетке немқұрайлы қарауымен тікелей байланысты. Мұндай жағымсыз «қасиеттерден» арылту барысында қалыптасқан күрделі жағдайды жоюдың пәрменін арттыруда барлық резервті пайдалану және оның тиімділігін арттыру – бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе болып отыр.

Қазақстандағы өзендерге табиғи су қоймасын жасау науқаны, сонымен қатар экологиялық теңсіздік мәселесі де 1932-1933 жылдары, яғни «бесжылдықта 4 қуатты аудандық Қарағанды, Үлбі, Ленгір, Іле электр станцияларын салу көзделген» кезеңнен, электр қуатын «1, 3 мың киловаттан 110, 7 киловатқа дейін жеткізу» міндеті қойылғаннан басталды. Өйткені, бұл құрылыстарды жүзеге асыру барысында экологиялық қауіпсіздік мәселесі мемлекеттің де, жобалаушылардың да, тұтынушылардың да қаперіне ілінбеген еді. Соның нәтижесінде өзеннің төменгі ағысындағы атыраулар бара-бара қаққа, сортаңға, татырға айнала бастады. Елді мекендер қоныстарын аударды.

ВКП(б) Қазақстан өлкелік сегізінші конференциясында (Алматы, 1934 жылғы 8-16 январь) жер, су мәселесі алғаш рет мемлекеттік шара ретінде қарастырылды. Онда ауыспалы және суармалы егіс, жерді пайдалану, тұрақты егін шаруашылығын қалыптастыру, «Қазақстанның су ресурстарын кең және тиімді пайдалану жөнінде шаралар жүйесін талдап-жасауды» маңызды, ірі шара ретінде белгіленді. «Республикадағы су ресурстарын пайдалану жолындағы күрес – барлық партия ұйымдарының, советтердің және бүкіл колхоздардың маңызды, ірі шаруашылық-саяси міндеті. Мақта мен қант қызылшасын егетін аудандардағы су шаруашылығын дер кезінде ретке келтіру – халық шаруашылығының ерекше маңызды міндеті. Ол үшін мына шараларды дереу ұйымдастырып, жүзеге асыру қажет: а) Салақтық салдарынан тазаланбай қалған барлық су құрылыстарын, каналдар мен су бөлу жүйелерін түзетіп, ретке келтіру; ә) барлық арықтарды дереу аршу, каналдарды, тармақтарды және басқаларды тазалап, ретке келтіру; б) негізгі су жүйелерінің басты құрылыстарын нығайту және Сырдарияның төменгі жағында өзен табанын тереңдету жұмыстарын жүргізу... г) жаңа суару аудандарында, соның ішінде батыс облыстарда бірқатар шараларды жүзеге асыру» міндеті алға қойылды.

Бұл сырттай қарағанда табиғи шикізатты үнемді әрі ұқыпты пайдалануға жетелейтін, ауылшаруашылық мәселесі ретінде көрінге-

німен, сонымен қатар Сырдарияның төменгі ағыстарындағы су табанын тереңдету» арқылы оның атырауының бедері мен Арал теңізінің деңгейінің төмендеуіне әсер ететін алғашқы экологиялық апат «шарасы» еді.

Келешекте республика көлеміндегі аса ауыр экологиялық ахуал қалыптастыратын өнеркәсіп орындары да тура осы екінші бесжылдықта аймақ-аймақ бойынша шоғырлана бастады. ВКП(б) Қазақстан өлкелік сегізінші конференциясында (Алматы, 1934 жылғы 8-16 январь) «Қазақстанның екінші бесжылдықтағы өнеркәсіп саласындағы міндеттерінде»: «... мыс жөніндегі СССР-дің аса ірі кен орындары шоғырланған Қоңырат, Жезқазған, Бозшакөл, Белоусовское және Бұқтырма ... Одақтық қордың 52 проценті болды... Қарағанды іс жүзінде өзінің маңызы жағынан Одақтың үшінші көмір бассейніне айналды... Орал – Ембі бассейнінде мұнайдың мол қоры табылды... Арал теңізінің маңында сусыз сульфат табылды, Ақтөбе мен Қазалыдағы фосфориттің мол қоры... Балқаш мыс комбинаты... Ульба су электр станциясы... Шымкент қорғасын заводы... Алтайдың аса бай қазынасы... Шығыс Қазақстанды өркендету үшін Алтай өнеркәсібін кең дамыту... Ертіс су электр станциясын іске қосу... Қарағанды ГРЭС-і... Ертістің су ресурстарын пайдалану... Бетпақдаланы су-геологиялық және зооботаникалық жағынан зерттеу... Арал ауданының химия өнеркәсібін өркендетуді қамтамасыз ету үшін Арал теңізіне жақын маңдағы және оның солтүстігіндегі аралдардың ауданын түгелдей іздестіру және егжей-тегжейлі барлау жұмыстарын жүргізу... Маңғыстау түбегін және ондағы бар мұнай, марганец, темір, көмір және стронций кен орындарын зерттеу... Мұғаджар тауларының геологиялық және геохимиялық зерттеулерін ұйымдастыру... Онан көмір, никель, асбест, трепел және басқа да іздестіру, барлау жұмыстарын ұйымдастыру... Жоғары Ертісте, Балқашта, Каспий мен Арал теңіздерінде және Орал өзенінде жаңа ыңғайлы флоттар жасау» мәселелері бірінші кезекке қойылды.

Міне, осы аталған аймақтарға өнеркәсіптің тығыз шоғырлануы табиғи түрде экологиялық қауіпті ошақтарға айналды. Өкініштісі, осы қаулылар мен қарарларда қоршаған ортаны қорғау, су көздерін өнеркәсіптік ластанудан қорғау, өндіріс пен қала экологиясы, ауаның тазалығы сияқты адами мәселелер ауызға да ілінген жоқ. Оның есесіне, жоғарыдағы ауыр өнеркәсіптің ауыр жүгін көтеруге тиісті Сырдария, Ер-

тіс, Шу, Талас, Есіл өзендерінің мойнына мақта мен күріш дақылдарын он еселеп өсіре ету, оны сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ Мырзашөл, Талас, Қаратал, Шу электр станциялары мен су қоймаларын салу сияқты «міндеттер» қосымша жүктелді. Сөйтіп, олар өзінің атырауларына ауыр экологиялық салмақ түсіре бастады.

Бұл жылдардағы баспасөз беттерінде табиғат, табиғи ортаны қорғау, өнеркәсіп қалдықтары, судың ластануы, атыраулардағы су деңгейі, кіші өзендердің суалуы, сортаң жер, жер эрозиясы деген сөздер мүлдем ұшыраспайды. Ондай ұсақ мәселелер «пысықтық» пен қарсылық жасау формаларына жатқызылды.

Бесжылдықтан бесжылдыққа бөлініп тас-талған СССР-дің даму жоспары мен Ұлы отан соғысы тұсында амалсыздан Қазақстанға көшірілген қорғаныс заводтары (мысалы, соғыс жылдарында әр 10 октың 9-ы Қазақстанда шығарылды) төндірген экологиялық қауіп жоғарыдағы өнеркәсіп орындары шоғырланған аймақтарда өсе берді. Ал Сырдарияның табиғи мүмкіндігінен тыс оған «мемлекеттік аса зор маңызы бар міндеттердің» жүктелуінің салдарынан Арал теңізі аймағы он бес-жиырма жылдың ішінде әуелі жергілікті, содан кейін республикалық, одан асқынып барып одақтық, ең соңында ЮНЕСКО-ның шешімімен «әлемдік экологиялық апат» аймағына айналды. Каспий теңізі мен Балқаш көлінің ластануы, Шымкент, Жамбыл, Өскемен, Қарағанды сияқты түрлі-түсті металлургия мен химиялық комбинаттар шоғырланған қалалар Кеңес одағындағы, кейбірі әлемдегі ауасы улы ең қауіпті «зонаның» тізіміне ілікті.

Мұндай аса ауқымды экологиялық қауіптің қалыптасуына Кеңес одағының мемлекеттік құрылымында табиғи тепе-теңдікті сақтауды, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық саласындағы өндіргіш күштерді орналастыру мен шоғырландыру барысындағы табиғатты қорғау орындарының біртұтас пәрменді жүйесінің құрылмауында еді. 1948 жылы Табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық ұйым құрылды. Оған КСРО 1953 жылы мүше болып енді. Алайда оның экологиялық шаралар қабылдауға, оның зардаптарының алдын алу мен жоюға, табиғаттың тепе-теңдігін жүйелі түрде зерттеп, реттеп отыруға еш ықпалы болмады. Аса қарқынмен екпіндей жайлаған экологиялық қауіп мемлекеттік мекемелерді де аландата бастады. Соған назар аудару мақсатында 1962 жылы «Қазақ ССР-нің табиғат қорғау заңы» алғаш рет қабылданды. Алайда аса

қуатты күшке ие және республикалардың мүддесімен есептеспейтін одақтық министрліктерге ол заңның пәрмені жүрмеді.

Ақыры бұл мәселенің асқынып бара жатуына байланысты одақтас республикалардағы табиғатты қорғау туралы қабылданған заңдардың негізінде 1972 жылы 20 қыркүйекте СССР Жоғары кеңесінің «Табиғатты қорғауды одан әрі жақсарту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралары туралы қаулысы», 1972 жылы 29 желтоқсанда СОКП ОК мен КСРО Мемлекеттік кеңесінің «Табиғат қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту туралы» директивалық қарары» шықты. Жаңа қалыптасқан экологиялық жағдайға байланысты 1975 жылы «Қазақ ССР-нің табиғатты қорғау заңы» толықтырылып қабылданды. Бұл табиғат байлықтарын мемлекет тарапынан заң жүзінде

қорғауға алуға заңдық негіз қалады. Заңда жерді, жер қойнауын, суды, орманды, шалғынды, көк желектерді, қорықтарды, табиғи парктерді, шипалы жер-су көздерін, жабайы аңдар мен құстарды қорғау жөнінде арнаулы ережелер бекітілді».

Алайда бұл заңдар аса ірі өнеркәсіп орындары мен халық шаруашылығы комплексітері шоғырланған Әмудария мен Сырдария өзендерінің құйылуынан құралған, адам қолымен жасалған апаттың ең үлкені – Арал теңізінің суалуына, Каспий теңізі мен Балқаш көлінің деңгейінің түсуіне, олардың түрлі өнеркәсіптік қалдықтармен ластануына, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің жойылуына, Дегелең, Азғыр, Капустин Яр, Сарышаған сияқты полигондардағы ядролық бомба мен зымырандарды сынауға тосқауыл қоя алмады.

Әдебиеттер

- 1 Байтұрсынов А. Құрметті оқушылар// Қазақ. – 1913, ақпан. №1, 2.
- 2 ЭКСПО 2017 ресми вебсайты // www.expo2017astana.com
- 3 Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері. – Алматы: Қазақстан, 1988. – Т. 1. – 412 б.
- 4 Қазақстан Республикасының Заң актілері мен Қаулы, Қарарлар жинағы.
- 5 Бейсенова Ә.С. Экология – ел тағдыры. – Алматы: Мектеп, 2006. – 208 б.
- 6 Оспанова Г.С., Бозшатаева Г.Т. Экология. – Алматы: Изд. Экономика, 2002. – 405 б.
- 7 Бозтаев К. Семей полигоны. Қайнар қасіреті. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 296 б.
- 8 Карибжанова В.П. Критерии нравственно-экологической воспитанности. – Астана, 1998. – С. 18.
- 9 Карибжанова В.П. Педагогические основы взаимосвязи нравственного и экологического воспитания младших школьников: автореф. док. пед. наук. – Астана, 2001. – С. 47.
- 10 Карибжанова Б. Төменгі сынып оқушыларын экологиялық-рухани тәрбиелеу. – Алматы: Рауан, 1999. – 19-95 б.
- 11 Исламова К.И. Оқыту процесінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру: автореф. пед. ғыл. канд. – Алматы, 2001. – 25 б.
- 12 Рамазанова А. Қазіргі қазақ публицистеріндегі адам мен табиғат қарым-қатынасы: дисс. филол. ғыл. канд. – Алматы, 1993. – 129 б.
- 13 Құрманбаева А.Ә. Арал және Семей экопроблемаларының жазылуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 21-32 б.
- 14 Назарбаев Н. Глобальная энергоэкологическая стратегия устойчивого развития в XXI веке. – Астана-М.: Экономика, 2011. – 368 б.
- 15 Назарбаев Н. Стратегия ресурсосбережения и переход к рынку. – М.: Машиностроение, 1992. – 352 с.

References

- 1 Baytursynov A. Kurmetti okushylar // Kazakh. – 1913, Akpan. №1, 2.
- 2 EXPO 2017 resmi websites // www.expo2017astana.com
- 3 Kazakhstan Kommunistik partiyasy sezderinin, konferentsiyalarynyn zhane plenumdarynyn qararlary men sheshimderi. – Almaty: Kazakhstan, 1988, Vol.1. – 412 b.
- 4 Kazakhstan Respublikasynyn Zan aktileri changed Kauly, Qararlar zhinagy.
- 5 Beisenova A.S. Ecology – el tagdyry. – Almaty: Mektep, 2006. – 208 b.
- 6 Ospanov G.S, Bozshataeva G.T Ecology. – Almaty: Publishing. Economics, 2002. – 405 b.
- 7 Boztaev K. Semey polygony. Kaynar kasireti. – Almaty: Kazakhstan, 1997. – 296 b.
- 8 Karibzhanova V.P. Kriterii нравstxennogo-ecologicheskogo vospitannosti. – Astana: 1998 – 18 b.

- 9 Karibzhanova V.P. Pedagogicheskie osnovy vzaimosvyazi нравstvennogo i ecologicheskogo vospitaniya mladshih shkolnikov. Aftoreferat – Astana, 2001. – S. 47.
- 10 Karibzhanova B. Tөmengi synyp okushylaryn ekologiyalyk-ruhani tarbieleu. – Almaty: Rauan, 1999. – 19-95 b.
- 11 Islamova K.I. Okytu protsesinde okushylardyn ekologiyalyk madenietin kalyptastyru: Abstract. ped.gyl.kand. – Almaty, 2001. – 25 b.
- 12 Ramazanov A. Kazak Modern Pentathlon publitsisterindegi adam changed Tabigat karym-katynasy: diss. Philology. gyl. cand. – Almaty, 1993. – 129 b.
- 13 Kurmanbaeva A.A. Aral zhane Semey ekoproblemalarynyn zhazyluy. – Almaty: Kazakh University, 2004. – B. 21-32.
- 14 Nazarbayev N. 14 Global Energy Strategy for Sustainable Development in the XXI century. – Astana-M.: Economics, 2011. – 368 b.
- 15 Nazarbayev N. resource strategy and the transition to a market economy. – M.: Engineering, 1992. – 352 p.

Білдебекова Ә.Т.
**Азаматтық журналистика:
қалыптасуы мен дамуы**

Мақалада негізінен Қазақстандағы азаматтық журналистиканың қалыптасуы мен дамуы сөз болады. Жалпы, азаматтық журналистика ұғымы нені білдіреді? Оның түп-төркіні қайдан бастау алады? Оның бет алысы, өресі мен өрісі қай деңгейде? Бүгінгі қазақ журналистикасы мінберінде қозғалып жүрген тақырыптардың бірі осы мәселе. Біршама уақыттан бері сөз болып, қоғамға дендей енген азаматтық журналистика төңірегінде пікірлер жетерлік. Алайда ұғымдар біркелкі емес.

Азаматтық журналистика – ақпарат жинауда, есеп беруде, сараптама жасауда және жаңалық таратуда белсенді рөл атқаратын жаңа тенденция.

Жаңа медиа қоғамда журналистиканың жаңа формасын туғызды. Ол құбылыс азаматтық журналистика, интернет-журналистика деген атпен танымал. Сонымен қатар ол тікелей интернет пен жаңа технологиялық мүмкіндіктермен сипатталады. Осы құбылыс жаңа медианың мүмкіндіктерін толық ашып бере алады.

Түйін сөздер: азаматтық журналистика, жаңа медиа, қоғам, ақпарат, интернет журналистика, мақала.

Beldibekova A.T.
**Citizen journalism: formation
and development**

Article discusses the formation and development of citizen journalism in Kazakhstan. What does the concept of «citizen journalism»? What is the cause of its genesis? What heights it has achieved? What life spheres it covers? All these issues are relevant to the modern Kazakh journalism. Citizen journalism has become public, producing many variations of thoughts and ideas. But it has received variety meanings in society.

Citizen journalism is a new trend that plays an active role in collecting information, reporting, analyzing and presenting the news.

The new media have created in society a new form of journalism. This phenomenon is also known as online journalism. At the same time it is characterized as possibilities of new technologies and internet. It gives an opportunity to reveal the possibilities of new media.

Key words: Citizen journalism, new media, online journalism, article.

Бельдибекова А.Т.
**Гражданская журналистика:
формирование и развитие**

В статье рассматриваются формирование и развитие гражданской журналистики в Казахстане. Что означает понятие «гражданская журналистика»? Какова причина ее генезиса? Каких высот она достигла, какие сферы жизни охватывает? Все эти вопросы являются актуальными для современной казахской журналистики. С некоторых пор гражданская журналистика часто обсуждается, порождая множество различных мыслей и идей. Ее понимание в обществе получает самые разные значения.

Гражданская журналистика – это новая тенденция, играющая активную роль в сборе информации, отчетности, проведении анализа и представлении новостей.

Новые медиа породили в обществе новую форму журналистики. Это явление – гражданская журналистика, известно также как интернет-журналистика. Вместе с этим, она характеризуется, прежде всего, возможностями новых технологий и интернета. Такая ситуация способна полностью раскрыть возможности новых медиа.

Ключевые слова: гражданская журналистика, новые медиа, информация, интернет-журналистика, статья.

АЗАМАТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Бүгінгі журналистикада жиі айтылып жүрген проблемалардың бірі азаматтық журналистика. Бұл соңғы уақытта жаңа медиа деген тіркеспен танылған ақпараттық технологиялардың дамуымен байланысты интернет журналистикамен сабақтас ұғым. «Жаңа медиа қоғамда журналистиканың жаңа формасын туғызды. Ол құбылыс азаматтық журналистика, интернет-журналистика деген атпен танымал. Жаңа медиа ақпараттың мәтінге тәуелділігін жойды. Себебі, мультимедиялық, графикалық ақпараттың таралуы мәтіндік жүйенің баламалы тенденциясына айналды» [1] деген жолдардан біз азаматтық журналистиканың түп-төркіні қайдан екенін бағамдаймыз. Жалпы, азаматтық журналистика ұғымы нені білдіреді? Оның түп-төркіні қайдан бастау алады? Оның бет алысы, өресі мен өрісі қай деңгейде? Бүгінгі қазақ журналистикасы мінберінде қозғалып жүрген тақырыптардың бірі осы мәселе. Біршама уақыттан бері сөз болып, қоғамға дендей енген азаматтық журналистика төңірегінде пікірлер жетерлік. Алайда ұғымдар біркелкі емес.

Қайсыбір жылдары беделді басылым болған «Алаш айнасы» газетінде «Білгім келген бір сұрақ» атты тұрақты айдары бар болатын. Сонда бір оқырман тарапынан қойылған «Азаматтық журналистика дегеніміз не?» деген сұрағына «Басқа мамандық иелері айналысатын журналистика осылай деп аталады» деген түсінік берілген.

Азаматтық журналистика – ақпарат жинауда, есеп беруде, сараптама жасауда және жаңалық таратуда белсенді рөл атқаратын жаңа тенденция. Иә, бұл жөнінде бүгінде қоғамда алуан пікірлер бар.

Бұл тақырып бүгінгі оқырман жиі жүгінетін желілік энциклопедия «Википедияда» былайша тұжырымдалған: Азаматтық журналистика – БАҚ арқылы ақпарат таратудың үздіксіз процесін қарқынды етуге көмектеседі. 2003 жылы «Online Journalism Review» атты мақалада Джей Ди Лассика азаматтық журналистикадағы БАҚ-ты осылайша сараптайды:

1) аудиторияның қатысуы (мысалы, интернеттегі мақалаға қосылған оқырманның пікірі, вебкүнделіктер, ұялы телефондардағы камераға түсірілген бейне, аудио файлдар, жергілікті тұрғындардың жаңалықтары);

2) тәуелсіз жаңалықтар мен ақпараттық сайттар;

3) жаңалық жариялайтын сайттардың ғаламтор (интернет) пайдаланушыларды ақпарат жинауға қатыстыру;

4) жеке сайттар [2];

Азаматтық журналистика ұғымын америкалық әріптестеріміз қарапайым тілмен ұғындырады. Мәселен, Нью-Йорктағы университеттің журналистикадан дәріс беруші оқытушысы Джэй Роузеннің айтуынша: «Азаматтық журналистер – бұл біз бұрын аудитория деп атаған адамдар» [3]. Бұл сөздерден бүгінгі бізде қарқынды дамыған блогтарға үңілсек те жетеді. Себебі блогты жүргізетіндердің дені журналистер емес. Демек, оқырман немесе интернет тұтынушылардың өзі қызықтайтын немесе зерттейтін салада материалдарын жариялап, виртуалды кеңістікте белсенді өмір сүретін азаматтар. Олар қоғамға блогшы деген атпен танылып, блогерлер қауымдастығы пайда болды. Ресми қауымдастығы құрылып, жыл сайын Блог Құрылтайлар өтіп келеді.

«Азаматтық журналистер – бұл біз бұрын аудитория атаған адамдар» дегеннен туындайды. Профессор Қ. Шамақайұлы өз еңбектерінің бірінде былай деп көрсеткен: «Кеңес жүйесінде баспасөздің бұқаралық негізін нығайту мақсатында азаматтық журналистиканы дамытты. Оның атауы мен формасы басқаша болғанымен мазмұнында алабөтендік жоқ еді» [4]. Профессордың осы пікірін қазық ете отырып, тағы бір әріптесіміз Т. Жауырұлы: Айтсын-айтпасын, әуел-бастағы дағдылы атауы бұқаралық журналистика немесе редакциялардың бұқаралық-ұйымдастыру жұмысы дегеніміздің өзі де осы емес пе? Әлі де негізгі мазмұн-сипаты сол, түп-тамырымен өзгеріп кеткен ештеңесі жоқ. Демек, мерзімді басылымдарға да, телерадио бағдарламаларына да ортақ қатысы бар атау деген сөз. Әңгіме, сайып келгенде, әлгіндей тұжырымның қалай аталуында да болмас. Әңгіме ақпарат құралдарының бұқаралық негіздеріне деген түсінік-көзқараста болса керек-ті, – деп жазды [5]. Әріптесіміз соңғы «Азаматтық журналистика: өресі мен өрісі» атты мақаласында азаматтық журналистика құбылысын бұрынғы кеңес дәуіріндегі бұқаралық журналистикамен сабақтастырады. Сол тұстардағы қоғамдық тілшілер, «штаттан тыс тілшілер қосыны» жұмыстарын еске түсіреді. Расында өз кезеңінде бұқаралық журналистика аталған бұл формалар да ықпалды болды. Әсіресе, ол кезде хат бөлімдері аудиториямен

байланысты нығайтып, бұқараны жұмылдыра білді. Бұқаралық журналистиканың тиімді бір тәсілі редакцияның өз бастамасы бойынша лауазым иелерімен қабылдау өткізуі бүгіндегі көп басылымдарда, сайттарда жарияланып отырған «Интернет конференцияға» көбірек келетіні рас. (Бір кездегі «Лениншіл жас» газетінің» сұхбат-телефондарымен жарияланатын материалдарды атасақ та болады). Сол кездегі тәжірибе бойынша өзекті тақырыптарға жұртшылықтың жан-жақты үн қосуын, қолдауын туғызып, үлкен талқылауға ұластыруы бүгіндегі сайттардағы қызу талқыланып жатқан интернет-форумдарға ұқсатуға болады.

Азаматтық журналистиканы зерттеушілеріміз әр қалай ұғындырады.

XXI ғасырда ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы нәтижесінде, интернет әлемдік сипатқа ие болып, заманымыздың бүкіл болмысын айқындайтын ортақ құндылыққа айналды. Интернет қоғамдық өмірдің күллі саласына дендеп еніп, тіршіліктің ажырамас бөлігіндей болып қалыптасуда. Ол саясат пен экономика, әлеумет, мәдениет, өнер, тіпті, адам баласының күнделікті тұрмыс-тіршілігі де әлемдік тормен тығыз байланысып, біте қайнасып кеткендей. Әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына ғаламат әсер етіп, трансформацияланып оны жаңа сатыға көтерді. Ғаламтор ақпарат ағынының тиегін ағытты, әлемдік ақпараттық кеңістікті қалыптастырып, шеңберін кеңейтті. Коммуникацияның жеделдігіне мүмкіндік беріп, интреактивтік коммуникацияға жол ашып, аудиторияның белсенділігін арттыратын журналистиканың тың саласы – жаңа медианы жасады.

Жаңа медиа қоғамда журналистиканың жаңа формасын туғызды. Ол құбылыс азаматтық журналистика, интернет-журналистика деген атпен танымал. Сонымен қатар ол тікелей интернет пен жаңа технологиялық мүмкіндіктермен сипатталады. Осы құбылыс жаңа медианың мүмкіндіктерін толық ашып бере алады.

Жаңа медиа ақпараттың мәтінге тәуелділігін жойды. Себебі, мультимедиялық, графикалық ақпараттың таралуы мәтіндік жүйенің баламалы тенденциясына айналды. Түсінікті де қысқа гипермәтіндер, радиотелевизия және баспасөз мұрағаттың қолжетімділігі, іздеу жүйесінің ыңғайлылығы, интерфейстің тартымдылығы бұқаралық ақпарат құралдарын ыңғайлы ете түсті. Жаңа медиа қоғамдағы демократиялық үдерістердің дамуына оң үлес қосуда. Азаматтық үн қатысуды, қоғамдық пікірдің маңызын арттыруда. Цензураның құрсауын белгілі бір ме-

жеге дейін жойды. Интернет БАҚ-тардағы аудиториямен байланыстың оңтайлы әдістерінің болуы ақпарат тұтынушыларының сөз еркіндігіне, пікір бостандығына мүмкіндік берді. Аудиториямен тығыз қарым-қатынас орнату ісі: оларды медиа ісіне тарту, қоғамдық мәселелерді талқылауға қатыстыру жаңа медианың әлеуметтік маңызын арттыра түсті. Белгілі бір деңгейде азаматтық журналистиканың оң қадамдарын, игі көріністерін қалыптастыруда. Зер сала қарап отырсақ, бүгінде республикалық, облыстық БАҚ барлығында дерлік веб-сайт, портал, жекелеген журналистік блогтар мен форумдар, рейтинг-сауалнамалар тіпті әлеуметтік желілері де бар. Соңғы уақыттары тіпті аудандық газеттердің өздері де сайттарын, электронды нұсқаларын шығара бастады. (Бұл ретте БАҚ.кз порталының тәжірибесін мысал ретінде алсақ та жеткілікті). Бұл дегеніміз нені байқатады? Бұл дәстүрлі БАҚ-тың өзі жаңа медиа арқылы ақпарат нарығына шығып отыр дегенді білдіреді. Аудитория үшін бәсекелестікте еліміздегі барлық БАҚ-тар интернеттің мүмкіндігін, артықшылығын айқын сезініп, ғаламторға иек артуда [6].

Интернетті жаппай пайдалану қоғамдық өмірдің барлық деңгейіне әсер етуде және бұл тенденциядан халықты ақпараттандыру саласы да тыс қалмады. Осы күнге дейін аталмыш миссияны журналистер атқарып келсе, бүгінгі күні бұл жұмысқа блогерлер деген жаңа қауымдастық қосылды. Байқасаңыз, блогерлердің танымалдығы күннен күнге артуда: блогерлерге арналған конкурстар, әкімдердің блогерлермен кездесуі, әуе компаниялардың әлемдік блогтурлар ұйымдастыруы және т.б. Олардың танымалдығымен қатар ықпалы да артуда. Блогерлер көтерген мәселелер жұрт назарын аударып, тиісті шешім қабылдауға итермелеген жағдайлар жиі кездеседі. Осының арқасында блогерлерді азаматтық журналистика өкілдері деп атайтындар көбейді. Осы орайда бүгінгі қоғамда белсенді позиция танытып, қоғамдық ой-санаға ықпал етуші блогерлер туралы да тоқталуға болады. Жалпы журналист пен блогердің айырмасы неде деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа былайша жауап берген болар едік:

Журналист – мақаласы мен сюжеті үшін жалақы алатын адам. Блогер – ол өз блогында дербес пікір білдіретін азамат. Журналистке қарағанда блогерде еркіндік көп және шектеу аз. Журналист редакцияның саясаты аясында жұмыс істейді. Блогер ешқандай графикке бағынбайды, ол өз материалын дайын бола сала жылдам түрде кез келген уақытта шығара алады

It would be possible to call this period formally the time of «*public relations managers*» who are given responsibility for implementation and planning of separate projects. Distinctive feature: emergence of consulting PR firms and numerous trainings, both on creation of effective communications, and in nearby spheres, including as a mutually beneficial way to impart new, favorable acquired experience. There is a tendency of opening PR specialists training offices at universities so as to the market there is coming a long-awaited understanding of insufficiency of separate, uncoordinated knowledge in the sphere of journalism or economy for creation of effective business communications.



The third period (the 2000s – current) – is the time when public relations experts appear in boards of directors, take positions of deputy directors and presidents of various levels. There are frequent positions of *heads* on public relations, heads on strategic communications, heads on work with clients, etc., in submission of which there appear at once several departments. The main feature is the understanding of a strategic importance of PR; public relations experts make or participate in formation of plans of companies' future development, responsible for an exit from crisis situations, do the analysis and perspective business plans. Managers from PR participate and organize negotiations with major clients, prepare base for company business connections. This is the time when PR experts are already ranked as the **top management**.

Asel Karaulova, the President of Kazakhstan Press Club, on this occasion once said «A status of PR managers in companies is growing up. At the same time, actively developing the so-called humanitarian technologies: create charitable funds, actively growing a theme of social responsibility of business. In 9% of the companies, these functions are performed

already by directors of marketing, managing directors or managers of development» [5].

The main distinctive feature of this period is the approach of the end of «journalists' era» in structures of public relations. During employment, there is already required a separate diploma about the completion of education with specialization in the sphere of public relations assuming as existence of knowledge of basic principles of work with mass communications, and bases of marketing and psychology of work with the client. In its turn, there are cases when PR specialists are given responsibility for general marketing. In the environment the media has an understanding that the press from the concept of mass media gradually has to pass to the concept of Quality Management System. During this period there are especially popular new, «nonconventional» methods of public relations: actions of promotion, flashmobs, direct-mail, formation of client communities, additional service offers ... The purpose becomes more increasing to hold the consumer, to overpersuade in decision-making, to influence upon invisible threads of its consciousness and subconsciousness. «After 2003,» – according to the Asel Karaulova – «in Kazakhstan for the first time began to develop the market of financial communications, which was closed and did not clear up to this time» / 5 /. It is significant – emergence and mass application of social networks, sites traps, especially valuable and demanded are SEO managers, and at least initial knowledge of SMM management from PR expert is already demanded.

Of course, this «chronology» does not apply for complete coverage of a question, and moreover, is based on personal observations only of the part of domestic, Kazakhstani market. Especially, as it was stated above, the process was never even and progressing. So, if the state of the majority of the companies of the southern capital also falls under such description, then the regions can be more often described with characteristics of the second and even third period. And Almaty management also differs as well as the level of the preparation, and the level of being kept informed of the problem. In the environment of city business it is possible to meet the companies which moved to the strategic PR level, at the same time peacefully adjoining to firms where PR experts are still limited to secretarial «powers», i.e. the first level. As if coming back to initial supervision anew, we compel to claim that the considerable part of managers and managers of various levels, of course, mostly it is the level of small and medium business, but there

are also other examples, possess very and very superficial knowledge about PR, reaching in their current activity up to primitive experimenting and copying.

Today the situation with activity in public relations has changed a little, and the reason for that is the same notorious crisis. Heads are compelled to cut down expenses, and PR staff also falls under «economy». As a result, at best, specialists in public relations are given additional, inappropriate to their profile, a duty, in the worst – obligations for public relations are shifted to officials as it was specified, having very approximate, frequent even foggy ideas about this sphere (for example, people having at least the approximate knowledge in the field of Internetsurfing become responsible for site contents and social networks). However, the same last ones consider (of course under the influence of the same fashionable trends thrown from mass media and cinema) that they possess all necessary for effective and effective execution of this role. It is good if the management perceives it quite so, and speci-

fied ones really possess natural data for this purpose. And what is if not ...

One of those 500 definitions of public relations is the concept of PR as «strategic communications». Not only reputation, image of the company depends on the correct creation of such communication streams (in that and other direction). The modern market differs with incomparable mobility and variability, a rigid competitive component, requirements of adequate and effective response to calls than before. In such understanding public relations already appears to us as strategy and tactics of professional analysis, guessing and response to external influences of the environment. The main indicator and the main means of work in such environment are communication and information streams (which in its turn also change day by day). And the success of creation of all effective business atmospheres, providing conditions and opportunities for the present and future of the company, whether it is a firm or a state institution depends on formation accuracy already of these streams.

References

- 1 Black Sam, Introduction to Public Relations – M.: Modino-Press, 1989. – P. 15.
- 2 Shedenov U.K., Romanov A.S. Formation of advertising modern market in the Republic of Kazakhstan.// «Economy of Kazakhstan». – No.1. – 1997.
- 3 Wojtasik L., The psychology of political propaganda. – M.: Progress, 1981.
- 4 Pheophanov O.A., USA: advertising and society. – M.: Mysl', 1974.
- 5 <http://pgc.kz/2012/08/13/vzglyad-na-kazaxstanskij-pr-rynok>

3-бөлім
ЗАМАНСӨЗ ЖӘНЕ КӨРКЕМСӨЗ

Раздел 3
**ПУБЛИЦИСТИКА
И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ СЛОВА**

Section 3
**JOURNALISM AND ARTISTIC
EXPRESSION**

Медеубекұлы С.
**Шешенсөз және шешендік сөз
мағыналары туралы**

Medeubekuly S.
**Oral journalism and about the
meaning of the oratory word**

Медеубекұлы С.
**Устная публицистика и об
смысле ораторского слова**

Бұл мақалада автор шешенсөз бен шешендік сөз мағыналарының ерекшеліктерін ғылыми әдіспен салыстырады. Шешенсөзді (ауызша публицистика) ұлттың бастапқы өнері ретінде қарастырады.

Түйін сөздер: ауызша публицистика, шешенсөз, бастапқы өнер.

By comparing the differences of oral journalism with oratory and oratorical art of the word, he shares the scientific method of their identity. Defines oral journalism as the original art of a nation.

Key words: oral journalism, public speaking a word, original art.

Автор, сопоставляя различия устной публицистики и ораторского искусства и ораторского слова, разделяет научным методом их своеобразие. Определяет шешенсөз (устную публицистику) как самобытное искусство нации.

Ключевые слова: устная публицистика, ораторское слово, самобытное искусство.

ШЕШЕНСӨЗ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Шешенсөз туралы сөз қозғала бастаса-ақ санаға бірден шешендік өнер мен шешендік сөз орала кетеді. Осылардың аражігін ажыратып алу керек секілді әуелі. Өйткені кейбір зерттеушілер әу баста Ахмет Байтұрсынов айқындап кеткен шешенсөзді (1) өз мағынасында қолданбай, «шешендік сөз» деп ұғатынын байқаймыз. Мысалы, «Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер» деген еңбекте: «... шешендік өнер мен шешен сөз (астын сызған біз – С.М.) бір бірімен тығыз байланыста болғанымен, екеуі екі басқа түсінік атаулары. Шешендік өнер деген ең алдымен актінің, іс-әрекет ұғымының атауы, яғни шешен сөйлеу дегенді білдіреді, ол әлеуметтік қызмет атқарады. Ал шешендік сөз (астын сызған біз – С.М.) – сол шешендік өнерде қолданылатын материал, яғни шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі», – деген пікір бар (2). Алдымен мұндағы «шешендік өнер мен шешен сөз бір бірімен тығыз байланыста» деген тіркес астарында айтылған ойға назар аударамыз. Байқаусызда «шешендік сөз» дегеннің орнына «шешен сөз» деп жазылып кетті ме дейін десек, әрі қарай «шешендік сөздер мазмұны мен түрі жағынан біркелкі емес» дей келе өзіне дейінгі ғалымдардың шешендік сөздерді түрге, топқа қалай бөлгенін тізбектейді. Сол тізбектің басында былай дейді:

«А. Байтұрсынұлы шешендік сөздерді алтыға бөліп саралаған:

1. Саясат шешен сөз.
2. Билік (соттағы) шешен сөз.
3. Қошемет шешен сөз.
4. Ділімәр шешен сөз.
5. Діндәрлар сөзі
6. Көсем сөз» (3)

Қатардағы асығыс жазылған мақалалардың бірі болса, «көш жүре түзеледі» деп, «жауырды жаба тоқып» қоя салуға болар еді, бірақ бұл жәй мақала емес, тасқа басылған кітап, жәй кітап емес, жастарға білім үйрететін, оқытатын, әдістемелік құрал. Ендеше елемеуге, ескермеуге болмайтын нәрсе. Өйткені, А.Байтұрсынұлының аты аталған жерде бүкіл бір ұлттың рухани мұрасы ұрпақ санасына оралады. Сол рухани мұра туралы айтылған асыл ойлары кейінгі ұрпақ тарапынан дұрыс түсінілмей немесе түсіндірілмей жатса, оны көре тұра көз-

жұмбаилыққа салсақ, ақиқаттың алдында адал болмағанымыз. А.Байтұрсынұлының «шешен сөз» деп отырғаны шешендік сөз, яғни «ораторское слово» емес, ауызша публицистика, яғни өз сөзімен айтсақ, «әлеуметке дегенін істету үшін (ауызша) айтылған сөз». Ал шешендік сөздің бәрі әлеуметке дегенін істете бермейтіні кәміл. Ахаң шешенсөзді (шешендік сөзді емес – С.М.) алтыға емес: а) *саясат шешенсөзі*; ә) *билік шешенсөзі*; б) *қошемет шешенсөзі*; в) *білім шешенсөзі*; ж) *уағыз* деп беске ғана бөледі. Және бұл жіктелісте жоғырыдағы ғалым қосқан «ділмәр шешенсөз», «діндәрлар сөзі», «көсем сөз» дегендер жоқ. Көсемсөз деп ол кісі жазба публицистиканы айтқан. Анықтамасын былай береді: «Көсем сөз шешенсөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатымен (жазу арқылы) шығарылатын сөз».

Рас, Алаш ардақтысы, ұлт көсемі Аханның сөздік қорында «ділмәр» және «діндәр» деген сөздер бар. Бірақ ол кісі бұл аталымдарды шешенсөзге емес, жазба әдебиетті дәуір-дәуірге бөлгенде қолданады: «Сөйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: 1. Діндәр дәуір, 2. Ділмәр дәуір. Діндәр – діншіл деген мағынада, ділмәр – тілшен деген мағынадағы сөздер» (4). Сондай-ақ, жоғарыда аталған әдістемелік құрал авторы «шешендік» (ораторство) пен «шешендік сөзді» (ораторское слово) бір мағынада қолданады: «Р. Сыздықова ...1998 жылы шыққан «Қазақ тілі» энциклопедиясында казіргі заманғы шешендік сөздерді мазмұнына қарай беске бөледі де, бесінші қылып діни қызметтегі шешендікті көрсетеді.

1. Әлеуметтік-саяси тақырыптағы (шешендік – С.М.).

2. Академиялық шешендік.

3. Сот ісіндегі шешендік.

4. Әлеуметтік тұрмыстағы (шешендік – С.М.).

5. Діни қызметтегі шешендік (5).

Тегінде «шешендік», «шешендік өнер», «шешендік сөз» және «шешенсөз» – тамыры бір болғанымен діні бөлек ұғымдар.

Шешендік деп шешенге тән қасиеттер мен ым-ишаралардың және ой айту машықтары мен сөзді жеткізу шеберліктері жиынтығының сапалық көрсеткішін айтамыз. Біздің ойымызша, Р. Сыздық осы сапалық көрсеткіштерді мазмұндық және қызметтік белгілеріне қарап жіктеген.

Шешендік сөз – тар мағынасында шешендердің тауып айтқан, ұтымды да өтімді жеткізген айтыны. Ол – шешеннің өзіне ғана тән мәнерде айтылған бір немесе бірнеше *сөйлем*, болмаса *тақпақтық нұсқа*, *термелік үлгі* немесе З.Ахметов айқындағандай *түйдек* (6), әйтпе-

се Р. Сыздық анықтағандай, бір *шоғыр* (7). Ал кең мағынасында барлық шешендердің соңына қалдырған осындай сөз мұрасының жиынтық атауы. Шешендік сөздің табиғатын анығырақ тану үшін Б. Адамбаевтың пікіріне көз жүгіртіп көрелік:

«Шешендік сөздер, көбінесе түсінік сөзбен басталады. Түсінік сөзде шешендік сөздің нендей мәселемен байланысты, қандай жағдайда туғандығы және кім айтқандығы баяндалады. Түсінік сөздің көркем болуы шарт емес, тек ықшамды әрі түсінікті болуы шарт. Сондықтан да шешендік сөз құрамының бұл бөлімін айтушы ықтиярынша өзінің мүддесі мен мақсатына қарай өзгертіп, уақиғасын алмастырып, айтушысын ауыстырып жіберуге мүмкіндігі бар. Бір текстің бірнеше «авторлы» болуының бір себебі осыдан. Түсінік сөздің өзі көркем болғанымен шешендік сөздің мағынасы мен көркемдік маңызын ұғыну үшін мәні зор.

Әдетте, шешендік сөз түсініктен кейін немесе сонымен аралас айтылады. Шешендік сөздің тілі көркем, мағынасы терең болумен бірге сөздері сұрыпталған, сөйлемдері қалыптасқан болып келеді. Бірен-саран өзгерістер енгізу болмаса, тұп нұсқаға түбегейлі өзгеріс жасау ақын, шешен емес, кез келген кісінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, түсінік сөздей емес, шешендік сөз әлдеқайда тұрақты келеді.

... қазақ шешендік сөздері қиыннан қиысатын, өзіндік орны, көркемдік ерекшелігі бар халық ауыз әдебиетінің дербес, әрі бағалы жанры болып табылады» (8).

Ал шешендік өнер деп жер, ел, адам тағдыры талқыға түскенде орын алған жағдайға елден бұрын дәл баға беру арқылы ұшқыр ой, өткір тілмен топ алдында, алқалы жиында табан астында жауап беру әдіс-тәсілдерінің жылдар, ғасырлар бойы халық сынынан, тарих талқысынан өткен, дәстүрге ұласқан көркем жиынтығын айтамыз.

«Шешендік өнер көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйренуді тілейтін, талай тартысқа түсіп жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топта тайсалмай сөз басталатын батыл, сөз сайысында сабырлы болу шарт» (9).

Шешендік өнер – өнер атаулының ең қиыны. Ақынға, әншіге аузынан шыққан әнін немесе өлеңін келесі жолы қайта түзетіп айтуына мүмкіндік бар. Ал шешен аузынан шыққан сөзін екінші жерде қайталап айтса, онда оның шешен болмағаны. Шешеннің сөзі өз аузынан екінші рет қайталанбайды. Қайталануы үшін сол сөз

шыққандағыдай жағдаят (ситуация) керек, дәл сондай орта қажет, дәл сондай психологиялық ахуал болуы тиіс. Ондай мүмкіндік шешенге берілмеген. Сондықтан да шешен үнемі жаңа жағдайға енуіне, тез қабылдап, дұрыс түсінуіне және дәл бағалауына тура келеді. Және ең бастысы – ұтымды жауап, орынды шешім, парасатты кесім айта білуі қажет. Осындай сан сыннан сүрінбей өтіп, ел көңілінен шыққан ділмарлар, сұңғыла айтқыштар ғана шешен ретінде мойындалған. Мойындалған шешеннің де ішкі дайындығы орасан болмаса, кездескен дау-жарда қарсыласын жеңіп шығуы қиынға түседі. Сондықтан да:

Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сөз бастау қиын,
Шешуін адам таппас дау бар, –

деген тәмсіл қалған ел аузында.

Ал енді «шешенсөз» дегеніміз – бұған дейін анықталғанындай, қоғамдық сананы ояту арқылы елді бір мақсатқа, ортақ игі мұраттарға бастауға, жұмылдыруға, шешілуі қиын мәселелерді шешу жолдарын көрсетуге арналған әр түрлі мазмұнда, әр түрлі пішінде, сан алуан әдіс-тәсілдермен алқа топтың алдында айтылған айтындар жиынтығы. Солардың қатарына шешендік сөз де кіреді.

Жоғарыда тілге тиек етілген бір ғана мысалдан байқағанымыз – біз әлі шешенсөздің шын мәніндегі табиғатын танып, түсініп болған жоқ екенбіз. Оны толық түсіну үшін бір еңбек аздық етеді. Бұған жылдар бойы зерттеулер жүргізу нәтижесінде жетуге болады. Біз қоғамдық пікірді ауызша айту арқылы әлеуметке дегенін істету үдерісінен өткен, барлық халықтарда бар ауызша публицистиканы, яғни шешенсөзді анықтап, айқындап алу ізденісінде тұрмыз. Мұнда ұстанар басты бағыт – ең әуелі ұлтымыздың төлтума мәдениетінің болмысын негізгі нысан ете отырып, соның табиғатын тануға тырысамыз, соның ғасырлар бойы қалыптасу жолынан өтіп, өзіне ғана тән ерекшелік ретінде тұрақталған және менмұндалап тұратын, өзгелерге ұқсамайтын сипаттарын екшеп алу арқылы ғылыми анықтама, айқындама, тұжырым, қорытындылар жасауға талпынамыз. Осы жерде ғалым А. Сейдімбектің мына пікірлері біздің осы зерттеудегі ұстанымымызға сәйкес келіп тұрғандай: «Жалпыадамзаттық деген ұғымның аясы белгілі бір ұлттық қасиетті анықтауыш етпейді. Ал интерұлттық деген ұғым болса, кері-

сінше ұлттық қасиеттерді қаперге алғанда ғана белгілі мән-мағынаға ие болады. Ұлттық төлтумалыққа шәк келтірген немесе ұлттық төлтумалықты қаперге ілмеген интерұлттық деген ұғым өзінен-өзі антиұлттық (антинациональ-ный) болып шығады...

Көшпелілердің төлтума (самобытный) мәдениеті өмір шындығын өзіндік талғам-таныммен игерді, өмір құбылыстарын өзіндік тілмен жорыды, сол жолда өзіндік әдістер мен тәсілдерді, қалыптар (форма) мен түрлерді дүниеге әкелді, сөйтіп алапат-асқақ идеяларды адам өмірінің ең биік мұраттары ретінде ұсына білді...

Нағыз мәдениет, әсіресе рухани мәдениет тек қана ұлттық-этникалық төлтумалықта көрініс табады және сол төлтума қасиетін тұғыр ете отырып қана дамып, шындалады» (10). Көшпелілердің төлтума мәдениетінің озық үлгісінің бірі – шешенсөз өнері. Шешенсөз өнері тек көшпелілерде ғана айырықша дамиды. Өйткені, оның өмір сүру қалыбы басқа, өмірді тану мүмкіндігі де өзгеше. Өзі туып, тіршілік етіп жатқан табиғат-анамен етене жүріп тіл табысқан, әр сәті қайталанбас құбылыс болған соң сол көргені мен көкейіне түйгенін айналасына тек шешенсөз арқылы жеткізді, *(жазу машығы екінің бірінде болған жоқ, ал айту машығы – ананың сүтімен дарып, сүйекке біткен, екінің бірінің бойында бар қабілет)* сол жеткізу амалдары бұл өнердің де сан алуан әдіс-тәсілдері мен қалыптарын дүниеге әкелді. Және қоғамда орын алған көпке ортақ мәселелер туралы әр айту қажеттілігі ылғи да жаңа мазмұн мен пішін тудырып отырды. Ылғи да жаңа жағдайға байланысты ой айту қажеттілігі оның санасының алға жылжуына ерекше ықпал етті. Алға жылжыған сана шешенсөз өнерінің де дамуына өзіндік әсерін тигізіп отырды. Өзіндік сипат, төлтума қасиеттер қалыптастырды. Қазақ халқының шешенсөз өнері оның төлтума мәдениетінің ең басты тұғырының бірі болды. Қазақ ұлтының осы өнері арқылы да өзгелерден айырықша ерекшеленіп тұратыны сондықтан. Жоғарыда айтылған пікірлерді орыстың әйгілі ғалымының мына ғылыми тұжырымдары да растайды: «Барша халықтарға бірдей ортақ жалпы адамзаттық мәдениеттің болуы мүмкін емес, себебі, этнос атаулы өздерін уақыт пен кеңістік аясында қалыптастырған әр түрлі ландшафты тұрақ етеді және осыған орай бастан кешкен тарихтары да әр түрлі. Әрбір этнос мәдениетінің өз ерекшеліктері бар және адамзат баласының осынау алашабырлығы олардың дербес түр ретінде өмір сүруге икемділігін танытады» (11). Л.Н. Гумилевтің бұл пікірімен ұлттық тип туралы ағылшын Дж.В. Дрэпер мынадай тұжырымдамасы

астасып жатыр: «Ұлттық типті әлдекім біржолата белгілеп берген деп ойлаудың мүлде қисыны жоқ, ал оның қасиет қалыбының тұрақты болып келетін себебі – өзін қоршаған ортаға, өзіне ықпал ететін ортаға әлдеқашан бейімделіп болғандығының нәтижесі» (12).

Демек, қазақ деген ұлттың өзіндік болмысы өзін қоршаған ұлы даланың болмысымен бітеқайнаса қалыптасып, бейімделіп болған. Ендеше, оның шешенсөз өнері де өзі өмір сүрген ортада туып, қалыптасып, жетіліп, бүгінгі күнге жеткен.

Әдебиеттер

- 1 Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 2 Қалимұқашева Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2010. 20-б.
- 3 Сонда. 23-б.
- 4 Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. 263-б.
- 5 Қалимұқашева Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2010. 23-б.
- 6 Ахметов З. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы, 2006.
- 7 Сыздық Рәбиға. Қазақ тілінің анықтағышы. – Алматы, 2005.
- 8 Адамбаев Б. Шешендік өнер сипаты. Кіт.: Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. 130-131 б.
- 9 Сонда. 131-б.
- 10 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері: монография. – Астана: Күлтегін, 2002. 11-13-б.
- 11 Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии. – М., 1993. – С.39.
- 12 Дж.В. Дрэпер. История умственного развития Европы. – Киев-Харьков, 1996. – С. 8.

References

- 1 Ahmet Bajtursynov. Shygarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1989.
- 2 Kalimukasheva B. Sojleu madenieti zhane sheshendik oner: oku-adistemelik kural. – Astana: Foliant, 2010. 20-b.
- 3 Sonda. 23-b.
- 4 Ahmet Bajtursynov. Shygarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1989. 263-b.
- 5 Kalimukasheva B. Sojleu madenieti zhane sheshendik oner: oku-adistemelik kural. – Astana: Foliant, 2010. 23-b.
- 6 Ahmetov Z. Adebiettanu. Terminder sozdigi. – Almaty, 2006.
- 7 Syzdyk Rabiga. Kazak tilinin anyktagyshy. – Almaty, 2005.
- 8 Adambaev B. Sheshendik oner sipaty. Kit.: Fol'klor shyndygy. – Almaty: Gylym, 1990. 130-131 b.
- 9 Sonda. 131-b.
- 10 Sejdimbek A. Kazaktyn kui oneri: monografija. – Astana: Kultegin, 2002. 11-13-b.
- 11 Gumilev L.N. Ritmy Evrazii. – M., 1993. – S.39.
- 12 Dzh.V. Drjeper. Istoriya umstvennogo razvitija Evropy. – Kiev-Har'kov, 1996. – S. 8.

Жұматай А., Камзин К.

Эссе жанрының талғамы мен табиғаты

Эссе – қазақ журналистика шығармашылығында қаламгерлік шеберлік пен еркін ой ағымын, білім логистикасын танытатын жанрлық мәтіндердің бірі. Эссенің шұрайлы тілі, оқырманға эстетикалық, көркемдік тұрғыдан ой салып, ақыл-ой парасатын көтеретін, қаламгердің индивид көзқарасын жария ететін көсемсөздің бір түрі. Талғампаз әрі кірпияз бұл жанр бүгінгі қазақ баспасөзінде жиі жарияланып тұрады. «Эссе» сөзі латынның «exagium» – «өлшеу» сөзінен шыққан, ал француз тіліндегі «essai» сөзі «тәжірибе» «әрекет», «нобай», «сынақ» деп аударылады. Ал Д.Н. Ушаковтың редакциялауымен жарық көрген «Орыс тілінің түсіндірме сөздігі» атты төрт томдық еңбекте «эссеист» сөзіне «француз тілінен аударғанда *essai* – әдеби очерк, тура аудармасы тәжірибе. Очеркист секілді» деген түсіндірме берілген. Ал эссе жанрының қалыптасу тарихына тоқталар болсақ, «эссе» сөзі латынның «exagium» – «өлшеу» сөзінен шыққан, ал француз тіліндегі «essai» сөзі «тәжірибе» «әрекет», «нобай», «сынақ» деп аударылған. Бұл мақалада «Эссе деген не?» деген сауалға жауап іздеп, эссе жанрының ғылыми анықтамасын, шынайы болмыс-бітімін ғылыми тұжырымдауға ден қояды.

Түйін сөздер: эссе, логистика, ой, контент, композиция, пішін, жанр, образ, тәжірибе, әрекет, эссеист.

Jumatay A., Kamzin K.
The essay genre Features

Essay is one of the genres that reveal writer's skill the free flow of ideas and educational logistics in the works of Kazakh journalism. Fruitful language of the essay awakens the aesthetic and artistic images in the mind of the reader. This is a type of journalism that enhances the conscious sanity and that transmits the personal opinion of the writer. This demanding and discerning genre today is often published in the Kazakh press. Furthermore, this article calls to pay attention to the scientific formulation of essence, scientific definition of the essay genre.

Key words: essay, logistic, idea, content, composition, form, genre, character, practice, action, essayist.

Жұматай А., Камзин К.
**Особенности характера
жанра эссе**

Эссе – жанр, раскрывающий писательское мастерство и свободное течение мысли, образовательную логику казахской журналистики. Плодотворный язык эссе пробуждает у читателя эстетические, художественные образы. Это один из видов публицистики, повышающий сознательное здравомыслие, передающий индивидуальный взгляд писателя. Этот требовательный и разборчивый жанр сегодня часто публикуется в казахской печати. Авторы призывают к поискам ответа на вопрос «Что такое эссе?», обращают внимание на научную формулировку сущности и определение жанра эссе.

Ключевые слова: эссе, логистика, мысль, контент, композиция, форма, жанр, образ, практика, действие, эссеист.

ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ТАЛҒАМЫ МЕН ТАБИҒАТЫ

Қазақ журналистика шығармашылығында қаламгерлік шеберлік пен еркін ой ағымын, білім логистикасын танытатын жанрлық мәтіндердің бірі – эссе. Тілі ажарлы, оқырманның эстетикалық, көркемдік, философиялық талғамын барынша ескере алатын индивид көзқарасын жария етер көсемсөздің бұл түрі – бүгінгі қазақ баспасөзінде жиі көрініс беріп жүр. Жаратылыс дүниесіндегі резонанстарға, әлеумет өміріндегі аумалы-төкпелі жағдайларға орай оның ой елегінен өткізу тәсілі де өзгеріске ұшырап, әуелгі кейбір формалық сипатынан ауытқып, мән-мазмұны әмбебаптыққа қол соза бастады. Бұл қазақ баспасөзі кеңістігінде эссе жазу шеберлігіне қатысты ізденістен, өзіндік жол табу мүмкіндігінен хабар берсе керек. Сондықтан да аталған жанрдың биік өресін ғылыми тұрғыдан саралау – бүгінгі жас ғалымдардың назар аударып, дендей зерттеуге тиісті тақырыптарының бірі.

Біздіңше, эссе пішіндерін зерттеуші жас ғалымдар ұлттық эссе жанрының алтын дәуірін зерделеп, жан-жақты талдап, ұлттық эссеистиканың өзіндік болмыс-бітімін тереңнен тартуы тиіс. Ең алдымен эссе табиғатына, эссе жанрының көтерер жүгі мен өзге жанрлардан өзгешелендіретін өзіне тән қасиеттеріне тоқталуға міндетті. Олай дейтініміз, эсеге қатысты теориялық байламдардың әлі де бір ізге түспей жатқаны, қолда бар ғылыми қисынның әлсіздігі байқалады. Бұл аталған жанрдың табиғатын жете білмеуден туындап жатады, оның үстіне қаламгерлердің дүниетанымы қысқандау екені аңғарылады, қаламгерлердің шығармашылық қуаты мен жазу мәнерінің жетілмегені көзге ұрып тұрады. Біз бұл күрделі мәселелерге филология ғылымдарының докторы, профессор К. Камзиннің жетекшілігімен қорғар «Заманалы ой логистикасы және эссе контенті» атты магистрлік ғылыми жұмысымызда баса назар аудармақшымыз.

Эссе жанрының әуелгі табиғатын, шынайы болмысын анықтау үшін алдымен зерттеу жұмысымызда «Ұлттық эссе жанрының архитектурасын» сәулеттендіруге тырыстық. Бұл – ғылыми зерттеу бағытымыздың алғы шарты.

Эссе сөзі кейбір сөздіктерде, (мәселен, Д.Н. Ушаковтың редакциялауымен жарық көрген төрт томдық «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде») «эссеист» сөзіне «француз тілінен

аударғанда *essai* – әдеби очерк, тура аудармасы тәжірибе. Очеркист секілді» деген түсіндірме берілген. Тіптен, бір сөздіктердегі түсіндірмелерде «эссе очерктің синонимі» деген анықтамаларда кездеседі. Демек, ұлттық эссе жанрының бітім-болмысына бойламас бұрын, алдымен «эссе» сөзінің шығу төркіні мен мән-мағынасын айқындап алу қажеттілігі туындайды. Публицистика жанрын зерттеуші ғалым А.Беневоленскаяның газет беттерінде жарияланған очерктердің композициясын талдауға арналған зерттеу жұмысында «...газет беттерінде жарық көретін очерктердің композициясы туралы сөз қозғалғанда, пікір алуандығы қоюлана түседі. Кейбір очерктанушылар эссеистикаға, баяндаудың фрагменттік пішініне, сюжеттің, айқын фабуланың болмауына бола, очеркті толыққанды жанр ретінде есептемейді», – деген пікір айтады. Яғни очерктің эссеистиканың көлеңкесінде қалып қоятындығы автордың наразылығын тудырып отыр[1].

Алдымен эссе жанрының кірпіші қалай қаланған деген сұраққа тоқталар болсақ, «эссе» сөзі латынның «*exagium*» – «өлшеу» сөзінен шыққан, ал француз тіліндегі «*essai*» сөзі «тәжірибе» «әрекет», «нобай», «сынақ» деп аударылады. «Тәжірибелер» атты әр түрлі тақырыптарды қозғайтын ойтолғаулардан құралған еңбегі арқылы Мишель де Монтень есімі көпшілікке эссе жанрының білгірі ретінде танылды. «Кітабымның мазмұны – мен өзіммін», – деп жазған Мишель де Монтень Европада эссе жанрының «атасы» саналады. «Тәжірибелер» Қайта өркендеу дәуірі аяқталар тұста жарық көрген туынды. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, автордың өмірден көрген-түйгенін өзінің жан дүниесінен өткізіп барып беруі арқылы жазылатын эссе жанры осылайша дүниеге келген.

Қандай да бір жанрды бір автор ойлап тауып, жетілдіріп, ғылыми айналымға салды деп нақты айту мүмкін емес. Белгілі орыс филологы М.М. Бахтин «Проблемы поэтики Достоевского» монографиясында: «Жанр всегда тот, и не тот, всегда стар и нов одновременно. Жанр возрождается и обновляется на каждом этапе развития литературы и в каждом индивидуальном произведении данного жанра. Жанр живет настоящим, но всегда помнит свое прошлое. Жанр – представитель творческой памяти в процессе литературного развития», – деп атап көрсеткен. З. Қабдоловтың: «Жанр – даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрлардың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді. Мұндай ерекшеліктер,

бір жағынан, әр әдебиеттің ұлттық сыр-сипатымен тығыз байланысты болса, екінші жағынан, әр жазушының әлеуметтік орта мен әдеби процесстегі атқарар роліне, алар орнына байланысты», – деген пікірі де көкейге қонады [2]. Әр жанр тарихтың екшеуінен, қатал сыннан өтіп барып, бүгінгі кейіпіне енгені хақ. Ал оны дүниеге әкелген автор деп аталмыш жанрдың соңғы нұсқасын енгізген адамды, басқа авторлар сол нұсқаны сәтті пайдаланған жағдайда санауға болады. Эссе жанры туралы сөз қозғалғанда Мишель де Монтень есімін атайтынымыз да сондықтан.

Эссе жанрына жақын жанр француз эссеистіне дейін алты ғасыр бұрын, яғни Х ғасырда жапон мәдени-ақпараттық кеңістігінде пайда болған деген пікір бар. Оның негізін салушы – «Записки у изголовья» шығармасының авторы Сэй Сенагон. Бұл шығармада автор дүниеге ерекше, эстетикалық көзқараспен қарайды. Автор сарай өмірін суреттеуді мақсат етпеген де, авторды қызықтырғаны айналасында болып жатқан оқиғалар емес, сол оқиғалардан алған әсері. Шығармада себептік дүниелерді, құбылыстар мен оқиғаларды жаңаша айқындайтын тосын ойлар назар аудартады. Эсселердің көбінде жазушының ойын дөп басу мүмкін емес, соңы күтпеген жерде аяқталады. Бұл әрекет авторды қайда апарар екен деген ойға ерік бересің. Айта кетерлігі, бұл туындыда дәуір үні, яғни сол кезеңдерде жапон жеріндегі «бейбітшілік пен тыныштық» дәуірінің эстетикалық дүниетанымы көрініс тапқан.

Автордың дүниеге субъективті көзқарасы, жеке ұстанымы мен жан дүниесіндегі арпалысты шын жүректен, ешқандай боямасыз жеткізуі, композициялық та, стилистикалық та тұрғыдан толғауларын тар қапсқа қамамай, еркін көсілуі зерттеушілер тарапынан «Записки у изголовья» шығармасын эссе жанрына жатқызуға негіз бола алады. Жоғарыда аталған шығармаларды ой таразысына сала келе, әдебиетте эссе жанрының дүниеге келуіне қоғамдық сұраныс, дәуір сұранысы түрткі болған деп байыптар едік.

Шығыстан шығып, батысқа, бүгінде жаһанға жайылған эссе жанрының шығу жайы осындай, ал заманалар сынынан өтіп, көркем өнердің небір хас шеберлерінің қайрауынан шыққан бұл жазба түрінің бүгінгі келбеті қандай, қандай талаптарға сай келуі қажет?

«Әдебиеттану терминдер сөздігінде» эссе жанрына қатысты мынадай анықтама берілген: «Эссе жанры – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше талғап,

әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлемнің азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеист интеллектуалдық байлығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән» [3]. Алайда, бұл қысқаша анықтаманы эссе жанрына қатысты «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде қарастыра алмаймыз. Бұл анықтаманы көсемсөздің басқа да кейбір жанрларына жалпылама анықтама ретінде батыл қолдануға болар еді. Біздің ойымызша, нақтылық жетіспейді. Демек, эссе жанры табиғатының бояуы әлі де ашыла қойған жоқ.

Келесі бір энциклопедиялық сөздіктен мынандай анықтаманы кездестірдік: «Жазушылар көбіне эссе деп, мазмұны, тілі мен композициясы нақты анықталған жанрға жатқызуға болмайтын шығармаларды атайды. Бұл үстірт, бейберекет жазылған жұмыс деп қарау емес, тек қана сюжеті мейлінше өрбімей қалатын шығармаларға қатысты айтылып отыр. Бұл атау өз шығармасын толық қамтитын мазмұн мен толыққанды пішінге сыйдыру қолынан келмейтіндігін айтатын автор қарапайымдылығының көрінісі болуы мүмкін». Осы анықтаманы негізге ала отырып, эссеге қойылатын мынандай талаптарды даралай қарастыруымызға болады, олар: нақты пішінін, сюжеттің болмауы және автор білімдарлығының рухани кеңістікке ұмтылуы.

Бұл анықтамада автор мәдениетіне қатысты байламды әлсіз дәйектеме ретінде қарастыратындығымыздан, ол тұжырымға бөгелмей, келесі екеуіне назар аударар болсақ, композиция мәселесі эссеге анықтама берудегі күрделі әрі нәзік мәселе екендігін айтқымыз келеді. Жоғарыда аталғандай, эссенің мазмұны, тілі мен композициясы тұрғысынан нақты бір жанрға

ұқсата алмауымыз, бұл сұрақты күрделендіре, тереңдете түседі. Демек, эссе – бірегей құрылымды ерекше жанр. Өзге жанрлар секілді эссені әбден иі қанған әдеби өлшемдер қалыбына сала алмаймыз. Эссе өзгеше принциптермен құрылатындықтан, эссенің композициясына соны көзқараспен, жан-жақты талдау арқылы ғана байлам жасауға болады.

Эссені жанрлық тұрғыда жіктегенде, әр ғалым-зерттеуші әртүрлі пікір білдірген. Мәселен, профессор Д. Ысқақұлы эссенің көркем жанр екенін, эсседе «ғылыми талдаулардан гөрі автордың өзіндік әсерлері, шығармашылық тәжірибелеріне негізделген ойлары басым, шағын көлемді, еркін құрылымды келіп, көркем әдеби стильде жазылатындығын» айта келіп, «оның сыншылдық сипатының айқын» екеніне тоқталады. Өз тұжырымында ғалым эссені сын жанрларының қатарынан көргісі келеді: «...сын жанрларының ішіндегі эссе жанры – әдебиет жайлы не бір құнарлы ойлардың бір бұлағы, әдебиетіміз, қаламгерлеріміз хақында жүректі жарып шыққан ақжолтай пікірлерді оқырмандарға жан жылуымен, әсем әсерімен, бейнелі бояуымен сол күйінде жеткізудің бірден бір арнасы. Көркем әдебиет пен оның сынының арасында жүріп, екеуіне бірдей қызмет ететін өміршең жанр. Қазақ эссеистикасы әлі жас. Оның болашағы алда. Қазақ әдебиеті мен сынында эссенің эссеистика аталатын үлкен өркенді салаға айналатындығына сеніміміз мол» [4]. Д. Ысқақұлы бұл зерттеуінде эссені көркем әдебиет пен сын өнеріне қызмет ететін «телқоңыр» жанр ретінде таныса, Жидегүл Әбдіжәділқызы эссе тақырыбына арналған зерттеулерінде «эссе – журналистің адамгершілік көзқарасын танытатын, авторлық позициясын айқындайтын, кәсіби деңгейін аңғартатын, қалың бұқараның санасына тікелей ықпал етіп, сол арқылы қоғамдық пікір тудыратын жанр» деп, эссені журналистикаға жақындатады [5].

Кейбір ғалымдардың (мәселен, А. Тертычный) пайымдауынша, эссені басқа жанрлардан ерекшелендіретін – мұнда нақты фактілердің автордың негізгі ойының көрінісі ретінде қолданылуы, басқаша айтқанда, негізгі ойға «азық» ретінде ғана жүретіндігі, нақты фактілердің ой толғауға себепші ретінде ғана қызмет ететіндігі [6].

Жоғарыда келтірілген пікірлерді, тұжырымдарды өрбітетін болсақ, жалпы тұжырымдардың фактіге құрылған материалдарға басымдық танытуы эссені басқа жанрлардан бөлектеп, айшықтайды. Басымдықтың көп жағдайда үстемдік танытуға ұласатындығын ес-

кергенімізбен, мұны эссенің кемшін тұсы ретінде қарастыруға болмайды. Олай дейтініміз, эсседе нақты бір проблемалар мен жағдайларды талдау, мәселені тез арада шешу жолдарын ұсыну эссе авторына қойылатын талаптарға жатпайды.

Эсседе авторы күнделікті өмірде кездесетін проблемаларды жеке бөле қарастырғаннан гөрі, кең көлемде ой талқысына салады. Демек, кең көлемде, жаһандық тұрғыдан толғану эссеист үшін қалыпты жағдай болмақ. Автор ой талқысына салған нақты проблема түрлі жағдайларға байланысты тез арада шешімін таппауы мүмкін, автор қозғаған белгілі бір мәселенің шешімі тіпті болашақтың еншісіне қалдырылуы да мүмкін. Мұндағы басты меже – күнделікті күйбең тірлікке сіңісіп кеткен ұсақ-түйектің арасынан адамзат үшін маңызы анағұрлым салмақты жайттарды аршып алып, бүгінгі және келешек ұрпақтың алдына көлденең тарту.

Сонымен, ғалым А. Тертычныйдың тұжырымдауынша, эсеге тән қасиеттердің бірі – аталмыш жанр жарияланымдарындағы нақтылы фактілердің жалпылама талдауларға «тұздық» қызметін ғана атқаратындығы, ал эссеистке қойылатын басты талап – жаһандық деңгейде толғану. Мұны эссе жанрына қойылатын талаптардың бірі ретінде қарастырамыз.

Зерттеуші Л. Кройчик эссені очерк, фельетон, памфлеттермен бірге зерттеу-образды (көркем-публицистикалық) жанрлардың қатарына қосады да, эссенің жанрлық ерекшелігін

нақтылайтын элемент ретінде тұлғаның өзін-өзі тануы үрдісінде көрініс табатын әлемді тану үрдісін атап өтеді [7]. Ғалымның пайымдауынша, эссе тұрмыс пен жеке басымыздың арасын байланыстырады, яғни бізді қоршаған әлем – біздің ішкі дүниеміз. Немесе керісінше: публицистің сезу спектрі – ішкі дүние тудырған сезудің сәулесі. Сондықтан эсеге негіз болатын субъектінің ортасы емес, әлемнің негізі ретінде қарастырылатын субъектінің өзі. Адам – мәтіннің заттық негізі.

Эссе жанры жайлы анықтамалар мен ғылыми тұжырымдар, эссеист қаламынан туындаған дүниелердің ғылыми сараптамасы – көсемсөз жанрының өзектілігі мен өміршендігін анық байқады. Эссе табиғаты жайлы айтылған жоғарыдағы ойларды Абайдың қара сөздері, Шоқан Уәлихановтың жазбалары, Алаш баспасөзіндегі Ахмет Байтұрсынов бастаған ұлт зиялыларының, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов сынды классик жазушылардың, әдебиет зерттеушілері З. Қабдолов, Т. Кәкішев, жазушылар Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Ш. Мұртаза, публицист-ғалым К. Қамзин, Б. Жақып, танымал журналистер Н. Жүсіп, Б. Омарұлы, Ж. Шаштайұлы бастаған тағы да басқа қаламгерлердің жазған эсселері толықтай қуаттап, табиғатын аша түседі. Біз бұл мақаламызда «Эссе деген не?» деген сауалға жауап іздеп, эссе жанрының ғылыми анықтамасын, шынайы болмыс-бітімін ғылыми тұжырымдауға ден қойдық.

Әдебиеттер

- 1 Беневоленская Т.А. Композиция газетного очерка: пособие по спецкурсу. – М., 1975. – 3 с.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
- 3 Әдебиеттану терминдер сөздігі / құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 378 б.
- 4 Ысқақұлы Д. Сын өнері: Әдеби сынның теориясы: оқу құралы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001.
- 5 «Журналист» газеті. – №9(34) қыркүйек 2005. – 7 б.
- 6 Тертычный А.А. Аналитическая журналистика: учеб. пособие для студентов вузов. – М.: Аспект Пресс, 2010. – С. 217.
- 7 Кройчик Л.Е. Система журналистских жанров / Основы творческой деятельности журналиста / под ред. С.Г. Корконосенко. – СПб., 2000.

References

- 1 Benevolenskaja T.A. Kompozicija gazetnogo ocherka: posobie po speckursu. – M., 1975. – 3 s.
- 2 Qabdolov Z. Sөz өneri. – Almaty: Sanat, 2002. – 360 b.
- 3 Әdebiетtanu терminder сөздигі / құраст.: Z. Ahmetov, T. Shañbaev. – Almaty: Ana tili, 1998. – 378 b.
- 4 Ysqaquly D. Syn өneri: Әdebi synnıñ teorijasy: oqu quraly. – Almaty: QAZAQPARAT, 2001.
- 5 «Zhurnalist» gazetі. – №9(34) qyrkүйek 2005. – 7 b.
- 6 Tertychnyj A.A. Analiticheskaja zhurnalistika: ucheb. posobie dlja studentov vuzov. – M.: Aspekt Press, 2010. – S. 217.
- 7 Kroychik L.E. Sistema zhurnalistских zhanrov / Osnovy tvorcheskoj dejatel'nosti zhurnalista / pod red. S.G. Korkonosenko. – SPb., 2000.

Имаханбет Р.С.
**Ахмет Байтұрсынұлының
көсемсөз-әдеби мұрасының
оқытылу әдістемесі**

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөз, әдеби шығармашылық мұрасы қарастырылған. Қазақ тілі мен оның асыл сөзін, яғни сөз өнерін пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратын мансұқтап, жетілген тілге бөгде тілдің заңдылығын жөн-жосықсыз жапсырып, шалажансар тосын жаңалық ашуды доғару керектігі сөз болады. Қазіргі ұлттық ғылым оқытудағы қолданынып жүрген оқулықтардың көпшілігі «ір-гетассыз үйлер» сықылды. Үйренуші былай тұрсын, үйретушінің өзі түсіндірме сөздіксіз түсінбейтін мәтіндерден құралған. Хакім Абай айтқандай: «...Бас басына би болған өңшең қықым» дегендейін, айналдырған 2-3 жылда оқытушы оқулық авторы болып шығуда.

Түйін сөздер: ұлттық тіл, мемлекеттік тіл, ресми тіл, іс қағаздарын жүргізу тілі, көсемсөз тілі, құжатнама тілі, оқыту жүйесі, негізгі оқыту, кешенді оқыту, деңгейлеп оқыту, Алаш тағылымы, ұлт ұстазы т.б.

Imakhanbet R.S.
**Methods of researcher of Ahmet
Baitursynuly's publicism-literary
heritage**

The article deals with the creative heritage of Ahmet Baitursynov. We must stop making random discoveries, denying the edification of the nation's teacher Ahmet Baitursynov, scholar, reformer of the Kazakh language and his precious words, who is the founder of the literary art as a subject in the sciences and adding inappropriate patterns of foreign language into the developed language. Most of modern textbooks, which are used for teaching the Kazakh language and literature, are like the "house without a foundation." They consist of texts which are not understandable not only for students, but also for educators without the help of dictionaries. As wise Abai said: "... Bas basyna bi bolgan onshen kikym (Everyone wants to take power into their own hands)," in only 2-3 years the teacher becomes the author of the textbook.

Key words: national language, official language, language of office work, language of publicism-literaryon, language of documentation, basic educating, complex educating, educating on levels, Heritage Alash, teacher of nation etc.

Имаханбет Р.С.
**Методика изучения
литературно-публицистическо-
го наследия
Ахмета Байтұрсынұлы**

В статье рассматривается творческое наследие Ахмета Байтұрсынова. Мы обязаны прекратить делать случайные открытия, отрицая поучения учителя нации Ахмета Байтұрсынова, ученого, реформатора казахского языка, и его драгоценных слов, то есть основателя словесного искусства как предмета в системе наук, и неуместно добавляя закономерности чужого языка в развитый язык. Большинство современных учебников, которые используются для обучения казахскому языку и литературе, похожи на «дом без фундамента». Они состоят из текстов, которых не понимают не только обучающиеся, но и обучающие без помощи толковых словарей. Как сказал мудрый Абай: «...Бас басына би болған өңшең қықым (Каждый хочет взять власть в свои руки)», в течение всего 2-3 лет преподаватель становится автором учебника.

Ключевые слова: национальный язык, государственный язык, официальный язык, язык делопроизводства, язык документации, основное обучение, комплексное обучение, обучение по уровням, наследие Алаш, учитель нации и т. д.

**АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ
КӨСЕМСӨЗ-ӘДЕБИ
МҰРАСЫНЫҢ
ОҚЫТЫЛУ
ӘДІСТЕМЕСІ**

Ахмет Байтұрсынұлы есімін білмейтіндер некен-саяк болар. Өйткені, бұл кезде мемлекеттік мәртебеге ие болған Ұлт тілі туралы сөйлесек, Ахметтің ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде түрен салып, негізін қалаған, айдай әлемге танытқан да АХМЕТ! Жиырмасыншы ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары *«қазақ халқының рухани көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы»* деп ұлықтап, есімін тура атамай, *«қазақтың Ахаңы»* деп дәріптеген. Ахаңның аяулы есімін жылдар бойы айтқызбай келген Кеңестік жүйенің Коммунистік партиясы «бір уақыттары өзі даттаған ұлын, 1988 жылдың қараша айының 4-і күні өзі ресми ақтады».

XX ғасыр басында ұлт жұмысын арымен атқарған Ахметтей данагөйден қалған мұра, артындағы қазақ деген ұрпағына мәңгі азық боларын кім білген?! Қазақ ұлтының ғана емес, бүкіл түркі жұртының мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасына ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу – ұлт тіліне мәртебе алған тарихи кезеңмен тұспа-тұс, бірге келді. Мүмкін, бұл кездейсоқтық та болар. Дегенмен ғажап үндестік. Ұлтының жері мен елінің дербестігі, тілі мен тіні, діні мен ділі үшін *«малым – жанымның, жаным – арымның садағасы»* деген толағай тұлға халқымен қайта қауышты! Еліміздің тәуелсіздігімен бірге Ахметтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. Ұлт ұстазының 50 жылдық мерейтойында замандас әрі рухани інісі Мұхтар Әуезов: *«...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ахаңның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш»* деген екен.

Ақиқатында, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы саласында ұлт тілін «пән» ретінде үкілеп, оны оқытуды ғылыми жүйеде қалыптастыруды негіздеуші – **Ахмет Байтұрсынұлы**. Жалпы, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Алаш зиялыларының: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошке Кемеңгерұлы т.т. қазақ тілі мен әдебиетін дамытып, оқытып-үйретудегі көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі күнге нақты қолға алынған

жоқ. Тек қазақ тіл білімі мен әдебиеттануды оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар мен әдіскерлердің өзіндік ой-пікірлерін дамытудағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда қисынды, әрі дұрыс. Дегенмен, мұны өмір тәжірибесінде де қолдана білсек, ол нәтижелі болар еді.

Әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «*Оқу құралы*», «*Тіл – құрал*», «*Методика мәселелері*», «*Баяншы*», «*Тіл – жұмсар*», «*Қай әдіс жақсы*» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады. Ағартушы-ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Әлбетте, бұл күні әбден қалыптасқан қазақ тіл білімінің ғылымы аз ғана уақытта қаланған жоқ. Ол талай жылғы, талай майталмандардың көз майы жегілген жұмыстардың нәтижелері арқылы жинақталды. Ғалымның өзі айтқандай, тілдің әуелі грамматикалық ілімін қалыптастырудан, сонан соң грамматикалық құрылымын зерттеп-зерделеуден басталған. Мұны замандастары «Ақаң түрлеген ана тілі», «Ақаң салған әдебиеттегі асыл сөз» деп әспеттесе, бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғалымдары қазақ тіл біліміндегі «Байтұрсынұлы бастаулары» деп жүр [1].

XX ғасыр басында ғалым түрлеген әліпбидің ұлтты сауаттандырудағы рөлі қандай? Енді осы мәселе төңірегіндегі пайым-танымдарға үңілсек. Тура сол тұстағы қазақ оқымыстыларының алдына қойған ұлы міндеттердің бірі – ол бұдан әрі «*Қазақ халқы рухани келбеті, өзіндік бағыт-бағдары бар ел бола ма, жоқ «баяғы жартас бір жартас» деп, бодан қалпында өзінің ұлттық сипатынан айырылып, болмысын жоғалта ма?»* деген өзекті мәселе тұрған еді. Осы мақсатта қыруар іс атқарған реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ әліпбиін түзіп-түрлеудегі жетістіктерін үзеңгілес замандасы, лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов жоғары бағалаған. Және ол кешегі Кеңес үкіметі кезіндегі «аласапыран» тұста да Қазақ әліпбиін (Байтұрсынұлы емлесін), төл тілін таптатпаған. Қ.Куанұлы кеңес тұсында ЖОО-да оқыған дәрістерінде Байтұрсынұлы оқулықтарының 1-ші сыныптан жоғары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-ға) дейін бәріне де «жарап» жүр. «Тіл – құралымен» оқытуға тыйым салынса да мұғалімдердің оның (А.Байтұрсынұлы) кітаптарын Құрандай қолтықтап, керегін Ахметтен іздейтінін жазды.

Қазақ ұлттық ғылымының жетістіктерін Кеңестік идеология бірде ақтап, бірде даттап, сәуегейлік танытып, алаштықтардың артында қалған мұраларын үнсіз сіңіріп, талдап-тануда «алакұлалық» көрсетіп жүргенде, сол жүйедегі жеке басқа табыну саясатынан тайсалмастан сөйлеген Қ.Жұбанов «қара тізімге» ілінген қазақ зиялыларының мұраларына араша түскен.

Ал, Қазақ әліпбиінің жобасы талқыға түскен тұста Қ.Жұбанов қазақ әрпінің негізгі арқауын араб жазуымен байланыстыра отырып, қарастырады. Мәселен, «...с 1912 г., когда впервые была выработана эта система и произошла реформа арабского алфавита, по 1930 г., когда арабский алфавит правительственным декретом был изъят, т.е., в течение 18 лет казахские слова писались по этой системе, причем никаких недостатков (...) Надо заметить, что отказ от этой системы принятием латинского алфавита произошел (...) по нажиму ученого совета ВЦКНА, а не по инициативе Казахстана» деген сөзі қазақтың өз жерінде, өз Отанында отырып әліппе таңдауда еркі болмағанына ашынған ызасын көрсетсе керек [2]. Түркітанушы ғалым Қ.Жұбанов қазақ әліпбиінің қалыптасуын тереңдеп танытуда Ахмет Байтұрсынұлына дейін де түрлі әліпбидің қолданыста болғанын, Ыбырай Алтынсарин түзген әліпбидегі кейбір «кемшіліктерді» Ахметтің түзегенін, сөйтіп ескі әліпбиді қазақы танымға бейімдей отырып, «қосар дыбыстарды жаңадан енгізді» деп, қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен даму сатысына сүзгі сараптаулар жасайды. Жаңа әліпбидегі сонылықты құптап, қабылдайды. Мәселен: «...возражение не выдерживают критики, потому что всякие культурное и иное достижение, оставленное нам (...) это наше законное наследие (...). Отказываться от подобного наследия так же глупо (...) мы не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыдущей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас» деген айшығынан, әрбір еңбекті «заңды мұра» деп танығанын, ұрпақ тәрбиесіндегі қажетті құрал санағанын көреміз [3, 35-б.].

Енді Ахмет Байтұрсынұлы жүйелеген қазақ тіліндегі атау-ұғымдардың дәлдігі мен даралығына үңілсек, қазақ даласында мектеп негізін салушы Ы.Алтынсарин орыс тіліндегі «Имя существительное» дегенді «Нәрселердің атауы» десе [4, 227-б.], А.Байтұрсынұлы «Зат есім» деп атайды [5, 160-б.]. Ал «Имя прилагательное», «Имя числительное» деген сөз таптарына Ыбырай «Зат-мақұлықтың қасиеттерінің аттары», «Есеп аттары» деп баламаласа [4, Б. 238, 243],

Многие нейтральные целевые структуры имеют внутри стиля экспрессивные варианты, которые выступают стилистически маркированными в публицистике. Можно выделить несколько групп таких экспрессивных структур.

1. Конструкции со значением избыточного основания, имеющие в главной части слова *сколько ни, как ни, какой ни*: *На какие жертвы ни шла страна, чтобы дать всё необходимое фронту* (АиФ-Казахстан, ноябрь, 2015).

2. Структуры с эллиптической главной частью со значением необходимого основания. Экспрессия создаётся здесь пропуском слова *надо* в главной части и параллелизмом в строении частей. *Горжусь я не личным гаражом, а своей школой, своими, мной построенными коровниками и свинарниками, телятниками и жилыми домами. А гараж личный – чтобы держать в нём машину. А машина – чтобы на ней ездить. И дом – чтобы в нём жить* (КП-Казахстан, декабрь, 2015).

Поскольку разговорная речь, как замечает Г.Я. Солганик, является важнейшим средством выразительности в публицистике [4], и в кругу наблюдаемых целевых конструкций можно встретить структуры, пронизанные «разговорностью».

3. Структуры с выделительными частицами *только, лишь, даже, совсем* и др. Здесь возможен разрыв союза: *В конце концов, даже для того, чтобы сдвигать законы перспективы, для начала надо их узнать* (КП-Казахстан, декабрь, 2015).

4. Целевые структуры с союзными сочетаниями *ради того, чтобы; во имя того, чтобы,*

реализуемые только в публицистике. Экспрессия в таких структурах создаётся не только употреблением союзов, отличающихся стилистически торжественной окраской, но и параллелизмом придаточных, вопросно-ответным строением частей. Лексические средства поддерживают синтаксическую экспрессию: *Невольно задаёшься вопросом: зачем, во имя чего делает всё это ветеран войны? Во имя того, чтобы подвиг его однопольчан был донесён до тех, кто войны не видел, чтобы, прикасаясь к рваному металлу, человек молодой как бы озарился на миг тем пламенем, через которое прошёл его дед, его прадед* (Время, ноябрь, 2015).

5. Сложноподчинённые предложения с параллельными придаточными. Параллелизм в строении частей предложения – важнейшее средство для внесения экспрессии. Он используется в тексте для усиления впечатления, для убеждения читателя. При помощи таких структур создаётся речь, которая призвана воздействовать на убеждения или поведение читателя, на его оценку тех или иных факторов: *Чтобы взволноваться этими фильмами, чтобы услышать в них живую, трепещущую мысль о современности, чтобы понять слова, обращённые в этих картинах и к семнадцатилетним тоже, нужны определённая культура восприятия, элементарный навык духовного общения* (АиФ-Казахстан, октябрь, 2015).

6. Сложноподчинённые предложения с парцелированными придаточными. Парцелированные придаточные цели употребляются с целью акцентировать высказывание и по употреблению не отличаются от парцелированных придаточных других типов. Значение цели в парцелляте полностью сохраняется: *Ведь книгопечатание изобрели для того, чтобы воспитать человека. Чтобы передать опыт поколений. Опыт в достижении добра* (Литер, декабрь, 2015).

Таким образом, на примере функционирования одной только конструкции сложноподчинённого предложения с придаточным цели можно видеть, что стиль устанавливает определённые рамки для любого общелитературного средства. Но эти ограничения в сопоставляемых стилях проявляются по-разному. Если для научного стиля характерно ограничение реально употребляемых структур (в данном случае наблюдается преимущественное употребление целевых структур со значением необходимого основания), то в публицистике это явление не наблюдается и наиболее частотные типы установить не удаётся; здесь общелитературное средство приобретает экспрессивный вариант, являющийся специфической приметой именно этого стиля. Хотя процесс функционального расслоения един, проявляется он в одном случае за счёт ограничения общелитературных средств, в другом – за счёт расширения их собственно стилистических возможностей.

Литература

- 1 Потёмкин В.П. История дипломатии. – М., 2000. – С. 43.
- 2 Мухин К.Н. Ядерная физика. – М., 2004. – С. 95.
- 3 Костомаров В.Г. Русский язык на газетной полосе. – М., 2001. – С. 150.
- 4 Солганик Г.Я. Стилистика текста. – М., 2003.

References

- 1 Potemkin V.P. Istoria diplomatii. – M., 2000. – S. 43.
- 2 Muhin K.N. Yadernaya fizika. – M., 2004. – S. 95.
- 3 Kostomarov V.G. Russkii yazik na gazetnoi polose. – M., 2001. – S. 150.
- 4 Solganik G.Ya. Stilistika teksta. – M.,

Жұмағұлова А.Ж.,
Өмірбекова Р.Қ.
**БАҚ: журналист және
сөз мәдениеті**

Баспасөз тілі публицистикалық стиль жанрларының тіліне жатады. Қазіргі баспасөз тілі журналистер тарапынан тілге деген мұқияттылықты, жанашырлықты, ерекше талғамды қажет етеді. Мақала қазақ баспасөзі тілінің бүгінгі жай-күйі туралы. Автор журналистің жалпыхалықтық және әдеби тілдің дамуына, тіл мәдениетінің сақталуына қосатын үлесі туралы баяндайды. Қазақ журналистерінің сөз қолданысындағы кейбір келеңсіз жайларды баспасөзден алынған нақты мысалдар арқылы түсіндіреді. Автор баспасөз тілі тазалығының маңыздылығын, сөз қолданысы арқылы қалыптасатын тіл мәдениетінің маңыздылығын атап өтеді.

Түйін сөздер: баспасөз тілі, жалпыхалықтық әдеби тіл, тіл мәдениеті.

Zhumagulova A.Zh.,
Umurbekova R.K.
**Media: Journalist and
culture of speech**

The article is about the problem of Kazakh-language press in Kazakhstan today. The author tells about the contribution of media language in the development of the national language, the Kazakh literary language and its role in saving the language culture. The author in the article gives concrete examples of the misuse of some words losing their meaning in the context of incorrectly composed sentence, speech elements.

Key words: language press, national language, literary, language culture.

Жумагулова А.Ж.,
Умирбекова Р.К.
**СМИ: журналист и
культура речи**

Язык прессы рассматривается как язык жанров публицистики. На сегодняшний день язык прессы желает чуткого внимания, ответственности, подбора слов со стороны журналистов. Данная статья посвящена языковым проблемам современной казахскоязычной прессы Казахстана. Автор изучает аспекты влияния языка прессы на развитие общенационального языка, казахского литературного языка, также его роль в сохранении языковой культуры. Автор приводит конкретные примеры неправильного употребления некоторых слов, теряющих смысл в контексте, неправильно составленных предложений, речевых элементов.

Ключевые слова: язык прессы, общенациональный литературный язык, культура языка.

БАҚ: ЖУРНАЛИСТ ЖӘНЕ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

Қазақ баспасөзі қазіргі уақытта ақпаратты таратудың биік межелерін бағындырғаны қуанарлық жайт. Қазіргі газет-журналдардағы мақалалар мен сұхбаттардың тақырып аясы кең, сөз саптасы мен тілі жатық, көтерген мәселесі маңызды болуы журналистердің еңбегі екені де рас. Бүгінгі баспасөзде қоғам дамуында іріктеліп қалған, болмаса шешімі табылмаған түйткілді мәселелердің барлығы дерлік журналистің қаламынан, назарынан тыс қалған емес. Осындай аса маңызды мәселелердің бірі – қазақ тілінің мәселесі. Қазіргі қазақ тілді басылымдар қазақ тілінің осы уақытқа дейінгі шешімін таппаған сан алуан мәселелеріне, тіліміздің дамуына, оның Ата Заңда көрсетілген мәртебесіне сәйкес қолданылуына қатысты мәселелерді көтеріп, жазудан жалыққан емес. Журналистердің, тілші ғалымдардың, тіпті қарапайым халықтан шыққан тіл жанашырларының ойлары мен құнды пікірлері оқырман қауымға тек қазақ тілді басылымдар арқылы ғана жететіні бәрімізге белгілі және оны оқитын да өзіміздің қазақтар.

Бүгінде тілдің құдіретін сезінуге, тілге деген жанашырлықты тұрақтандыруға, оның дамуы мен қолданысына елеулі үлес қосып отырған төл баспасөзіміздің тілі жөнінде жазылған мақалаларды да жиі ұшыратамыз. Баспасөз тілі тіл білімінің стилистика саласы аясында публицистикалық стиль жанрларының тілі ретінде қарастырылады. «Публицистикалық стиль – функциональдық стильдердің бірі. Публицистикалық стильге газет, журнал, радио, теледидар, деректі фильмдер тілі жатады. Публицистикалық стильдің тақырыптық диапазоны өте кең: саясат, идеология, философия, экономика, мәдениет, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің мәселелері, қазіргі уақыттың кезекті міндеттері, ағымдағы саясат мәселелері, әлемдегі және қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістер (публицистиканы «қазіргі кезең жылнамалары» деп бекер айтпайды) және т.б. Публицистикалық стиль тілдің екі қызметін атқарады: бірі – хабар беру, екіншісі – ықпал ету [1.71].

Сондықтан да қазақ мерзімді баспасөз тілі әр кезең деңгейінде көптеген ғылыми-зерттеу еңбектеріне нысан болғанын да батыл айта аламыз. Өйткені, баспасөз жалпыхалықтық тіл мәдениетінің қалыптасып дамуына, тілдік қорымыздың жаңа сөздермен, терминдермен толығып, дамуына, бірнеше жаңа тілдік қолданыстардың жарыса қолданылу арқылы тілімізде ең бел-

сенді қолданған түрінің тұрақталып қалуына оң ықпал ететін бірден бір фактор.

Қазіргі уақытта, әсіресе, жас журналистердің арасында «екі тілді бірдей деңгейде меңгеріп жүрмін, сондықтан екі тілде қатар жаза аламын» деп нық сеніммен жүргендері де аз емес. Алайда, олардың көбі бұл сенімдерінің үдесінен шыға алмайды.

Қазақ тілінде көсіліп сөйлейтін, қазақ сөздерінің мәні мен мағынасын, қыры мен сырын, сөз мағынасының «салмағын» бір кісідей білетін, қаламы төселген, әр сөзді талғап-таңдап орнымен қолданатын, қағаз бетіне түскен немесе аузынан шыққан әр сөзіне, сөйлеміне үлкен жауапкершілікпен қарайтын тәжірибелі, білікті журналистер де аз емес. Олардың жазғанын кім де болса сүйсініп оқиды, сөйлеген сөзіне зейін қойып, ілтипатпен тыңдайды. Ондай көпті көрген, тіл шұрайын жанымен, жүрегімен сезінген аға буынның тәжірибесі жастарға үлкен шығармашылық мектеп екенін мойындауға тиістіміз. Алайда үнемі олай бола бермейді. Кез келген басқа салалардың мамандары секілді журналистердің де біліктілігі, кәсіби деңгейі, жазу шеберлігі, сөз қолдануға, ойды тұшымды жеткізуге деген жауапкершілігі бірдей емес. Сондай-ақ газет-журнал барша халыққа ортақ дүние болғандықтан, онда тек журналистердің ғана емес, білімі мен кәсіби дайындығы, тілді білу деңгейі әртүрлі кез келген сала мамандарының жазғандары да жарық көріп жатады. Осы айтылғандардың барлығы баспасөз тілінің сапасына әсер ететіні сөзсіз. Бұл секілді факторлардың қай-қайсысын да ескере отырып, бүкіл қоғам көз тігетін қазақ баспасөзі тіл мәдениетінің жоғары болуына, әдеби тіл нормаларының сақталуына, публицистикалық стильдің дамуына және оның жанрларының кемелдене түсуіне, олардың практикалық қолданыс аясының кеңеюіне ерекше мән беріліп отыру керек. Осы мәселе қолына қалам ұстағандар үшін де, қазақ тілді басылымдардың оқырмандары үшін де, қолына қалам алып, ой түйген кез келген адам үшін аса жауапты іс болуы тиіс. Әр сөзді мағынасына қарай орнымен қолдану – тіл мәдениетінің ең өзекті мәселелерінің бірі. Сөздерді қолдану барысындағы орын алатын кемшіліктер көбінесе сөз мағынасын анық білмеуден, оның тура мағынасы мен ауыс мағынасының аражігін айқын ажырата алмаудан, синонимдер қатарынан қажетті сөзді таңдап-талғап пайдалана алмаудан туындайды. Қолданыстағы кез келген сөз жанындағы басқа сөздерге «өзінің жарығы мен көлеңкесін түсіріп тұратыны» даусыз.

Қолданыстағы сөздердің тура мағынасы, ауыс мағынасы, әр түрлі мағыналық реңкте-

рі болады. Қазақ тіліндегі сөздердің біразы көп мағыналы болып та келеді. Ойды жеткізу барысында қажетті сөзді таңдап алып, орынды қолдану үшін сөздің мағынасына терең үңілу керек. Ал бұл тілді жетік білуді ғана емес, жүрекпен сезінуді қажет етеді. Баспасөз беттерінен алынған мына сөйлемдерге назар аударайық: «...Мерейтой қарсаңында қақпаға жөндеу жұмыстары жүргізілетінін естіген Амалбек Қозыбақұлы Кәрім Көкірекбаев мырзаға хабарласып, бұрынғы жоба бойынша жасауды *мәслихат етеді*.» (Анар Лепесова. «Түркістан» газеті, 29 қазан 2015 жыл.) «*Мәслихат етеді*» тіркесі топ болып немесе қауым болып жиналады, ортаға салады, талқылайды деген мағынаны білдіретін тіркес. Оңтүстік өңірде қыз ұзатуға, келін түсіруге қатысты қолданылатын «мәслихат шайы», яғни «ақылдасу, талқылау шайы» деген ұғым бар. Ал бұл сөйлемде «мәслихат етеді» тіркесі ұсыныс жасайды, сұрайды мағынасында қолданылып тұр. Сөйлемді мәслихат етеді деп емес, оқырманды шатастырмай ұсынады, сұрайды деп аяқтаса да болар еді.

«...Жұмыстан қажып, әбден *сілелеген кезде* Кентауға келер едік». (Анар Лепесова. «Түркістан» газеті, 29 қазан 2015 жыл.) Осы сөйлемдегі *сілелеген кезде* тіркесі шаршаған кезде деген мағынада қолданылып тұр.

Сіле сөзі етістік ретінде қатты шаршау, болдыру мағынасын білдіреді [2.564]. Алайда, қазіргі кезде қолданыстан шеттетіліп жүр, сондықтан болдыру, шаршау деген сөздерді қолданғанда да автор ұтылмас еді: әрі үйреншікті, әрі түсінікті.

Кейде журналистердің сұхбат алу кезінде де сұрақтарын жүйелі, сауатты қоя алмайтындығы байқалады. Назар аударайық:

– *Баян-Өлгейдегі қазақтардың Қазақстаннан күтетіні бар ма? Көші-қоннан өзге.*

– *Жоғарыда айтып өткен саяси ахуал биліктің құлағына тисе деп ойлаймын. Бұл біздің арқа сүйер тірегіміздің бар екендігі. Қазақстан деген алып мемлекеттің қандастарын далаға тастамайтындығын сезінгеніміз. Екіншіден, кейбір дипломатиялық каналдар арқылы осы мәселені жылы ескертіп қойса деген ниет. Екіншіден, рухани тұрғыдан жұтаңдыққа ұшырап барамыз (Сұрақ пен жауапты толық алып отырмыз).* (Есенгүл Кәпқызы. «Түркістан» газеті, 29 қазан 2015 жыл.)

Курсивпен берілген үзіндіде сұрақтың қойылу ретіндегі, оған берілген жауаптың сөйлем ретінде берілу жолы қаншалықты дұрыс-бұрыстығы айқын аңғарылып тұр. Сұраулы сөйлемнің құрылымы мен аяқталмай қалған, мағынасы таяз сөй-

лемдер бірден көзге түседі. Мүмкін журналист сұхбат берушінің жауаптарын сол қалпында бергісі келген болар, бірақ ол міндет емес қой. Көпшілік газетті оқып, сондағы жазуды дұрыс деп есептейтін болғандықтан, міндет – ойды дұрыс, сауатты, жүйелі және түсінікті жеткізу. *Бұл біздің арқа сүйер тірегіміздің бар екендігі. Қазақстан деген алып мемлекеттің қандастарын далаға тастамайтындығын сезінгеніміз.* Осы сөйлемдерден не түсінуге болады. Жылы ескерту деген не тіркес? Ескертудің жылысы, ыстығы, суығы бола ма?

Көбіне жас журналистерде жиі кездесіп жататын кемшіліктердің бірі – сөздердің тіркесімділік қабілетін ескермей, сәтсіз тіркестер жасауға құмарлық. Тіліміздегі сөздердің тіркесімділік қабілеті әр түрлі екені белгілі. Жазушылар, ақындар бейнелі, көркем суреттер беру үшін жаңа, тың, суретті, бейнелі тіркестер жасау үшін жауыр болған тіркестерді өзгертіп, жаңа тіркестер жасауға ұмтылады. Алайда, бұл ұмтылыс сәтті бола бермейді.

«Кезінде кен өндіруден рекорд орнатып, Кентау қаласының қабырғасы қалануына үлестері мол жандардың ескерткіштері қойылған аллеяның лентасы қиылды». (Анар Лепесова. «Түркістан» газеті, 29 қазан 2015 жыл.) Осы сөйлемдегі *үлестері мол* тіркесі сәтті тіркес емес, дұрысы: *қалануына мол үлес қосқан жандардың ...*

«Шараға ардагер кеншілер мен зиялы қауымдар қатысып, ескерткіштерге гүл шоқтарын қойды». (Анар Лепесова. «Түркістан» газеті, 29 қазан 2015 жыл.)

Зиялы – 1. Оқыған, сауатты азамат, интеллигент. 2. Парасатты, озық [2.145].

Зиялы қауым – Мәдениет пен ғылымның, техниканың салаларынан арнайы дайындығы, білімі бар адам, ой еңбегінің қызметкерлері. [2.504].

«Қауым» сөзінің өзі көп адам, топ деген мағынаны білдіреді. «Зиялы қауым» тіркесі оқыған, сауатты азаматтар тобы дегенді білдіреді, ал сөйлемде қауым сөзіне -дар көптік жалғауын қосудың мүлдем қажеті жоқ. Егер әр саланы құрайтын зиялы қауым болса, «зиялы қауым өкілдері» деген тіркес қолданылады.

Қазіргі уақытта кейбір журналистер қазақ тілінің грамматикалық ережелерін сақтамайды,

ішкі ерекшеліктерін біле бермейді. Сондықтан да сөйлем ішіндегі сөздер өзара дұрыс байланыспайды. Мына мысалдарға назар аударайық: «Сондықтан, *ауысып кетпесі үшін*, бойының қаншалықты өскендігін біліп отыру үшін құлын кезінде мойнына жіп байлаймын да өзім басқа жаққа іссапарға кетемін» (А. Кәдірұлы. «Түркістан» газеті, 21 қаңтар 2016 жыл). Осы сөйлемдегі *ауысып кетпесі үшін* тіркесінің дұрыс нұсқасы *ауысып кетпеу үшін* екендігі бәріне түсінікті. Қазір баспасөзде барам шығар, айтам шығар, келем шығар секілді тіркестерді жиі кездестіруге болады. «Көбінесе шетелдік қонақтар, БҰҰ қызметкерлері *орналасатынын* «Splendid» қонақ үйі лаңкестік топтың құрсауында қалған». (А. Бауыржанұлы. «Түркістан» газеті, 21 қаңтар 2016 жыл.) Келтірілген сөйлемдегі *орналасатынын* сөзі де сөйлем мағынасын көмескілендіріп, қажетті грамматикалық формада тұрған жоқ.

Бірде сабақта болашақ журналистерге «Менің жаңа оқу орным» деген тақырыпты негізге алып, 1-курс студенттерінен сұхбат алу үшін сұрақтар дайындайық деп тапсырма бердім. Әрине, сұрақтар қандай бағытта болу керек, сұхбат берушіні қалай сөйлету керек, қандай мәселелерді тілге тиек ету керек деген секілді жалпы бағыт берілді. Сұрақтар дайын болған соң оларды өзара сөйлестіре отырып, үшінші біреуге пікір айтуды міндеттедік. Нәтижесінде студенттердің сұрақ қоюға, қойылған сұраққа толық және қызықты жауап беруге төселіп қалғаны байқалды. Алайда, орысша ойлап, қазақша сөйлеудің әсері де байқалмай қалған жоқ. Мысалы, «Сіздің күтілімдеріңіз ақталды ма? – Ваши ожидания оправдались?», «Мен айтар едім, маған қалашықтың кешкі сәті ұнайды деп – Я бы сказал...» деген секілді сөйлемдер айтқан ойымыздың дәлелі деп ойлаймын.

Қазіргі оқырман әр сөздің қолданысы мен мағынасына, сөйлемнің құрылымы мен жеткізер ойына назар аударатын көзі қарақты, оқыған азамат. БАҚ тілінің сауатты, мәдениетті, мінсіз болуы – әдеби тіл дамуының басты факторларының бірі. Сондықтан тіл мәдениетінің, сөз мәдениетінің, сөйлеу мәдениетінің мінсіз болуына қызмет жасайық.

Әдебиеттер

- 1 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы: оқулық. – Алматы, 2014.
- 2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – 7, 9, 13-т. – Алматы, 2011.

References

- 1 Alkebaeva D. Kazakadebitilinipragmastilistikasi: okuluk. – Almaty, 2014.
- 2 Kazak adebitilininsozdigi. 7, 9, 13-t. – Almaty, 2011.

Майкотова Ғ., Сембиева Ғ.

**Қазақ ғылыми-танымдық
публицистикасы бастаулары**

Мақалада ғылыми-танымдық публицистиканың бастаулары туралы айтылады. Оны зерттеген ғалымдар мен ойшылдардың пікірі беріледі. Өткен ғасырда ғылыми-танымдық публицистикаға берілген ғалымдардың сөздері мен дәлелдері келтіріледі. Ғылыми-танымдық публицистиканың әлі күнге толыққанды зерттелмей келе жатқаны, бұл тақырыпты тереңнен зерттеу арқылы көп жаңалық ашуға болатындығы жөнінде ұсыныстар айтылады. Оған қоса, ғылымның қалыптасуына публицистиканың әсері, ғылыми публицистиканың баспасөзде алғаш жариялануына қатысты нақты дәлелдер келтіріледі. Ғылыми-танымдық әрі публицистикалық белгілері бар қазақ ертегілеріне де шолу жасалынады.

Түйін сөздер: ғылыми-танымдық публицистика, ертегілер, жаратылыстану ғылымы, ғылым, публицистика, баспасөз, таным, ғылыми таным, зерттеу.

Maykotova G., Sembieva G.

**The sources of kazakh scientific-
informative journalism**

This article discusses the sources of scientific and informative journalism, studied the opinion of scientists and thinkers. Quotes and facts of scientists about scientific and educational journalism of the last century. Make proposals for scientific and informative journalism in need of thorough research and the possibilities of opening a deep researching this topic. Give specific reasons the impact of publications in scientific development, the primary publication of scientific journalism in the press. Review of the Kazakh fairy tale-shaves scientific and informative, as well as journalistic features.

Key words: scientific-informative essays, fairy tales, science, science, journalism, media, knowledge, scientific knowledge, research.

Майкотова Ғ. Сембиева Ғ.

**Источники казахской научно-
познавательной публицистики**

В данной статье рассматриваются источники научно-познавательной публицистики, мнение исследовавших данную сферу ученых и мыслителей. Приводятся факты истории научно-познавательной публицистики прошлого века. Авторы предлагают активно и качественно развивать научные направления, исследующие научно-познавательную публицистику, приводят конкретные доводы о воздействии научных публикаций в СМИ на развитие науки. Также представлен обзор казахских сказок, обладающих научно-познавательными и публицистическими признаками.

Ключевые слова: научно-познавательная публицистика, сказки, естественные науки, наука, публицистика, пресса, научное познание, исследования.

**ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ-
ТАНЫМДЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАСЫ
БАСТАУЛАРЫ**

XX ғасырда фактография мен ғылыми танымға деген сұраныс артты. Батыста Т. Вульф бастаған «жаңа журналистер» БАҚ-та ғылыми тақырыптар әр қырынан көрініс беруі керек деп санады. Қазіргі БАҚ әлемдік ғылым жайлы, ғалымдар өмірі, ғылым мен техника проблемалары мен ғылыми даму болашағы жайлы материалдар жариялады. Ғылым тақырыбы тек салалық басылымдарда ғана емес, әмбебап басылымдарда да «селт еткізер» сенсация түрінде де жарқ ете қалды. Жалпы қазіргі технологиялар ғасырында ғылыми-танымдық дүниелерді көзіқарақты оқырман қадағалап, іздеп жүріп оқиды десек артық айтпаймыз. Себебі, компьютер, смартфон, планшет секілді ғылыми технологиялар жемісі қарапайым күнделікті тұтыну құралына айналды. Ғылыми тақырыптар да оқырман, көрермен өмірімен біте қайнасып, бір бөлшегіне айналғаны шындық. Гендік инженерия, ғарышты бағындыру, адамзаттың марсқа саяхаты, жаһандық жылыну т.б тақырыптардағы ғылыми-танымдық дүниелер жариялануда. Шетелдік ғылыми басылымдардың арасында мақалалар саны жағынан ғаламтор бірінші орында тұр. Сондай-ақ, ауылшаруашылығына арналған нанотехнологиялар жасау және оны мейлінше оңтайландыру басты тақырыптардың бірі болып отыр. Осы тақырыпты орыс тілінде тыңғылықты зерттеп жүрген ғалым М.Т. Мукашева қазіргі ғылыми-танымдық публицистиканың негізгі тақырыбы – экономикалық дағдарыс екенін айтады. Батыстың нарықтық моделі постиндустриалды кезеңде адамдарды басқарудың жаңа стилін туындатты. Жұмысшыларды тынбай еңбектенуге мәжбүрлеген капитал маркетингке, пиар-мәтінге, бизнес серіктестер диалогына орын берді. П. Кругман, Дж. Перкинс, Дж. Тобин секілді экономистер пікірі бойынша жарнама жұмысшылар сенімін арттырып, саясатпен байланысты заманауи экономика ғылымдарының дискурсын оқытады әрі қазіргі нарық заңдарын айқындауға пайдалы. Барлық әлем экономистері қаржы саласындағы жаһандық дағдарыстан туындаған жұмыссыздық, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, Египеттегідей саяси тәртіпсіздіктер салдарын талқылауда. Ғылыми-танымдық сараптама батыстағы ірі әлі беделді «Нью-Йорк-таймс», «Уол стрит джорнел» басылымдарындағы саяси мақалаларға негіз болды. Терроризм табиғаты, демократия, сайлау және т.б.

туралы пікірталастар барлық басылымдарда, соның ішінде ғылыми-танымдық басылымдарда да жарық көрді. Алайда, ғылыми-танымдық публицистика қарапайым тұтынушы санасында ғылыми техникалық прогресспен қатар қалыптасады. Ресейде және шетелде ғылыми танымдық басылымдарға деген қызығушылық артуда. «Знание – сила», «Наука и жизнь», «Наука и религия», «Geo», «Нэшнл джиогрэфик», «Экономист» және т.б. басылымдары таралымының үнемі өсіп отыруы ғылыммен БАҚ байланысының артып отырғандығының дәлелі. Өкінішке орай, отандық ғылыми-танымдық публицистика толыққанды зерттелмей отыр. Фантаст жазушы әрі филология ғылымдарының докторы, профессор А. Мархабаев «Жасыратын несі бар, қазақ журналистикатану мұхитында «ғылыми публицистика» архипелагы шынымен де ешбір зерттеушінің «аяқ баспаған» жері. Бұл ақауымызды, бір жағынан, жалпы баспасөздің тарихын да, теориялық қағидаларын да зерттеуге енді-енді ғана «бел шеше» кіріскенімізді сылтауратуға болар. Екінші жағынан, ғылыми публицистика зерттеушісінен осы заманғы күрделі де іргелі, нақтылы жаратылыстану ғылымдарының кешегі тарихы мен бүгінгі қымқиғаш, табанда адам ойына кіріп болмайтын, «бас айналатындай» жаңалықтарынан мол мәлімет талап ететін объект. Амал не, мұндай «ғылыми капитал» журналист-зерттеушілеріміздің бәрінің бірдей бойынан табыла бермейді» [2] деп жазды мақаласында.

Өткен ғасырдың бас кезінде қазақтың озық ойлы қаламгерлері де осы ғылыми публицистикаға қалам тербегенін білеміз. Профессор А. Мархабаев «Саланың алғаш «шылбырын ұстаған» Сұлтанмахмұт Торайғыров дер едік» дейді. Ғалым Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Адасқан өмір» дастанындағы II бөлімінің «Сыр тапсам дүниеден ашылмаған...» деп басталатын соңғы екі тарауы «тұнған ғылыми публицистика» (кей тұстары фантастикалық) деп баға береді. «Алайда, классик ақын үшін осы жанрдағы шыққан ең биік Алатауы «Социализм» ғылыми-публицистикалық эссесі» деп тұжырымдайды. Алаш қайраткері, тарихшы, әдебиетші, ғалым Х. Досмұхамедұлының ғылыми публицистика әлеміне сіңірген еңбегі орасан зор. Оның медицина, гигиена, биология, табиғаттану тақырыптарына арналған ғылыми-танымдық публицистикасы бір төбе. Сондай-ақ, ғылыми-танымдық публицистикадағы С. Ерубаевтың үлесі жайлы профессор Т. Кәкішев: «Саттар Ерубаев қоғамдық өмірде болып жатқан

өзгерістерге немқұрайлы қарамай, өзін толқытқан ойды, орынды пікірді көркем тілмен шебер суреттеп берген публицист болды. Публицистика оның басқа да шығармаларына тән қасиет еді. Саттар журналистиканың ірілі-уақты жанрының бәрінде де қалам тартты» деп оның ғылыми-танымдық публицистикасы ретінде «Менің құрдастарым» романын, «Келесі соғыс туралы» фантастикалық новелласын атап өтеді [2]. Ғасырдың алып тұлғасы М. Әуезов өткен ғасырдың 20-жылдарында қазақ арасына ғылыми идеяларды неғұрлым ұғымды әдіспен тарату турасында отыз шақты мақалалар жазған. Семей оқытушылар семинариясында бірге оқыған Жүсіпбек Аймауытовпен бірлесіп жазған тұңғыш «Қазақтың өзгеше мінездері» деп аталатын мақаласынан бастап, М. Әуезов ғылыми публицистика проблемасына көптеген мақалаларын арнады. «Осы күнгі біздің көп мұқтажымыздың ішінде ең ірісі – ғылым...» Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып арналмағаны анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда, тілі кемшілік қылып, не түрлі болып аламыштанатынын сынады. «Ғылым анайы топырақты білмейді, еркін, отансыз, анасыз зат» деп есептеген болашақ классиктің өзі «Философия жайынан» және «Япония» деген ғылыми-публицистикалық эсселер жазды.

Қазақ ғылыми публицистикасының осы маркасқаларының туындыларымен таныс болды ма, жоқ па – оны біз біле бермейміз, алайда, өзінің шығармашылық шабытының арқасы ма, Қазақ Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ақжан Машанов XIX ғасырдың екінші жартысында ғылыми-публицистика әлеміне «Жер астына саяхат» кітабымен қадам басты. Автор оның жанрын «Ғылыми-фантастикалық әңгімелер» деп белгілегенімен, оны құнттап, зерттей оқып шыққан адам оның басым бөлігі геологияның, жер мен космостың арақатынасын, халық ауыз әдебиетіндегі кейбір сюжеттердің аспан денелерімен байланыстылығын қызықты хикаядай баяндайтын ғылыми публицистика сарынымен жазылғанын бағамдау қиын емес. 1996 жылдың 26 шілдесінде «Заман-Қазақстан» газетінің тілшісіне берген сұқбатында Ақжан Машанов: «Бұл адамды мен зерттеймін, осы жолға түсем» деген берік байламға келдім де, Қаныш марқұмның алдына кірдім ғой. Мені білетін, жақсы көретін. Тауда, экспедицияда талай бірге жүргенбіз. «Қаныш аға, – дедім, – әл-Фараби сияқтанған дүние жүзі білетін ғалымды біздің білмей отырғанымыз масқара, намыс емес пе?!

Мен осы кісіні іздеймін...» – деген сөйлемдермен бастаған екен [2].

Содан бергі А. Машановтың ғылыми-шығармашылық мақсаты әл-Фарабидың баға жетпес мұрасын зерттеу, саралау, қалың оқырманға қаймағын бұзбай жеткізу болды. Сол ерен еңбегінің алғашқы жемісі – «Әл-Фараби» тарихи-деректі кітабы.

Сол кездегі Ғылым академиясының президенті, академик Ш. Есенов кітапқа алғысөз жазған. Онда: «Бүгінгі таңда Қазақстанда Фарабидің «қайта тууына» көп қайрат жұмсап жүрген еңбеккер ғалым Ақжан Машанов өзінің көп жылдық еңбегінің жемісі ретінде осы «Әл-Фараби» атты кітабын ұсынып отыр... Оқушыны өзіне қызықтырарлық тартымды әңгіме-аңыз, ғылыми дерек, батыл гипотезалар кездеседі. Соның бәрі қосылып келіп әл-Фараби туралы түсінікті молайта түседі. Халықтық ілім-білімді кең қамтыған, берерлік мағлұматы мол, көп нәрселерге жаңаша қарауға шақыратын, қиялды қозғайтын қызғылықты туынды» – деп, жоғары баға берген.

Кітапта: «Ғылым болсын, дін болсын, саясат болсын – бәрі де адамның өміріне байланысты туған нәрселер ғой. Адам білгенді адам неге білмесін. Олай болғанда, осылардың бәрін де қалдырмай білу керек. Білгенде, олардың бір ғана үзіндісі емес, бастан-аяқ тегіс адақтау керек», – деген қағида жазылған. Осы қағидатты ұстанған шығарманың бас қаһарманы өзінің алдында өткен геометр, астроном, оптик, метеоролог, медик, психолог, сазгер Әбу Юсиф ибн Исхак әл-Киндидің жаңалықтарын публицистік жалынмен қорғай білді. Автор тек қана Фараби келбетін төңіректеп қалмайды. Сонымен қоса, асыл тастарды жіктеп, саралау, әр алуан «сиқырлы» сандардың құпиясын ашу, адамның мәдени қадамының әліппесі мен санның қарым-қатынасын ажырату, жыл қайыру аңыздарын баяндау, Нысан абыз хақындағы әфсаналар мен әлемнің жеті ғажабын сипаттау, тағы да қыруар құпияларды ақиқат публицистік арынмен өрнектейді.

А.Машановтың шоқтығы биік дүниесінің бірі – «Табу» хикаяты деп жазды ғалым мақаласында. Автор тек өзіне тән «шығармашылық елгезектігімен» оқырмандарын жер беті, планетаның төменгі қыртыстары былай тұрсын, космосқа «алып кетеді». Ол Қорқыт атамен «кездестіреді». Тағы да айналып-үйіріліп Фараби феноменіне соға береді. Мұның бәрін кітаптағы бас кейіпкер – Маңғаз ұстаз: «Менің айтар сөзім... жаттанды, жасанды, жалған сөз емес. Иесі жоқ жетім сөз емес... Сөздің асыл тегі оның терең

тарихында. Ғылымның да шыққан көзі сонда. Білім бұлағының бастауы – ана тілің... Ғылымның, білімнің, өнердің, өмірдің басы осында», – деген тұжырым жасайды. Астрономиялық аңыздар, олардың ертегілермен кіндіктес екендігінің фантастикалық дәйектерін А. Машановтың Ж. Машановамен бірге жазған «Ғажайып от ошағында» деген ғылыми-публицистік еңбегінен табар едік. Бұл кітапта қазақ халық ауызекі әдебиеті және де басқа шығармалардағы аспан хақындағы болжамдар, даналық есептер, археологиялық қазбалардан табылған ежелгі дүниелер, халықтардың космологиялық ұғым-танымдарының шығу, даму хикаялары, Орталық Азия мен Қазақстанның, тіпті, күллі Шығыс аймағындағы мәдени мирастар әл-Фараби зерттеулерінің дәйектемелерін негізге алып қарастырар болсақ, А. Машановқа тән сол баяғы ғылыми-публицистикалық мәнер мен екпін айқын байқалады. А. Машановтың көзі тірісінде жарық көрген соңғы дүниесі «Ай арысы» – Ғылым жаңалықтары» кітабы. Мұнда, негізінде, коммунистік атеизм қаншама жылдар бұғау салып келген алхимия, астрология секілді ғылым салалары жөніндегі озық көзқарастар қайта жаңғыртылды. Автор: «әл-Фараби алхимия негізін бүкіл ғаламның жаратылуымен, оның әрі қарай дамуымен байланысты өте кең мағынада қараған. Ал бұл ғылым өзімшіл, күншіл, надан адамдардың қолына түссе, олар оны сол адам ниетіне бейімдеп алады. Қысқасын айтқанда, әл-Фараби шындық іздеген ғалымдар үшін химия ғаламның сырын шешетін, сол арқылы ғаламның Жаратушы Иесін тану, соның жолымен жүру үшін алхимия – өзін-өзі мадақтау құралы», – деп жазған. Осы алхимия – біздің журналистика үшін тың тақырып.

Жоғарыда шолу-пікір білдірген кітаптардан да басқа, әр кезде газет-журналдарда жарияланған «әл-Фараби, Кеплер, Галилей және Ислам», «Әл-Фарабидің Нұрнамасы» тәріздес жарияланған қыруар мақалалары да ғылыми публицистиканың негізгі миссиясын айқындай түсері анық. А. Машановтың ғылыми-публицистік шығармашылығын әлі толыққанды зерттелген жоқ. Ғалымның көптомдық шығармалар жинағын шығару қолға алынды. Публицист еңбектерінің 4 томы жарық көрді. Оларға «әл-Фараби» романы, «әл-Фараби және Абай», «Жер құрылысы», «Қазақстанның тас-қола дәуірі мирастары», «Тасқа түйілген тарих» секілді уникал-туындылар енген [2].

Ғылыми-публицистиканы зерттеуші ғалым М. Мукашева: «Многие видные казахские жур-

налисты, писатели и общественные деятели периодически так или иначе обращались к научной журналистике: Букейханов А., Торайгыров С., Аймауытов Ж., Ауэзов М., Тынышбаев М., и многие другие» деп публицистика көздерін халық фольклорынан, ақын-жыраулар шығармашылығынан іздеу қажеттігін айтады. Зерттеуші Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар жыраулар, Шал ақын шығармаларынан ғылыми-танымдық дүниелер қарастырады. Ғалымның халық ауыз әдебиеті жауһарларын тізбектеуінде жан бар. Халық ертегілерінде ғылыми таным маржандары сақталса, мақал-мәтел, жұмбақтарында ой тұнып тұр. Мәселен, халқымыз табиғи құбылыстарға қатысты «Күркіреген бұлттың жанбыры аз», «Сәуір болмай, тәуір болмас», «Жел дауылды шақырады», «Қаз келсе, жаз келер, қарға келсе, қатқақ келер», «Үркерлі айдың бәрі қыс», «Жаз сайға қонба, қыс қырға қонба», «Сүмбіле туса, су суыр» секілді мақал-мәтелдерде дүниетану ғылымының негіздерін табамыз. Қазақ жұмбақтарының да көпшілігі ғылыми-танымға негізделген. Мәселен «ауа» ұғымын «Көзге ілінбейді, жұтсаң білінбейді» деп жұмбақтаса, «Бір халық аспанда ұшқан аяғы жоқ, ұстаған қолдарында таяғы жоқ, Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді аяғы жоқ» деп бұлтты сипаттайды. Демек ғылыми-танымдық публицистика қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасымен, таным-түйсігімен біте қайнасып бірге дамып келеді. Атын атап, айдар тақпаса да күнделікті тұрмыс тіршілігіне, табиғи құбылыстарға, өмір заңдылықтарына терең таныммен қарап, философиялық түйін, ғылыми тұжырымдар жасалған. Халық ауыз әдебиетіндегі ғылыми-танымдық публицистиканың айқын нышандары халық ертегілерінде көрінеді. Бірқатар ғалымдар халық шығармашылығы әртүрлі уақыт кезеңдерінің мәдени синтезі ретінде қарастырады. Фольклордың қара сөзбен айтылатын, ерекше мол түрінің бірі – ертегі. Ол халықтың ауызша айтатын көркем әңгімесі.

Қазақ ертегісі есте жоқ ескі замандардан бастап беріге шейін болған талай ұзақ-ұзақ дәуірлердің кездерінде туған, өсіп, көбейіп келген мол дүние. Онда сонау арғы үйсін, қаңлы руларының кезінен санап, Қыпшақ елдігінен, монғолдар жорығының тұсынан, Алтын Орда үстемдігі дәуірінен айтылып келген көне әңгімелер көп. Қазақ атты ел құралмастан бұрын, мұсылман діні кірместен бұрын ескі руларға түгел ортақ болған ертектер бар. Дүниетану, дінге нану, шаманизм, буддизм бағытында болған кездерде шыққан ертектер де бар тәрізді. Одан бері-

де ислам діні арқылы, кітап арқылы тараған діни ертектер тағы бар.

Бертінде қазақ халқы қалыптанып, тілі жекеленіп, шаруашылық, салт-саналық, қоғамдық өзгешелігі айқындалған сайын, сол ел ортасында бұрынғы ескі әңгіменің қайсысы болса да тыңнан қорытылып, жаңғырып, қайта туғандай боп әңгімеленетін болған.

Қазақ халқының аузында сақталып қалған, өзінше өңделген, өзгертілген, өз тәні болған ертегілер қазақ фольклорындағы ұшан-теңіз қазына болмақ керек.

Ертегілер бай фольклор жанры ғана емес, ғылыми-танымдық публицистикаға да жатады. Бірақ, осы байлықтың ғылым жолымен жиналып, зерттелуі аса кемшін боп келеді. Қазақ ертегісіне көңіл бөлген кісілердің саны бірқатар. Бірақ бұлардың бәрі де зерттеу, тексеру жұмысын аз жасап, көбінесе естіген ертегілерін жинаумен болған.

Әрине, деректер, фактілер жиналып болмай, ғылымдық байлау, қорытынды жасау мүмкін емес. Әуелі ертектердің ауызда жүрген барлық мол байлығын жазып алып, жиып, жарыққа шығарудың өзі де ғылым жолындағы үлкен еңбек.

Қазақ фольклорының үлгілері, оның ішінде ертегілері де XIX ғасырдың басынан бері қарай жинала бастады.

Қазақ ертектері ең алғаш қомақты болып академик В.В. Радлов жинағында басылды¹. Қазақтың ауыз, жазба әдебиетінің басқа үлгілерімен қатар, Радлов жинағына: «Алтын бел», «Хан Шантай», «Еркем Айдар», «Жақсылық пен Жамандық», «Хан қызы», «Түс сатқан тазша», «Молданың үйінде оқыған бала», «Түлкі, қасқыр, жолбарыс», «Дудар қыз», «Балқан тау», «Үш ұл», «Қармақ салған жігіт», «Қарағөз сұлу», «Алтын бас, күміс аяқ», «Ақсақ Темірхан», «Киік» деген ертегі, аңыз әңгімелер кірген. Радлов қазақ ертегілерін естілуінше, тіл, сөз ерекшелігін сақтай, дәл жазып алуға тырысқан.

Радловтан бұрын қазақ ертегілерін Шоқан Уәлиханов, профессор Березин, Ильминскийлер де едәуір жинаса да, дәл Радлов сияқты ғылыми жүйеге келтіріп, қазақ тілінде бастырып үлгермеген. Березин жинаған ертектердің бірқатарын кейін өзінің хрестоматиясына кіргізді. XIX ғасырда қазақ ертегілерін көп жинаған А.Е. Алекторов пен Г.Н. Потанин. А.Е. Алекторовтың қазақ арасынан жинаған ертегілері орыс тіліне аударылып, сол кезде қазақ даласында шыққан газет, журналдарда («Дала уәлаяты», «Тургайская газета», «Астраханский вестник»,

т.б.) 1880-1890 жылдар арасында үнемі басылып отырған. Алекторов XIX ғасырдың тек соңғы 20 жылының ішінде жүзден артық қазақтың ертегі, аңыз әңгімелерін жинап бастырған. Мәселен, 1893 жылы бір ғана «Астраханский вестник» газетінде: «Ағайынды екі ку», «Лұқпан хақим», «Айтуған батыр», «Омар молда», «Жиренше мен Алдаркөсе», «Қарағай мен сексеуіл», «Абы жылан», «Ағайынды үш жігіт», «Алдаркөсе мен Шық бермес Шығайбай», «Хан мен жігіт», «Ер Қосай батыр», «Түлкі мен қой», «Тақ Сүлеймен», «Өтірік ертегі», «Залым Қали», «Әулие бала» атты ертегілер жарық көрген. Жазушы М. Әуезов те қазақ ертегілерін жинап, зерделеуге де ерекше ден қойған. Ол қазақ ертегілерін бес түрге бөліп қарастырған. Ал, орыс ғалымы Г.Н. Потанин Сибирь татарларының, алтай, моңғол халқының ертегі, әңгімелі жыр (эпос), аңыздарын жинаумен қатар, қазақ даласын да көп аралап,

ел аузынан мол ертегі, жыр әңгімелер жинаған және сол жинағандарын зерттеп отырған. Өзінің «Европаның орта ғасыр эпосында шығыстық сарындар» дейтін еңбегінде Потанин қазақтың көптеген ертегі, аңыз әңгімелерін, сюжетін келтіріп, бірталай қазақ ертегілері мен аңыздар ертедегі дүниетанумен байланысты туғандығын көрсетеді. Алайда, Потаниннің зерттеу әдісі буржуазиялық салыстыру әдісінің дәрежесінен аса алмады, материалы мол болғанмен, ғылымдық қорытындыларының бірталайы теріс еді. Потаниннің қазақ арасынан жинаған ертегілері әрбір газет, журналдарда басылудан басқа, өз алдына жеке кітап болып «Қазақ, Алтай ертегілері» деген атпен 1916 жылы шықты [5]. Алайда, қазақ ертегілері ғылыми-публицистика ретінде зерделенген жоқ. Енді ертегіні ғылыми публицистиканың қайнар бастауларын зерттеуде негізгі нысана ретінде қарастыруымызға әбден болады.

Әдебиеттер

- 1 Мукашева М.Т. Развитие научно-познавательной журналистики. – № 1 (74). – 2010.
- 2 Егикова В. М. Научная журналистика в Европе// Стенограмма мастер-класса «Наука в СМИ сегодня. Опыт российской и британской журналистики». – СПб., 2003, 4-5 апреля.
- 3 Абдул-Хамид Ф. Мархабаев. Ғылым насихаткері. – Түркістан. 17 қазан, 2011 жыл.
- 4 Мукашева М.Т. Публикации о науке в первых казахских периодических изданиях. – <http://repository.enu.kz:8080/handle/data/10961>
- 5 EL.KZ. Қазақ ертегілері.

References

- 1 Mukasheva M.T. Razvitie-nauchno-poznovatelnoijournalistiki. – №1 (74). – 2010.
- 2 Egikova V.M. Nauchnaiyajournalistika v Evrope// Stenogramma master-klassa «Nauka v SMI segodniya. Opytrossiiskoy I britanskoijournalistiki». – SPb., 2003, 4-5 apreliya.
- 3 Abdul-Hamid F. Marhabaev. Gylymnasihatkeri. – Turkistan. 17 qazan, 2011 jyl.
- 4 Mukasheva M.T. Publikasii o nauke v pervyh kazakskih periodicheskikh izdaniyah. <http://repository.enu.kz:8080/handle/data/10961>
- 5 El.kz. Qazaqertegileri.

Мергенбаева Қ., Данаева Н.,
Балабекұлы Д.

**А.-Х.Ф. Мархабаевтың ғылыми
публицистикасы**

Мақалада профессор А.-Х.Ф. Мархабаевтың фантастика жанрындағы шығармашылығы мен ізденістері қарастырылады. Зейнолла Қабдолов қазақ фантастикасының негізін салушы ғалым, профессор А.-Х.Ф. Мархабаев туралы: «Қазақ жазба әдебиетіндегі фантастиканың даму дәуірлерін де бірінші боп жіктеген Мархабаев. Қазақ әдебиетінің күллі туу, қалыптасу, даму процестерімен байланыстыра, сабақтастыра отырып, жеке фантастиканың жүріп келе жатқан творчестволық жолын кезең-кезеңге бөлгені де талас тудырмауы тиіс. Бұл дегеніңіз – өзінен кейінгі фантастикатанушылар үшін бағдаршам болар деген сөз», – деп баға берген. Сондай-ақ, ғалымның фантастика жайындағы ғылыми монографиясындағы теориялары мен дәлелдемелері жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: галактика, фантастика, фольклор, ғылыми-зерттеу еңбектері.

Mergenbayeva K., Danayeva N.,
Balabekuly D.

**A.- H.F. Marhabaev`s
scientific publicism**

This article deals with the creativity and research works of professor A.H. F. Marhabaev in the field of fantasy. Professor Zeynolla Kabdолоv noted: «Marhabaev was the first researcher of fiction in Kazakh written literature. His study of the processes and the relationship of science fiction literature, including fiction and creative way all of Kazakh literature, the birth, formation, development should not cause controversy. For the future fantastic researchers, his works should be a pointer». As well as in the scientific monograph scientist discusses his extensive evidence and a theory of fiction.

Key words: galaxy, fantasy, folklore, scientific-research works.

Мергенбаева Қ., Данаева Н.,
Балабекұлы Д.

**Научная публицистика
А.-Х.Ф. Мархабаева**

В статье рассматриваются творчество и научно-исследовательские труды профессора А.-Х. Ф. Мархабаева в области фантастики. Профессор Зейнолла Кабдолов оценил труды основателя фантастики, казахского ученого, профессора А.-Х.Ф. Мархабаева: «Мархабаев был первым исследователем периодов развития фантастики в казахской письменной литературе. Его исследования процессов взаимосвязи фантастики и литературы, в том числе и творческий путь фантастики всей казахской литературы, рождение, становление, развитие не должны вызывать споров. Будущим фантастиковедом его труды должны быть указателем». Также в научной монографии ученого рассматриваются его всесторонние доказательства и теория фантастики.

Ключевые слова: галактика, фантастика, фольклор, научно-исследовательские труды.

А.-Х.Ф. МАРХАБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Қазақ қиялының теориясын негіздеуші А.-Х.Ф. Мархабаев «Білім және Еңбек» журналының 1970 жылғы қазан айындағы нөмірінде: «Әдетте әдебиеттің бұл саласы шарықтап шалқыған қиялдан, асқақ арманнан туатын болса керек. Кейбіреулердің «фантастикалық әдебиет» деген сөз тізбегін құлағы есіткенде, «ә, әлгі космос, жұлдыздар ғой» деуі де сондықтан шығар. Иә, біздің фантастикада космос та бар, жұлдыздар да бар, галактикалар да бар. Тіпті бұл тақырып бізде жиірек кездесуі мүмкін. Алайда біздің Жерге түсетін де кездеріміз болады. Бұл жерде мен планетамыздағы болашақты болжалдау мәселесін айтып отырғаным жоқ. Ол мәселені бір адамның өз басы, болмаса жұп-жұқа журнал көлеміндегі мақалада түбегейлі шешіп тастаймын деуі күлкілі боп та естілер. Дегенмен де қазақ топырағында кешелі-бүгін туған фантастикалық шығармаларды инені жіпке тізгендей хаттап шықпай, олардың туу заңдылықтары, дүниежүзілік және одақтық әдебиеттің оларға жасаған әсері төңірегінде аз-кем әңгіме қозғамақпыз.

Халқымыздың тарихының елең-алаңында фантастика қиялға жайып ертегілер бейнесінде дүниеге келді. Өз жауынан мерейін артық қою үшін халық өзіне қамқоршы ретінде қайраты таудан асқан батырлар жөнінде жырлар шығарды. Оларға қарсы қаншама сан аяласы бар жезтырнақ, мыстан кемпір, жалмауыз кемпір және басқа да сыйқырлы перілер, диюлерді ойлап тауып, олардың батырлардың аяғына жығып беріп отырады. Ал Ер Төстік тәріздес ертегінің ерлері Көлтауысар, Таусоғардай күш иелерін қалаған жерінде жұмсай алды. Осылардың бәрінде де басты кейіпкерлер, қиялдан туғанмен, олардың қимылы замана шындығының шекарасынан асып кетпей, сол өз тұсына лайықты дегендей мөлшерде ғана көрінеді.

Бертін келе жақсы тұрмыс аңсаған Қорқыт, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» елді іздеген Асанқайғы. Бұларды да сол өз тұсы, өз заманы дүниеге әкелген. Себебі тек сол кездерде ғана «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» елді аңсауға, сол ел жөнінде қиялдауға тарихи әлеуметтік жағдай сай келетін еді.

Махамбет пен Абайдан кездесетін жүйрік қиялға негізделген фантастикалық мотивтер кейініректегі Жансүгіров, Мұқановтардан да үндестік тауып жатады. Бірін екіншісі толықтырып, байытып жатады.

Қазақ фантастикасының елең-алаңындағы шығармаларының басқа халықтар фантастикасынан оқшауланып, ерекшеленіп әп дегенде көзге ұрып тұратын қасиеті – поэзияның басымдығы.

Қазақ жазба әдебиетінің алғаш дүниеге келген уақытында көптеген ақын-жазушылар ауыз әдебиетіндегі фантастикалық болжамдарды да пайдалана бастады. Оның мысалын Абайдың «Ескендір», «Масғұт» поэмаларынан, Жамбылдың «Өтеген батыр» толғауынан т.б. көптеген дүниелерден табуға болады. Ғылым мен техниканың жаңа белеске көтерілуі фантастиканы түр жағынан молайтып, мазмұн жағынан байыта түсті», – деп сараптамалық мақаласын жариялайды.

Қазақ қиялының жаңа дәуірінде өткен заман қиялы мен жаңа заманға көш тіккен уақыт иіріміне ілескен А.-Х.Ф. Мархабаев шығармашылығы мен ізденісі турасында академик Серік Қирабаев: «Негізінде фольклорда арманнан басталған қиял дүниелері, ғылыми фантастикадан «бағын сынап» көріп, қайтадан қоғам проблемаларына өздігінен оралуы – жанрдың «жазылмаған» творчестволық заңының бір тарауы болар ма?» деген де ой бар... Сол жолға алғашқы түскен Абдул-Хамид Мархабаев сияқты жоғарыда ел назарына өз туындыларымен белгілі болып қалған қиялгер-қаламгерлердің алғашқы легінің аттарын тізгенде, бұл қаламгерді қоспағанда, өзіндік ойымыз болды.

А.-Х.Ф. Мархабаев тұмса жанрымызға тұңғыштардың сапында енгенімен-ақ өзінің даралық «творчестволық мінезін» көрсетіп үлгірген-ді. «Жалын» альманах форматында әдебиет әлеміне енген кезде, үшінші санына аталмыш автордың «Күнге тағы дақ түсті» повесі жарияланды. Ол тұста есімін біреу біліп, біреу біліп жарытпаған талапкер осы дүниесімен қиялсүйер оқырманды елең еткізбей қоймаған шығар.

Өткен ғасырдың орта шенінде «қазақтың қиял қарлығаштары» шығармаларындағы кейіпкерлердің көбіне-көп басқа планеталар, «ең бергісі» Америка секілді капиталистік елдерден қарастыратын. Мына повесть те сол «құмарлық гравитациясынан» табылған. Төрт тараудан тұратын туындыдағы бас қаһарман – Екі Мың Үшінші астронавтың ғарыш сапарларында басынан кешкендері хикаятталады. Олардың алғашқысында өз планетасында егін егетін топырағы тозғасын, галактиканың басқа қойын-қолтығынан ыңғайлы нысан іздеуге шығады. Оны табады да. Сосын өз кемесімен оны «артынан» итеріп, Жерге бағыттайды. Алайда жолда фотонмайы таусылғасын, беймәлім бір саналы тіршілік иелері бар планетаның ор-

битасына «түсіп», оның қожайындарынан көлігіне отын сұрайды. Олар тек қана өздеріне тосын көрінетін, ерекше аса ерекше де қымбат бір бұйымға ауыстыра алатындарын білдіреді. Астронавт көлігіндегі жазушы әкесінің қағаз кітабын олардың көзі шалады. Фотонмай беріп, кітапты қалап алады. Жолаушы жатжұрттық кішігірім нысанды ауылына аман-есен жеткізеді. Тарау «Құдірет» аталған. Демек, кітаптың құдіреті Галактикаға да жүргені...

«Түзету» тарауында бас кейіпкер «Жер планетасының басынан кешкен тарихы» аталатын бейнетаспаны СТА-102 жұлдызының Төртінші планетасына түсіруі керек. Өз ауылындағы Ұлттық басқарма таспаның мазмұнымен танысуға тыйым салған. Оған құлақ аспай, астронавт өз компьютеріне салып қараған. Оның назарына іліккен басты желі – Жер планетасында 1945 жылғы 6 және 9 тамызда шамамен 130-132 градус бойлық пен 33-34 градус ендіктен «бұрқ» еткен екі «саңырауқұлақ» өсіп шыққан тұсты таспадан қиып тастаған. Қайта оралғанда, ол қылығын біліп қалған астронавтарының миына басқа бағдарлама дарытқан...

Ұзақтау болса да тоқтаңқырап отырған шығарманың негізгі идеясы – «қай ортада жүрсе де қиял кейіпкері гуманизм, бекзаттықты туғып көтеруге міндетті» деген дәйекті автордың фантастика тілімен әспеттегенін қайта еске салу. Алғашқы көлемді дүниесімен кісілік кодексін құбыланама ғып алған қиялгер сол бет-бағытынан таймағанын көреміз.

Мысалы: «Төркіндері табылды!» повесі. Ертедегі бір замандарда Қызғылт Күннің Үшінші планетасынан Жарылқаушы-Жаратушы Күлгін Күннің Қосбас Самұрық нысан-планетасына апарып тастаған био және қарабайыр теміртектер «өз аяқтарынан тұрып», ғарыштан есті елдерді іздейді. Тапқандарына күш көрсетіп, басып алудан да «кет әрі» емес. Сондай ізденісте, соғысқа сайма-сай әзірленген бұлар көздеген нысандары байырғы өз отандары болып шығады! Енді сол төркіндеріне бауырластық құшағын ашады...

«Фиеста, әлде Әбе апексі» повесінде Ісмер планетасы «батыс Галактикалық Жайсаң Кітаптар Жарысын» жариялайды. Авторлық ремаркада: «Бұл, әрине, – Қызғылт Күн жүйесі сұрыпталып, оның оңды-солындағы планеталардағы есті жан иелері өсіп-өріп, тұқым таратып, жан-жағына ойлы көз тастағаннан бері естіп отырған жанға жағымды алғашқы хабары», – делінген. Бәйгеге қатысу ниетімен Қызғылт Күннің Үшінші планетасы Реж Іріктеу Тобын құрып, шығармаларды сараптайды.

Кітап қазақ әдебиетіндегі фантастика туралы сыни-ғылыми зерттеулердің арасындағы елеулісі. Мұнда біздің әдебиеттің осы саласындағы бүкіл өткен жолы ғылыми, нақтылы, дәйекті түрде сараланады. Автор қазақ әдебиетіндегі фантастиканың кейінгі 30-40 жылдың туындысы дейтін үстірт көзқарасты үзілді-кесілді теріске шығарып, бұл жанрдың түп бастауы сонау ауыз әдебиетінде, қиял-ғажайып ертегілерінде екенін көз жеткізіп дәлелдейді. Оның бүгінгі жай-күйін бағамдап, болашақтағы бағыт-бағдарын бағамдайды.

Біз «таза» фантастикамен шұғылданып жүргенде, Абдул-Хамид Файзуллаұлы Мархабаев шығарма жазумен қатар, аталмыш жанрды жеріне жеткізе зерттеумен айналысты. Әдебиетті заңғар ғимарат десек, соның бір керегісі осы фантастика болғанын көру қиын емес. Оны алдымыздағы тыңғылықты зерттеу еңбектің шымылдық ашар бетіндегі эпиграфы да дәлелдей түсті. Онда: «Сұрақ: «Осы қазақта фантастикалық әдебиет бар ма?» Жауап: «Жалпы қазақта әдебиет бар ма?» деп сұрайыншы одан да...» деп жазылған. Осының өзі-ақ көптеген мәселелерді шешіп беріп отырғанын айтуымыз абзал.

Бұл тек ғылыми зерттеу емес, сонымен қатар әдебиетке бүйрегі бұратын, жұртшылыққа бағышталған танымдық дүние. Бұлай деп қысқа қайыру да жетімсіздік қылады. «Қазақ фантастикалық әдебиеті» – жоғары оқу орындарының филология немесе журналистика факультеттері үшін дайын оқулық. Ал орта мектепке келсек, Өзірбайжан Республикасы фантастиканы жеке пән есебінде мектептердің оқу жоспарына кіргізгелі қашан. Бізде мұны ойластыратын, ойластырып қана қоймай, жүзеге асыратын уақыт жеткен секілді.

Бәрінен бұрын бұл еңбекте бұрынғы әдеби зерттеулердегідей үйреншікті бөлім, тарау сөздерін таппайсыз. Еңбектің пафосына сай келетін фантастиканың ауа райын көз алдыға келтіретін – «орбиталар». Олар «Бірінші орбита» деп басталып, «Алтыншы орбита» дейтін зерттеу кеңістігіне шығып кетеді.

«Бірінші орбитада» қазақ халқының озық ойынан туған қиял-ғажайып ертегілері, жырлары, дастандары, фантастикалық күш-қайрат, физиологиялық кереметтер дарыған батырлары, ерлері, керек десеңіз, сыйқыршылары, түрлі-түрлі бейнелерге айналатын жан-жануарлары, дүние-мүліктері қиял қырынан келіп талданған. «Екінші орбитада» алтын казынамыз – фольклорда Абайға ұласып, одан қазақ ақын-жазушыларының ауыз әдебиеттің бұлағынан, фантастикалық элементтерінен, идеяларынан нәрленіп, өзіндік

ерекше шығармалар жазғаны, олардың творчестволық әдістері әңгімеленген.

«Үшінші орбита» қазақ жазба әдебиетіндегі фантастиканың деталь, эпизод, арман, тұтастай қиял-көріністерін баяндайтын туындылар және басынан аяғына дейін фантастикаға арналған Саттар Ерубаеттың «Келесі соғыс туралы» новелласы таразыланған.

«Төртінші орбита» «Фантастика ұлы жолға шықты» деп аталады. Онда қазақ фантастикасының толыққанды жеке жанр болып қалыптасқан бүгінгі таңдағы даму, кемелдену кезеңін қарастырған. Олар турасында тек өзіне ғана тән көзқарасын айқын танытқан. Осы салаға қойылатын талап-тілектерді екшеп көрсеткен. Күллі әлемдік әдебиеттегі фантастикаға қатысты теориялық дәйектемелерді саралай келіп, олардың қазақ топырағына қайсы «баптары» құнарлы екенін жан-жақты түйіндеген.

Еңбектегі «Бесінші орбита» «Әр жыл ақиқаттары» деген тақырыппен берілген. Әдеби сыншы Абдул-Хамид Мархабаев мұнда соңғы 30 жылдағы күнделікті тыныс-тіршілік хақында жазылған проблемалық талдау мақалаларын топтастырған.

Мәселенің тоқ етеріне келсек, осылардың бәрін жинақтап қарасақ, «Қазақ фантастикалық әдебиеті» атты еңбекті батыл түрде осы саладан сан алуан мәлімет беретін туынды деп бағалауға әбден болады.

А-Х.Ф. Мархабаевтың басқа шығармаларын айтпағанның өзінде, оның соңғы жылдары қаламынан туған «Қазақфантастикалық әдебиеті» атты монографиясы қазақ фантастикасын тануда тендесі жоқ үлкен туынды. Алты бөлімнен тұратын бұл еңбектен қазақ фантастикасының ауыз әдебиетіндегі шарана – сәби шағынан бастап, фольклордағы тәй-тәй басқан, бүгінгі дәуірдегі толысқан, кемелденген кезеңіне дейінгі өсу дәуірін көреміз. Халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған ертегі, аңыз-әңгімелерінің өзін қиял-ғажайыптан туған дүние десек, осының өзін қазақ фантастикасы демеске хақымыз жоқ. Ал фольклордағы батырлар жырларынан оның небір тамаша үлгілерін байқаймыз.

Автор «Қазақ фантастикалық әдебиеті» еңбегінде «Кейбір қызуқанды жолдастар қазақтың жазба әдебиетіндегі фантастиканы кешелі-бүгін ғана туып келе жатқан дүние есебінде қарауда. Олар әдебиетіміздің айдын шалқардай тұтас бір саласының өмір тарихын үстіміздегі ғасырдың 60-шы жылдарының о жақ-бұ жағынан бастайды. Ал, біз болсақ, фантастиканың ауқымын осыншама тарылтып, оның эволюциясын қысқа түсінушілікпен келіспедік. Қазақ жазба әдебиетіндегі бұл жанрдың әрбір дәуір тұсында

түрліше пішінге ие болғанын ескердік» деп, қазақ фантастикасының өмірге келуін тым әріден сонау ғасырлар қойнауынан іздейді.

Адам құдірегі шексіз. Ал оларды серік еткен талант иесі болса артылар жүк өлшеусіз. Ондай бақытқа ие болған шын адам ұлт рухын көтеруді, зұлымдықты жоюды, қасиетсіз мінезден арылуды бірінші кезекке шығарады. Әбағаң да халқым үшін деп қиял әлемінде қанат қаққан ойларын шаранасынан ізгілікке қарай шайқап, оны өмірдегі тіршілікке бейімдеп қағазға түсіріп, жұртына ұсынды. Оның сондай ізгілікті көкесген фантастикалық көркем дүниелерін бұл арада талдап жатсақ, біраз жерге ат шалдырамыз белгілі. Дегенмен, қаламгердің туындыларын оқып отырғанда, ерекше жанр саналатын фантастиканы жіті меңгеру үшін ғылымның төрт құбыласынан хабарың мол болу керектігін түсінесің. Мектептегі жаратылыстану пәндері тақияңа тар келеді, ұмтылмасаң, үйренбесең түк шығара алмайсың. Бұл тұрғыдан келгенде, біз әңгімеге арқау етіп отырған жазушының қай жағынан келсең де ой өресі биік, айтары мол, берер тағылымы жетіп артылады. «Ғарыштағы қымыз» атты хикаятындағы оқиғаның өзі неге тұрады.

Фантаст жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ұстазымыздың «Қолыңды әкел, Келешек. Қазақ фантастикасы: кеше, бүгін және ...» (1978), «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (1998), «Қиялгер қисындары – 1. Қисынды қазақ қиялы» тағы басқа ғылыми еңбектерін оқып шықтық. Қазақ ғылыми және әлеуметтік фантастика жанрының іргесі, кейбіреулер айтқандай өткен ғасырдың 30-40-жылдарынан басталмайды екен. Ғалым ұшқары пікірдің ұшық-ұшығын шығарды. Бұлтартпайтын дәйектермен сан ғасырлардан тамыр тартқызып, оны ауыз әдебиетімен жалғастырып, «Ертегі жалған дегенмен, онда да бір тұспалдау», деп А. Пушкин меңзегендей, қиял-ғажайып ертегілер мен фольклорға ұштастырады. Оған мысалдар келтіріп, ұшқары пікір айтқандардың мысын басады. Одан батырлар жырына ат басын тіреп, зұлымдықты жеңген ақыл-парасатты, атса мылтықтың оғы өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін, суға салса батпайтын Қобыланды, Алпамыстардың еңбегін алға тартып, жеріне жеткізе дәйектейді. Тарихта өз орны бар тұлғалардың туындыларына тереңдеп, ізденістердің іргелілей келіп, осы жанр бойынша іргелілей түскенін, қазақ фантастикасының тізгін-шылбырын алғаш ұстағандар – Мұхтар Әуезов («Дос – бедел – дос»), Ақжан Машанов («Жер астына саяхат») болғанын айтып, олардың ізбасарларының шығармаларына талдау жасайды. Осы тұста тағы бір ардақты ұстазымыз, академик

Зейнолла Қабдоловтың ол туралы жылы лебізін еске түсірер болсақ, Хамаң 60-жылдардағы қиялгер жазушылардың алдыңғы легінде болғаны – бұл енді рас. Ақтаңгер ғалым фантастиканы қазақ топырағында ғылыми тұрғыдан зерттеу ісінде оның тұңғыш екеніне назар аударады да: «Ол тек қана көркем шығармалар жазумен шектеліп қоймай, біз үшін «тұмса жанр» – фантастиканың тарихы мен теориясын қарастыра бастады», – деп түйін жасайды.

Қиялгер жазушының еңбегі әр жылдары түрлі баспалардан жарық көріп келеді. 2008 жылы Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен шыққан «Шортан планетасы, сен кінәлісің» атты кітабы оқырманға жол тартқан болатын. Кітаптағы ойдан шығарылған оқиғалар, қиялдан құрастырылған кейіпкерлер өз оқырманын ғажайыптарға жетелейді.

А.-Х.Ф. Мархабаевтың газет-журнал бетінде жарияланған зейінді зерттеулерінде фантастиканың келешегі, болашағы, даму көрсеткіштері айқындалып жатады. 1991 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Қазақ фантастикасындағы ғарыш кемелері» атты еңбегінен көп мағұлмат алуға болады. Мақалада: «Фантастика үшін белді көліктердің де сүйіктісі не? Әрине, дұрыс шамалап отырсыз: ғарыш көліктері. Керек десеңіз, оларсыз ғарыштың түкпір-түкпірінен сапар шегуші келім-сектер табан серіппесі ақиқат. Ендеше, ғарыш кемесінсіз күн көру жоқ.

Әмме Әлем кеңістігінің, қала берді біздің Галактиканың әр тұстарының табиғат жағдайы әр түрлі екені белгілі. Айта берсеңіз, олардағы планеталардың жай-күйлері біріне-бірі қайшы келуі де ғажайып емес. Ендеше, әр планета өз жаратылысына сай келетін ғарыш кемесін жасауға мәжбүр болады.

Осындай көптеген алуан түрлі себептерді есептеп-есептеп келе, ғарыш кемелерінің қыруар, керек десеңіз, мыңдаған түрлерін сызбаға түсіріп, жасау қажеттілігі туады. Бүгінгі таңда осы батпан жүктің пұшпағын, бәрінен бұрын, қаламға қол созған қиялгерлер илеуге тиіс. Солай болып та келе жатқан тәрізді.

Қазір де осы ғарыш көліктері саласында конструкторларымыз нақтылы істер жасап жатқанын айта алар едік. Ал, қиялгер-жазушылар болса, олардан да асып түсуге тырысып бағуда. Мынаны қараңызшы. Мысалы, Талап Сұлтанбековтың бір әңгімесінде мынандай деген суреттеме бар: «...Қарасам, отыз метрдей жердегі жартасты дөңеске бір үлкен доп-домалақ қара бұлт қонақтап жатыр екен. Бұлт дейтін себеп, оны басқа еш нәрсеге жори алмадым. Ені он бес-жиырма метрдей, өзара түйіскен екі табақ

сияқты... Қатты дене дейін десем, ол толықсып, біресе көлбеп, ешбір дыбыссыз қалықтап тұр. «Табақтың» орта шені қою бояулы да, шет-шеті күңгірт тұмандау. Қою бояудың формасы да кішігірім табак сияқты. Үңіліп көз алмай қарап тұрып, ғажап бұлттың ортасында қатты деуге тұрарлық дене бар-ау деген жорамалға келдім. Өйткені, табактың шет-шетіндегі сұрғылт нәрсе ұйытқып, құйындап ішкі табакқа үйіріле қайта теуіп тұрған ауа ағыны сияқты.

Кеме, әрине, тек қана өзінің сыртқы жұлын тұтасымен ғана көлік қызметін атқармаса керек. Оның корпусынан басқа да ішкі астарында қаншама сұмдық күрделі аппараттары болуы тиіс. Осы жағына келгенде, Т.Сұлтанбековтің «Тұңғық» жұлдыз жүйесіне сапар шегіп қайтатын «Байқоңыр» ғарыш кемесінің суреттелуі көңілге қонады. Оның ішінде автоғарышкерден басқа тартылыс күшін өлшейтін гравитомашина, жанды денені өзіне тартып алатын биомагнит, электронды телескоп, электронды ми, атом зеңбірегі, сәуле семсері, сосын кибер бар», – дей келе, сөз соңында, «Ғылым мен техниканың арқасында автор қиялмен жиырма үшінші ғасырда адамзат Жердің тартылыс күшін меңгеріп алады дейді. Сол тартылыс күшін уыстан шығармай ұстағандықтан алғашында «Арман» кемесі Жерге қона алмайды. Сосын жердегілер кемеге қарай гравитациялық өрісті (бүкіл-әлемдік тартылыс күшінің өрісі) бағыттайды да, ғарыш кемесінің конуына мүмкіндік туғызады... Міне, келешекте көлікті басқарудың осындай да

жолы жасалуы ғажап емес-ау!», – деп аяқтайды.

Фантастика саласына шығарма жазу оңай емес. Оның басты қиындығы мен тартымдығы өзі де, өзге де әлі біле бермейтін тың жаңа қияли оймен ұштасқан әсерлі туындысымен тартуында жатса керек. Фантаст жазушының ақыл-ой өрісі кең, шығарма жазуда алғырлығы мен білгірлігі басым, байыпты болуы қажеттілігі сезіледі. А-Х.Ф. Мархабаев шығармашылығында сол сезімталдық, ізденімпаздық, талғампаз сара ойдың қияли қазынасы молынан жатқандығы айқын сезіледі. Зерттеушінің осы салада қалам тартуының өзі Жердің гравитациялық өрісі бар Байқоңырдай ғарыш айлағына жақын орналасуы да болса керек. Автордың көп еңбектері осы ғарыш, космос саласына бағышталған десек, оның бұл төңіректен тамаша әдеби туынды жеткізуінің өзі ақиқатында парасатты іс болғаны сөзсіз. «Космос – біздің асқақ арманымызды, тәтті қиялымызды ғана паш ететін әдебиет әлемі емес. Ол – адамзаттың осыған дейін қолы жеткен табыстарын онан әрі де жетілдіре түсуге итермелеуші майдан алаңы ғана емес. Сонымен бірге ол – әр түрлі мүмкін-ау деген өмір формасы жөнінде де қиял жүгіртетін ұшан-теңіз шалқар кеңістік», – деп әңгімелеуінің өзінен үлкен мағына іздеуге болады. Қазақ фантастикасының ХХ ғасырдағы дәуірінде тыңнан түрен салып қияли дүниеге басым бағыт берген балғын дүние, бұл күнде қазақ ғылыми фантастикасының жаңа дәуірге аяқ басқан алғашқы баспалдағы болып тарих беттерінде суреттеліп қала берді.

Әдебиеттер

- 1 Мархабаев А-Х. Қазақ қиялының «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 3 б.
- 2 Мархабаев А-Х. Қазақ қиялының «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 13 б.
- 3 Кенжебаев Б. Қазақ ертегілері // Әдебиет және искусство. – 1940. – №1. – 79 б.
- 4 Чернышевский Н.Г. Собр. соч. В 16-ти томах. Т.2. – М.: Советский писатель, 1949. – 36 б.
- 5 Мархабаев А-Х. Қазақ қиялының «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 50 б.
- 6 Народные русские сказки Афанасьева. В 3-х томах. – Т. 2. – М.: Советский писатель, 1960. – 15 б.
- 7 Горький М. Собр. соч. В 30-ти томах. – Т. 27. – М.: Советский писатель, 1953. – 105 б.

References

- 1 Marhabaev A-H. Kazak kijalynyn «zhuris-turystary» fantastika zhanry: tarih zhane teorija: oku kuraly. – Almaty: Zhazushy, 2011. – 3 b.
- 2 Marhabaev A-H. Kazak kijalynyn «zhuris-turystary» fantastika zhanry: tarih zhane teorija: oku kuraly. – Almaty: Zhazushy, 2011. – 13 b.
- 3 Kenzhebaev B. Kazak ertegileri // Adebiet zhane isskustvo. – 1940. – №1. – 79 b.
- 4 Chernyshevskij N.G. Sobr. soch. V 16-ti tomah. T.2. – M.: Sovetskij pisatel', 1949. – 36 b.
- 5 Marhabaev A-H. Kazak kijalynyn «zhuris-turystary» fantastika zhanry: tarih zhane teorija: oku kuraly. – Almaty: Zhazushy, 2011. – 50 b.
- 6 Narodnye russkie skazki Afanas'eva. V 3-h tomah. – T. 2. – M.: Sovetskij pisatel', 1960. – 15 b.
- 7 Gor'kij M. Sobr. soch. V 30-ti tomah. – T. 27. – M.: Sovetskij pisatel', 1953. – 105 b.

4-бөлім
**ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ**

Раздел 4
**ЭЛЕКТРОННЫЕ СРЕДСТВА
ИНФОРМАЦИИ**

Section 4
**ELECTRONIC MASS
MEDIA**

Қабылғазина К.,
Ақынбекова А.Б.,
Бакенова Р.Ш.

Тәуелсіз ел радиосының даму бағыттары

ҚР мемлекеті тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде Қазақ радиосы жаңаша бағыт-бағдарда жұмыс істей бастады. Хабарлардың форматы, мазмұны, сөздік мағынасы өзгерді. Таспалық хабарлар азайып, тікелей эфирді меңгеру толықтай жүзеге асырылды. Радио әлемдік радиолардың бай тәжірибелерінен үлгі ала отырып, даму үстінде. Мемлекет ақпарат айдынындағы Қазақ радиосының рөлі зор екендігін осы саланы зерттеуші ғалымдар айқындап берді. Осы үрдіс әлі де жалғасын табуда. Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосы – Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын насихаттап, жүйелі түрде ақпараттық қолдау көрсетіп, республиканың мәдени, экономикалық, әлеуметтік т.б. салаларда алға басуына лайықты көмек көрсетіп келе жатқан ақпарат құралдары.

Түйін сөздер: тәуелсіздік, мемлекет, нарық, формат.

Kabylgazina K.,
Akynbekova A.B.,
Bakenova R.Sh.

Directions of development of an independent state's radio

After gaining independence, the Kazakh radio started to work in a new direction. The format, content and objective of program – everything has changed cardinally. Broadcasting live began to dominate instead recording programs. Currently, the Kazakh radio guiding wealth experience of predecessors continues to grow steadily. Scientists who have studied this area have proved that Kazakh radio has taken a key role in the development of the country's information space. And now we see that this process continues with the new tempo. Kazakh radio and radio «Shalkhar» – the mass media, which actively promote the main directions of the state policy of the Republic of Kazakhstan, encouraging economic, social and cultural development of the country.

Key words: independence, state, market, format.

Кабылгазина К.,
Акынбекова А.Б.,
Бакенова Р.Ш.

Направления развития радио независимого государства

После обретения независимости Казахское радио начало работать по новому направлению. Формат, контент, а также задачи трансляции кардинально изменились. Вместо записанных передач началось доминирование прямого эфира. В настоящее время отечественное радио, руководствуясь богатым опытом предшественников, продолжает стабильно развиваться. Ученые, исследовавшие эту сферу, доказали, что Казахское радио по праву занимает ключевое место в становлении информационного пространства страны. И сейчас мы становимся свидетелями того, что этот процесс продолжается с новым темпом. Казахское радио и радио «Шалқар» – средства массовой информации, которые активно пропагандируют основные направления государственной политики Республики Казахстан, стимулируя при этом экономическое, социальное и культурное развитие страны.

Ключевые слова: независимость, государство, рынок, формат.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ РАДИОСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Қазақ радиосы мемлекет тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде жанаша бағыт-бағдарда жұмыс істей бастады. Хабарлардың форматы, мазмұны, сөздік мағынасы өзгерді. Таспалық хабарлар азайып, тікелей эфирді меңгеру толықтай жүзеге асырылды. «Алтын қор» мұрағаттық материалдары сандық технологияға ауыстырылды. Бұл радио әлемдік радиолардың бай тәжірибелерінен үлгі ала отырып, даму үстінде келе жатыр. Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосы – Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын насихаттап, жүйелі түрде ақпараттық қолдау көрсетіп, республиканың мәдени, экономикалық, әлеуметтік т.б. салаларда алға басуына лайықты көмек көрсетіп келе жатқан ақпарат құралдары. Қазақстан Республикасы ақпарат айдынындағы Қазақ радиосының рөлі зор екендігін осы саланы зерттеуші ғалымдар айқындап берді. Бұл үрдіс жалғасын табуда.

Қазақ радиосы бағдарламалары негізінен қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің тілдерінде де жүргізіледі. Атап айтқанда, түрік, неміс, татар, корей, ұйғыр, әзербайжан халықтарының өз тілдерінде бағдарламалар жүргізуіне мүмкіндіктер жасалған. Ел халқының 88,74% осы арнаның хабарларын 24 сағат бойы тыңдауға мүмкіндіктері бар. Ал «Шалқар» ұлттық арнасы күн сайын 18 сағаттан әдемі әуен мен ұлттық мүдде тұрғысындағы мазмұнды хабарларды ұсынады. «Шалқарды» ел тұрғындарының 62,04 пайызы тыңдай алады. Бұл арна қазақ халқының форматты радиосы ретінде қалыптасқан, әлі де сол тұғырынан таймай, ұлтқа қызмет етуде. Қазақ радиосы республикадан тысқары жерлерге де, Ресей мен Қытайдың, Өзбекстан мен Қырғыстанның шекаралық аймақтарына хабар таратады. «Шалқар» ұлттық арнасының хабарлары елдің ірі қалаларына тарайды. Интернеттегі сайты арқылы Қазақ радиосының, «Шалқар», «Астана» және «Классик» радиоларының хабарларын онлайн режимінде тыңдау қамтамасыз етілген. Қазақ радиосы хабарлары Астана мен Алматыдан берілетін радио хабарынан және облыс орталықтары хабарынан тұрады. Ақпараттар ұзын, орта, қысқа және ультрақысқа толқындарда жұмыс істейтін радио станциялары арқылы таратылады. Бағдарламалар жедел ақпараттан (жаңалықтар, шолулар, репортаждар, т.б.),

қоғамдық-саяси, экономикалық, ғылыми, білім беру, әдеби-драмалық, музыкалық, спорттық және басқа хабарлардан құралатындығын осы саланы зерттеуші ғалымдар тұжырымдаған.

Егемен Қазақстандағы демократиялық қайта жаңғыруларды, экономикадағы, әлеуметтік және мәдени салалардағы ілгерілеушіліктерді шынайы тұрғыда көрсету – ұлттық арна ретінде Қазақ радиосының басым бағыты болмақ. Арнаның алдында мемлекеттік саясатты елді-мекендердің барлығына, алыс түкпірлерге шапшаң жеткізу міндеті бұрын да болған, қазіргі кезеңде де тұр. Қазақ радиосының музыкалық форматы ұлттық және әлемдік музыкадан тұрады. Бұл формат бізге қазақстандық вокал мен операның шеберлерін ғана емес, әлемдік классика және бүгінгі таңдағы музыканың барлық бағыттарын рок, кантри, джаз, хит т.б. сөз ететін музыкалық бағдарлама жасауға мүмкіндік береді. Қазақ радиосының негізгі міндеті – мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі тапсырысты орындап, эфирдегі сөз арқылы Тәуелсіз Қазақстанның еліміздегі және әлемдік қауымдастықтағы жаңа, сан қырлы бет-бейнесін қалыптастыру. Қазақ радиосы өзінің тарихи ақпараттық борышын орындай отырып, мемлекеттік саясатты еліміздің тұрғындарына, ал қазақстандықтардың пікірлері мен ұстанымдарын билік тізгінін ұстап отырған құрылымдарға оңтайлы және шұғыл жеткізудің көпірі болып қала береді.

Қазақ радиосы сөздердің сауатты айтылуына, тіл тазалығына және тіл мәдениетіне ерекше көңіл бөліп келеді. Радиожурналистердің кәсіби деңгейінің өскенін олардың қазақ тілінің лексикалық байлығын пайдалана отырып, эфирді еркін меңгеруінен де байқауға болады. Оған мысал ретінде «Зиялы қауым», «Инжу-маржан», «Әлқисса» хабарларын, «Армандастар» және «Замандас» бағдарламаларын т.б. айтуға болады. Сондай-ақ, «Қайырлы таң, Қазақ елі!», «Тәулік тынысы», «Айтөбел», «Наридірген», «Елім менің», «Ұшқын» бағдарламаларын алуға болады.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жүктелген мәселелердің ел аумағында орындалу барысы туралы «Қазақстан-2050», «Жаңа Қазақстан», «Шешім қабылданды», «ЭКСПО-2017», т.б. хабарларында жүйелі түрде әңгімеленіп келеді. Төл тарихымызға жаңаша көзқарас тұрғысынан да көптеген хабарлар мен айдарлар ашылды. «Мен – қазақпын!», «Тарих толқынында», «Ұлттың жаны – ұлт тарихы», «Замана заңғарлары», «Исторические заметки», т.б. хабарларында ұлттың тарихы мәселелері сөз болып жатқанын

құлағы түрік тыңдаушылардың өздері де байқауы мүмкін. Қазақ радиосының даму бағыттарын сөз еткенде эфирден тұрақты түрде беріліп жүрген хабарлардың біразымен таныстыра кеткен орынды: Қазақ радиосының таңғы ойын-сауықтық бағдарламалар редакциясы эфирге шығаратын «Қайырлы таң, қазақ елі!» бағдарламасы тыңдаушылардың таңертеңгілік көңілін көтеріп, рухани сергектігін арттыруға бағытталған. Таңғы көңілашар эстрадалық әндер, қызықты деректер, шартарапта болып жатқан оқиғалардан шұғыл ақпараттар, ғылым-білім, медицина, спорт, автожаңалықтар, сән әлемінің елең еткізер оқиғалары, ел іші хабарлары, ауа-райы, биржа бағамы, керек кестер, жедел сұқбаттар, ұлттық мәселелер төңірегінде ой-талқылаулар т.б. жекелеген айдарлар бойынша қамтылады. Шығармашылық топтың басты ұстанымы: «Тәңірінің күні жарқырап, Ұйқыдан көңіл ашар көз. Қуатты ойдан бас құрап, Еркеленіп шығар сөз». «Қайырлы таң, Қазақ елі» – таңмен бірге оянып, тіршілігіне кіріскен барша жұрттың құлағын түре жүретін сүйікті бағдарламасы. Жетекшісі – Құралай Жұмахан, жүргізуші-редакторлары: Гүлден Қабиолдақызы, Лаура Омарқызы, Мұхамедияр Рашай, Әйгерім Оралбекқызы.

Адамның басынан өткеріп жатқан тағдыры шындықпен шынайы жазылатын әдеби-көркем бағдарлама «Өмірдің өзі новелла» деп аталады. Әдеби-көркем тілмен жазылатын сазды хабардың авторы Ләззат Қапшышева. Қазақстанға еңбек сіңірген әртіс Сауық Жақанованың оқуында беріледі. Хабарды сайттан тыңдау да ешқандай қиындықсыз қолжетімді болатындай, жақсы ұйымдастырылған. Хабардың тыңдарман аудиториясы өте үлкен. Қазақ радиосының тыңдармандарының аудиториясында өзіндік орны бар хабар.

Алматы студиясынан Мұрат Мұқаштың жетекшілігімен шығатын «Табиғат және біз» хабарында Елбасы Жолдауына сай, бәсекелес елдермен тең түсу жолында елде дені сау халықтың өмір сүруі, олар өмір сүріп жүрген қоршаған орта экологиясының тазалығы, мемлекетіміздің басты назарында болып отырған халық тұтынатын табиғи өнім шығарып жатқан зауыттар мен фабрикалардың жағдайы, олардың тыныс-тіршілігі баяндалады. Хабардың форматы экологиялық, қоғамдық-танымдық, редактор-жүргізушісі Алма Серікқали.

Қоғамдық-танымдық хабар «Менің елім» бағдарламасының мақсаты – еліміздегі этносаралық достықты, ынтымақты насихаттау.

Хабар барысында елімізде мекен етіп жатқан өзге этнос өкілдері біздің ана тілімізді қаншалықты меңгеріп, ата-дәстүрімізді қаншалықты сыйлайтындығы, әдебиет-мәдениетімізден қандай деңгейде хабардар екені сөз етіледі. Сонымен қоса, хабар кейіпкері өз ұлтының дәстүрі мен әдебиет-мәдениетін баяндай отырып, ата-бабасының немесе өзінің Қазақстанға қалай қоныс аударғаны жөнінде әңгімелейді. Хабардың қай кейіпкерінен болмасын қазақ халқына деген ықылас-пейіл, ризашылығы айқын аңғарылады. Жүргізушісі – танымал радиожурналист Мөлдір Жанбаева.

Бүгінгі ұрпақ санасына халқымыздың рухани құндылықтарын сіңіру, қазақтың салт-дәстүрі мен дүниетанымындағы ерекше құбылыстарды; этнографиялық байлықтарымызды уақыт ағымына сай екшеп, көпшілік тыңдарманға ұсыну сияқты мақсаттар «Қазақтың қазынасы» бағдарламасының негізгі бағыты. Хабарға белгілі мәдениеттанушы ғалымдар, тарихшылар мен этнографтар қатысады. Мәдени-танымдық хабардың жүргізушісі – журналист Мақсат Мәліков.

Әлеуметтік-танымдық бағыттағы «Қарттарым аман-саумысың?» атты хабар қарияларға қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны ақпараттық тұрғыдан сүйемелдеу бағытында жүргізіледі. Хабарда еліміздегі көргені көп, түйгені мол қазыналы қарттарымыздың әлеуметтік жағдайы туралы әңгіме болады. Астана, Алматы қаласындағы қарттар үйінің тұрғындары мен жалғыздікті қарт адамдардың бүгінгі жай-күйі қамтылады. Сонымен қатар, еліміздің өзге аймақтарындағы қарт адамдардың өмірі, 80-нен асқан, 100 жасқа келген қарияларға үкімет тарапынан көрсетіліп отырған қамқорлық мәселесі де хабарға арқау болады. Жүргізушісі – танымал радиожурналист Гүлбану Алпамысқызы. Ал мәдени-танымдық, қазақ руханиятын дамытуға өзіндік үлесін қосатын «Қаламгер. Қазақ әңгімелері» хабарының да өзіндік орны бар. Хабарда қазақ жазушыларының әңгімелері оқылады.

Дін еркіндігі және дінаралық келісімді қамтамасыз ету бағытындағы мемлекеттік саясатқа ақпараттық қолдау көрсетуге арналған қоғамдық-танымдық бағдарлама «Жұма мінбері» деп аталады. Жүргізушісі журналист Бақыт Жағыпар. Ал журналист Жанар Оразымбетованың «Сәуле – ғұмыр» атты мәдени-танымдық хабарының мақсаты – өшпес із, мол мұра қалдырған тұлғалар өмірінің сәулелі сәттерін тілге тиек ете отырып, бүгінгі ұрпаққа үл-

гі-өнеге ету. Халқына қадірі асқан біртуар жандар өмірін насихаттап, олардың кісілік пен парасатқа толы өнегелі істерінен ғибрат алуға жастарды шақыру.

Бақыт Жағыпардың «Замана заңғарлары» қоғамдық-танымдық хабары қазақ мемлекетінің дамуына үлкен еңбек сіңірген қайраткерлердің өмір өткелдері жайлы сыр шертуді, азаматтық тұлғасын сомдауды мақсат етеді. Халыққа қалтқысыз қызмет еткен ел ағаларының еңбегін өскелең ұрпаққа үлгі ету тұрғысында еңбек етуде. Ал «Жаңа Қазақстан» радиожурналында Қазақстанның бүгінгі бет-бейнесі, экономика және бизнес саласындағы жеткен жетістіктері, жалпы қоғамдық-әлеуметтік өмір тынысы суреттеледі. Елбасы Жолдауында айтылған мәселелерді жүзеге асыру барысын насихаттауға арналған хабардың жүргізушісі – Толқинай Ахмет.

Жастарға арналған ойын-сауық хабары «Алматы түні» деп аталады. Бұл хабар Батыс мәдениетіне жаппай еліктеуге бел алған қазіргідей кезеңде ұлттық болмысымызды сақтау, салт-дәстүрімізді ұмытпау іспетті мәселеде үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, жастардың ел тарихына деген қызығушылығын арттырып, тіл байлығын дамыту, жазу мәдениетін көтеру тәрізді мәселелерге өзіндік үлес қосады. Редактор-жүргізушілер Аман Тасыған, Гүлбаршын Зайыровалар. Хабардың форматы тікелей эфир. Сайлаубай Тойлыбаевтың жүргізуінде өтетін «Қазақ руханияты» әдеби хабарының мақсаты – белгілі ақын-жазушылармен, мемлекет және қоғам қайраткерлерімен сұхбаттаса отырып, қазақ әдебиеті пен мәдениетіне қатысты көкейтесті мәселелерді қозғау, сол арқылы қоғамдық санаға ой салу, зиялы қауым өкілдерінің рухани құндылықтарымызды сақтап байыту төңірегіндегі ой-пікірлерін саралау.

«Шаңырақ шуағы» хабарының мақсаты – ата-баба дәстүрлерін сақтау отырып, кейінгі ұрпақ парызы екендігін насихаттау. Елдің елдігін көрсетіп, берекесін ұйытатын басты ұлттық құндылықтарымыздың бірі – бұл ағайынның, жекжат-жұраттың татулығы, әулеттің сүттей ұйыған тірлігі, кішінің үлкенге, келіннің енеге деген ізеті, ата-ененің келінге, күйеу балаға деген пейілдері, әке-шешенің – балаға, баланың – әкешешеге деген махаббаты, құда-құдағилардың мың жылдық сыйластығы. Хабар жастарға өнеге ретінде осындай ұлттық асыл қасиеттерімізді ел арасында насихаттауға, ұлықтауға арналған. Жүргізушісі – журналист Гүлназ Молдабергенова.

Қай елдің білімі жақсы дамыса, ғылымы да жоғары өрлеп, сол елдің болашағы да жарқын

болатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Біз өмір сүріп отырған ХХІ ғасыр – ғылымның шыңына жеткен заман. «Осы тұрғыдан бүгінгі қазақ ғылымы мен білімінің жағдайы қандай, келешегі не болмақ?», «Білім беру жүйесі қалай дамуда, ғылымда ілгерілеу бар ма?» деген сұрақтарға жауап іздеу – ғылыми-танымдық «Білім көкжиегі» хабарының басты мақсаты. Қоғамдағы өзгерістерге байланысты, еліміздің білім жүйесінде де үзіліссіз реформалар болуда. Өйткені, мемлекеттің халықаралық білім кеңістігіне енуі үшін білім саласына айтарлықтай жаңашылдық пен әлемдік стандартқа сай ілгерілеушілік қажет. Ал келешектің кілті бүгінгі жас өркеннің білім деңгейімен өлшенетінін бүкіл қоғам мойындап отыр. Хабар бүгінгі таңдағы жаңалықтар мен көкейкесті мәселелерді білім саласындағы мамандар арқылы елге түсінікті де, ұғынықты түрде жеткізіп отыруды мақсат етеді. Хабарға елімізге белгілі ғалымдар мен білім беру ісінің қызметкерлері, мамандар қатыстырылады. Жүргізушісі – журналист Нұржамал Хасанқызы.

Мәдени-танымдық бағдарлама – «Балапан» хабары. Бүлдіршіндердің таным деңгейін арттырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында жүретін хабардың жүргізушісі байырғы, көптеген ізбасарлар дайындаған танымал журналист Шолпан Байғабылова. Хабардың мақсаты – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолда-

уында айтылғандай мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбие беру ісін жетілдіру. Балабақшаларда өтіп жатқан іс-шаралар жайлы тыңдармандарды хабарландырып отыру. Журналист Айсәуле Бейсенхан жүргізетін рухани, сұхбат жанрындағы хабар «Жусан иісі» деп аталады. Қазақ даласының табиғаты, ұлтымызға тән болмыс-бітімі, жер су-атаулары, ежелгі әдет-ғұрып, салттарымыздың бүгінгі күнге дейін жалғасуы туралы хабарда сөз болады. Хабардың кез келген тыңдарманның жүрегіне жол табары сөзсіз. Жазира Амантайқызының «Алыстағы ағайын» хабары да жоғары рейтинг жинап отырған хабарлардың бірі. Әлемнің түкпір-түкпірінде мекен ететін қазақ диаспорасының тыныс-тіршілігін баяндау, атамекенді аңсаған алыстағы ағайын мен атажұртқа ат басын бұрған қандастарымызды халыққа таныстыру – эфирлік өнімнің мақсаты.

Қазақ радиосынан беріліп жатқан хабарлардың бәрін қамтып, анықтама беру мүмкін емес, өйткені, ондағы бағдарламалар ауқымы үнемі жаңару, даму үстінде. Заман тынысына орай өзгеріп жататын айдарлар, пішіндер, тәсілдер, тақырыптар үнемі ізденісте болатын ұжымның еңбектерінің жемісі. Қазақ радиосы журналистерінің қажырлы еңбегі кейінгі ұрпаққа үлгі болары тәжірибелік және ғылыми тұрғыда дәлелденіп отыр.

Әдебиеттер

- 1 <http://kazradio.kz/>
- 2 «Қайырлы таң, Қазақ елі!» бағдарламасы
- 3 «Өмірдің өзі новелла» топтамасы
- 4 «Табиғат және біз» хабары
- 5 «Менің елім» хабары т.б. Қазақ радиосының эфирінен тараған хабарлар

References

- 1 <http://kazradio.kz/>
- 2 «Haiyrlı tan, hazaheli!» bagdarlamasy
- 3 ‘Omirdinozi novella’toptamasy
- 4 ‘Tabigat jane biz’ habary
- 5 ‘Meninelim’ habaryt.b.Hazahradiosynantaraganhabarlar

Альжанова А.Б.,
Сейдеханов С.А.

**Социальная сеть Facebook как
новая четвертая власть
в современном
казахстанском обществе**

Alzhanova A.B.,
Seidekhanov S.A.

**Social Network Facebook As A
New Fourth Power In Modern
Kazakhstan Society**

Альжанова А.Б.,
Сейдеханов С.А.

**Әлеуметтік желі Facebook
қазіргі Қазақстан қоғамындағы
жаңа төртінші билік ретінде**

Статья посвящена социальной сети Facebook, ее роли и значимости в обществе. Приведены три кейса – свежий резонанс Facebook-общественности и ее реакция на высказывания одного из наиболее узнаваемых государственных функционеров.

Ключевые слова: Facebook, кейс, блогер, социальная сеть.

The article is devoted to the social network Facebook, its role and importance in the society. Presents three case study – fresh resonance in Facebook-public and its reaction to the statements of one of the most recognizable state functionaries.

Key words: Facebook, case, blogger, social network.

Мақала Facebook әлеуметтік желісі және оның қоғамдағы рөлі мен маңыздылығына арналған. Автор Facebook желісіндегі соңғы кезде қоғамда көп қызығушылық туғызған үш оқиға мысалында алып, оның қоғамдастыққа әсері және мемлекеттік мүдде тарапынан танылуын қарастырады.

Түйін сөздер: Facebook, кейс, блогер, әлеуметтік желі.

СОЦИАЛЬНАЯ СЕТЬ FACEBOOK КАК НОВАЯ ЧЕТВЕРТАЯ ВЛАСТЬ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Современное общество характеризуется высоким уровнем динамичности. Это отражается также на скорости и глубине реагирования общественного мнения на те или иные проявления социальной жизни. Свободный и оперативный доступ к информации, который обеспечивает гражданам Интернет, способствует повышению уровня гражданской активности населения. Вообще, для казахстанцев не свойственна пассионарность, скорее им присущи аполитичность и инертность. Каждый житель страны занят добыванием хлеба насущного, и ему, собственно, не до резонансных общественных событий. И если бы не было социальной сети Facebook, то гражданское общество в нашей стране вряд ли бы получило возможность развиваться. Facebook является рупором гражданской журналистики, трибуной интеллектуальной элиты общества и эффективной медиаплощадкой для СМИ (без соцсетей их охват аудитории был бы значительно уже). Кроме того, учитывая бюрократические барьеры, соцсети в целом и Facebook в частности являются мостом между общественностью и госаппаратом, что способствует обеспечению обратной связи для чиновников и стимулирования их ответных действий при получении важных сигналов от общества.

Крупнейшая в мире социальная сеть Facebook, созданная в 2004 году в США Марком Цукербергом и его соседями по комнате в Гарвардском университете, на сегодняшний день в Казахстане охватывает всего 6–7% пользователей сети Интернет. По данным рекламного холдинга **Das Marketing**, ядро **Казнета** составляют 10 млн пользователей. Это значит, что доля Facebook в РК не превышает 700 тыс. чел. При этом именно в Facebook сосредоточена наиболее социально и интеллектуально активная, небезразличная ко всему происходящему в стране аудитория. В других соцсетях контингент по большей части праздный и социально индифферентный.

Таким образом, Facebook быстро становится неуютным раздражителем для чиновников РК, личности и поступки которых активно обсуждаются неумными пользователями. Имея открытый доступ ко всей мировой информации, так называемые фейсбукчане могут приводить в пример культуру и уровень социальной ответственности государственных деятелей в развитых странах и сравнивать с поведением отечественных

властных структур. Коллективный разум казахстанских интернет-пользователей тяготеет в некому мировому стандарту отношения власти к народу и справедливо требует этого от народных избранников и государственных чиновников. В целом можно сказать, что именно публикации в сети Facebook наиболее точно отражают всю картину чаяний казахстанцев.

Следующие три кейса – свежий резонанс Facebook-общественности и ее реакция на высказывания одного из наиболее узнаваемых государственных функционеров. Гульжана Карагусова трижды в течение недели оказывалась в центре скандала благодаря своим высказываниям. Публика не дремлет.

КЕЙС: «ПАРЛАМЕНТАРИИ И ОТЕЛЬ «ПЕКИН-ПАЛАС».

Суть всколыхнувшего интернет-общественность известия о том, что парламентариев поселили в пятизвездочном отеле «Пекин-палас». Народным избранникам были предоставлены апартаменты по цене 120 тысяч тенге в сутки. Вдобавок ко всему во время интервью прессе г-жа Карагусова допустила определенную лексическую вольность, удивив журналистов и аудиторию двусмысленным утверждением: «Кто как содержится, тот так и работает». Это спровоцировало волну негативных публикаций в Facebook.

Так, к примеру, популярный блогер Ержан Рашев пишет на своей странице в Facebook: «Вот уже несколько лет каждую пятницу ко мне домой приходит уборщица. Зовут ее Валентина. Каждую пятницу я прихожу домой с работы, а дома чисто. Рубашки постираны, поглажены и развешаны по плечикам. За это я плачу ей деньги. Плачу, чтобы никогда не задумываться о разбросанной по дому грязи и неглаженных рубашках. На эти деньги Валентина, наверное, может позволить себе чуть больше, чем ее подруги. И я ею очень доволен.

Уважаемые депутаты! Я налогоплательщик. Я плачу вам 10% своих честно заработанных денег. Если честно, мне плевать, в каких отелях вы останавливаетесь и в каких квартирах живете. Но каждый раз, когда я возвращаюсь на Родину – дома грязно. В Алматы еще ничего, но в нескольких километрах от нее совсем кошмар – сплошная мусорная свалка и беспорядок. Как сын врачей, я с детства слышал, что грязи допускать нельзя. А вы ее допускаете.

Я лично готов размещать вас хоть в «Ритц-Карлтоне», но потрудитесь, пожалуйста, и наведите порядок в стране. Иначе нам придется вас уволить».

Журналист Марат Асипов в одной из своих статей на сайте Ratel.kz пишет, что депутатов выселили из дорогого отеля «Пекин-Палас», чтобы не раздражать публику. Но осадок, дескать, остался.

КЕЙС: ОПРОМЕТЧИВЫЙ КОММЕНТАРИЙ ГУЛЬЖАНЫ КАРАГУСОВОЙ.

Весьма показательным в плане социальной активности нашего общества оказался второй нашумевший случай за короткое время, опять же с высказыванием Гульжаны Карагусовой. На этот раз депутат мажилиса сказала, что не обращает внимания на мнения, высказываемые населением в социальных сетях, потому что считает авторов этих мнений лицами, работающими за деньги против страны. Читая между строк, это можно понять так, будто общественное мнение составляют сплошь несознательные элементы, к мнению которых не стоит и прислушиваться.

Любой PR-специалист рекомендовал бы ей принести публичные извинения в том же Facebook, но, как правило, казахстанские чиновники предпочитают не делать этого, т. к. психологически изолированы от народа.

Известный Facebook-блогер Талгат Калиев отреагировал на слова Гульжаны Карагусовой так: «За соцсети мне никто не платит. Гульжану Жанпеисовну до этой минуты не критиковал. Но это тот случай, когда каждая новая фраза усугубляет ситуацию. Проводить такую черту между властью и общественным мнением крайне недальновидно и неблагоразумно. Я все еще склонен наивно считать власть частью народа. А в ее высказываниях содержатся явные намеки на разделительные линии. Не нужно определять обществу стойло и загонять его туда. Это опасно. Говорю как человек, который против страны не работает».

Но самый интересный казус случился с Гульжаной Карагусовой во время презентации законопроекта, регламентирующего деятельность коллекторских компаний. На этот раз она высказалась о коллекторских фирмах следующим образом: «Этот закон призван урегулировать вопрос деятельности коллекторских фирм, чтобы на них была узда. Чтобы бороться с мафией, ее надо возглавить. Вот этим законом государство эту мафию возглавит и, самое главное, будет регулировать. Извините меня, конечно, может, я неправильно говорю, но принцип тот же. Необходимо поставить их в те правила, которые должны быть».

Известная телеведущая Айгуль Мукей тоже отреагировала на это событие, но сделала это с

позиции защитника имиджа государственного служащего. На своей странице в Facebook она написала следующее: «Ситуация, которая сложилась вокруг Гульжаны Карагусовой, показывает, насколько непрофессиональна современная журналистика. Несколько дней назад в нижней палате обсуждали Закон «О коллекторской деятельности», это была работа комитета, которым руководит Карагусова. СМИ ничего об этом не писали, только споры депутатов, эмоции... А я знаю Карагусову как эмоционального и ответственного человека. Теперь она не будет давать интервью. Я бы тоже не стала давать интервью «желтым изданиям, папарацци».

В ответ последовал довольно жесткий комментарий от журналистки Жанар Жансейит: «Ой-ой, вы когда-нибудь кого-то до инсульта доведете своими высказываниями! Айгуль Мукей вступилась за депутата Карагусову и назвала журналистов «желтыми папарацци». Она убедилась, насколько «непрофессионален современный журналистский пул», и переживает, что Карагусова теперь закроется в своей ракушечке, никогда не будет давать интервью. Мукей тоже «этим желтым папарацци» не хочет интервью давать. Мы очень огорчены! Если не сказать, что расстроены! Расстроены, что вы в очередной раз не укажете нам агрессивно место, не назовете едва ли не черню и не заявите, что вы – особенные люди! Может, стоило элементарно за базаром следить, а не морозить глупости?! Уважаемая Айгуль, вы сто лет проработали на «Хабаре», занимали ключевые посты и ни разу – НИ РАЗУ – из ваших уст не исходило что-либо действительно стоящее, дельное для народа. Вы десятилетиями умудрились проработать на республиканском канале, не сделав ничего полезного для народа. Вы только поддерживали, освещали с положительной стороны этих нахлебников, которые теперь кичатся «неприкосновенностью»! Ваше время было – вы молчали, оно теперь прошло. Не мешайте работать реально НАСТОЯЩИМ ЖУРНАЛИСТАМ. Они – не говорящие головы «Хабара», и у нас разные критерии работы хорошего журналиста».

КЕЙС: ОФЛАЙН ОТ FACEBOOK

Что интересно, Facebook способен выходить за рамки соцсетевой сферы. Пользователь под ником Дядя Эрик пишет о своей личной социальной инициативе: «Друзья, мне важно ваше мнение! Я хочу запустить новый видеопроjekt □#народное_мнение□, где буду делать опрос простых граждан города по темам, которые интересуют наше общество на сегодняшний день.

Мы в Фейсбуке иногда массово затрагиваем темы, и большинство мнений совпадает. Тем самым складывается ощущение, что вся страна думает так же, как и мы, фейсбукеры. Судите сами, количество пользователей Фейсбук в Казахстане всего лишь 6–7 процентов от общего населения, а значит, мы, фейсбукеры, еще не лидеры мнений в целом по стране))) Именно поэтому я хочу услышать мнение граждан, не увлеченных соцсетями. Если у вас будут какие-то рекомендации или пожелания, пишите в комментариях. Возможно, у вас есть темы, о которых вы хотели бы услышать мнение людей, которые далеки от Фейсбука. Если вам будет интересен проект, то я буду продолжать проект на регулярной основе. Кто хочет поддержать меня, можете сделать репост, буду весьма благодарен!)))).

КЕЙС: ИЗБИЕНИЕ КАССИРА В КИНОТЕАТРЕ АСТАНЫ

Еще один неприятный эпизод привлек внимание публики. В одном из кинотеатров г. Астаны Куан Туракельдиев, 1993 г. р., сын высокопоставленного чиновника, не справился со своим гневом и, перепрыгнув через стойку, напал на девушку-кассира. Нанес ей сильный удар ногой в живот, сбил с ног и едва не добил на полу, оказав при этом серьезное психическое воздействие. В Facebook поднялась буря возмущений. Данный инцидент широко освещали и телеканалы. Под напором массмедиа скандал было уже не остановить. В результате отец хулигана Болат Турекельдиев подал заявление об уходе с поста сотрудника Канцелярии премьер-министра РК. Стороны примирились. Публика получила своего рода сатисфакцию. Инцидент был исчерпан. Как бы это ни было не по душе детям высокопоставленных чиновников и самим чиновникам, но социальная сеть делает свое дело и обнажает болевые точки общества. Социальная несправедливость во всех своих проявлениях никогда не станет нормой в обществе, в котором существует возможность открыто выражать мнение, особенно через социальные сети, которые уже стали реальной медиасилой.

КЕЙС: УБИЙСТВО ВОЗЛЕ НОЧНОГО КЛУБА

6 марта 2015 года Александр Кузнецов в бытовой драке возле бара «Чукотка» нанес телесные повреждения, несовместимые с жизнью, Сырымму Мураткалиеву. От полученных травм пострадавший скончался на месте. Это дело бурно обсуждалось в Facebook, где общественность разделилась на два лагеря – сторонники погибшего всерьез схлестнулись со сторонни-

ками убийцы. Дискуссии велись весьма остро и в большом объеме. Решающую роль сыграл известный общественный деятель и блогер Мухтар Тайжан, который досконально изучал детали происшествия и аргументированно освещал ход следствия на своей странице. Читаемость и цитируемость постов на тему данного преступления была особенно активной после вердикта суда первой инстанции, вынесшего мягкий приговор. В результате поднятой шумихи в Facebook следствие было возобновлено. А. Кузнецов понес наказание в виде 8 лет лишения свободы в колонии общего режима.

В заключение хотелось бы привести мнение Президента РК Нурсултана Назарбаева о социальных сетях. Сайт Today.kz (от 27 января

2016 года) сообщает: «Количество подписчиков официальной страницы Акорды в Facebook AkordaPress превысило 10 тысяч, передает Today.kz. Пресс-секретарь Президента РК Даурен Абаев отметил, что Президент РК считает социальные сети важной площадкой для общественных дискуссий.

«Несмотря на занятость, глава государства имеет хорошее представление об основных трендах в социальных сетях, считая их важной площадкой для общественных дискуссий, – говорится в сообщении. – Мы благодарим всех, кто следит за нашими публикациями, комментирует их и дает свои предложения по совершенствованию страницы. Только посредством обратной связи с вами мы можем улучшать свою работу».

Әлімжанова А.Б.,
Балабекұлы Д.,
Майкотова Г.
**Интернет-коммуникация
ерекшеліктері**

Мақалада интернет коммуникация құралдарының қазіргі таңдағы қолданысы сөз болады. Мақала авторлары «жаңа медиа», «медиология», «коммуникология», «коммуникативистика» ұғымдарына анықтама береді. Медиология ілімінің ақпараттық қоғам санасын қалыптастырып, дамытуда үлкен үлесі бар екенін анықтайды.

Түйін сөздер: жаңа технологиялар, медиология, ақпарат, мульти-медиа, коммуникация.

Alimzhanova A.B.,
Balabekuly D.,
Maykотоva G.
**Features of Internet
Communication**

In this scientific paper there are analyzed the features of the concept of «medyalohyya», which is a hyperonym to such terms as communicology, communication study. There are considered the typology of medyalohyya and the peculiarities of their functioning in the Kazakhmedia: distribution channels, functionalgenre type, institutional type of text, thematic dominant. The differences and diversity of Internet texts, mass media are also analyzed here.

Key word: new technology, mass media, information, multimedia, communication.

Алимжанова А.Б.,
Балабекулы Д.,
Майкотова Г.
**Особенности
интернет-коммуникаций**

В научной статье анализируются особенности понятия «медиалогия», являющегося гиперонимом таких терминов, как коммуникология, коммуникативистика. Рассмотрена типология медиалогии и особенности функционирования в казахстанских СМИ: каналы распространения, функционально-жанровый тип, институциональный тип текста, тематическая доминанта. Проанализированы различия и особенности медиологии.

Ключевые слова: новые технологии, медиалогия, информация, мультимедиа, коммуникация.

ИНТЕРНЕТ- КОММУНИКАЦИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі жаңа технологиялар мен компьютердің мүмкіндіктері адам өмірінің жаңа белесі. Соңғы техникалық, технологиялық мүмкіндіктер ұлттық журналистиканың, дәстүрлі баспасөздің өзгеріске ұшырауына ықпал етті. Соларды зерттеу барысында интернетті, жаңа медианы, электронды баспасөзді зерттеудің маңызы жоғары. Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі осы жаңа медиа.

Интернеттегі коммуникация – интербелсенді, яғни тараптар арасында белсенді өзара әрекет алмасу жүріп жатады. Диалогтық қасиет WWW технологиясының өзіне кіріктіріліп, журналистикаға коммуникацияның бір бағыттағы тәсілдерінен бас тартуға мүмкіндік береді. Интернет коммуникацияның басқа құралдарымен салыстырғанда тиімді кері байланысты, аудиториямен арадағы диалогты қамтамасыз етеді. Оның интербелсенді сипаты кері реакцияны, сөйлесушіден келетін жауапты күтуге кететін уақытты айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді.

Мультимедиялық – веб-парақшада ақпараттың барлық түрін мәтіндік, графикалық, бейнелік сияқты түрлерін пайдалана алу мүмкіндігі. Сөйтіп, компьютерлік ортаның негізін құрайтын гипермәтіндік байланыстар арқылы мультимедиялық бір веб-парақшада телевидениенің (динамикалық кескін), радио (аудио) мен прессаның (мәтіндер, суреттер) мәнерлі құралдарын қатар қолдануға мүмкіндік береді.

Адамзат тарихында болмаған соңғы өзгерісті интернет (INTERNET – ғаламтор, халықаралық желі (International Network) әкелді. Ол ақпараттар тасқынымен қатар қоғамның өзгеруіне де әсер етті. Әлемдегі ақпараттық қоғамның пайда болуын интернеттің қолданысқа енуімен қатар атауға болады. Жиырмасыншы ғасырдың аяғында пайда болған, қазіргі уақытта әлемнің кез келген нүктесінен хабар алмасуға, қандай болмасын ақпарат алуға үлкен жол ашқан интернет желісі қоғамға ғылыми, экономикалық, әлеуметтік жаңа серпін берді.

Бүкіләлемдік тор Интернетті өзгертіп, оның қазіргі заманғы бет-бейнесінің қалыптасуына ықпал етіп, ақпарат саласында үлкен төңкеріс жасады. Интернетті басқаратын белгілі бір орган немесе компанияның болмауы жекелеген желілердің бірігуіне көп әсерін тигізді. 1997 жылы Интернетке 1 миллионнан астам

домендік аттар тіркеліп, 10 млн компьютер қосылды. Ғаламтор танымал, тиімді ақпарат алмасу құралына айналды. Рим папасы Иоанн Павел II 1998 жылы 30 қыркүйекті Бүкіләлемдік Интернет Күні деп бекітті [1].

Қазақстан интернеті 1994 жылдың 19 қыркүйегінде жоғары деңгейлі .kz домені ресми тіркелген уақыттан басталады. Қазақстан кеңістігіне ғаламдық тордың енуі нәтижесінде, 1998 жылы Республикалық телекоммуникация компанияларының басқаруымен телекоммуникация ассоциациясы құрылды. Алғашында қорғаныс мақсатында жасалған жоба уақыт өте ғаламдық ақпараттар тасқынын реттеуде орасан өзгеріс әкелді. Жылдамдық пен тиімділігі жоғары мұндай жүйенің қажеттілігі қазіргі уақытта басты құрал. Яғни, ақпарат алмасуда осы кезеңге дейін адамзат қолданған ақпарат құралдарының бәрін басып озды. Ғаламтордың дамуы мен тиімділігі артқан сайын күнделікті өмірдің белгілі бір бөлшегіне айналды. Іздеген кез келген ақпараттан бастап Қазақстанда таралатын газет-журнал, телеарна, радио сынды ақпараттық арналарды онлайн оқуға, тыңдап, тамашалауға болады. Тек интернетке қосылатын мүмкіндік болса жеткілікті. Бұрынғыдай теледидар, радио қабылдағыш сатып алудың қажеттілігі шамалы. Қолыңызда компьютер болмаса да, қазіргі ұялы телефондар белгілі мөлшерде компьютердің қызметін атқаруға шамасы жетерлік. Ғаламтордың тиімділігі қашықтықтан басқару, бақылау орнату құралдары, мемлекеттік салық пен айыппұлды онлайн төлеуге, интернет-дүкендердің, онлайн сауда жасаудың өркендеуіне үлес қосуда.

Интернеттің дамуы аясында қоғам түсінігінің медиаға бетбұрысы анық байқалады. Күнделікті өмірдің өзі медиаға байланысты өзгеріске түсуде. Медиа мәденет, медиа орта, медиа білім сияқты түсініктер қалыптасты. Осының бәрі «Медиалогия», яғни медианы зерттеу арқылы ғана түсіндіруге болады.

Медиалогия (media studies, medialogie) – медианың гуманитарлық аспектілерінің дамуын, сипатын, нысанын, олардың қоғамға әсер ету нәтижелерін зерттейтін ғылым. Оған жақын түсініктер: коммуникативистика – байланысты зерттеу (communication studies), коммуникология (communication studies), байланыс теориясы (communication theory) [2].

Коммуникативистика жүйелік ресурстар мен өркениеттің әр түрлі кезеңдерінде орын алатын бұқаралық ақпараттың гуманитарлық функцияларын зерттейтін ғылым [3].

Коммуникология – біртұтас синтезді қалыптастырылған білім (ғылым), қарым-қатынас туралы жаңа білім алу үшін білім мен іс-шаралар жүйесі. 1) коммуникация теориясы; 2) әр түрлі автордың, дамыған коммуникацияның түрлі теориялары (мысалы, бұқаралық коммуникация теориясы, мәдениетаралық коммуникация теориясы, көптеген әлеуметтік-лингвистикалық теориялар, жергілікті байланыс теориясы – эгалитарлық байланыс); 3) түрлі бағыттағы байланысты зерттейтін ғылым және ғылымның бағыттары (байланыстың әлеуметтануы, байланыстың психологиясы); 4) түрлі құралдар мен әр түрлі көрсеткіштер арқылы байланыстың теориясы мен практикасы қоғамның түрлі саласындағы іс-шаралар [4].

Байланыс теориясы – бұл байланыстық сипаты бар әлеуметтік-гуманитарлық, нақты ғылымдар мен ғылыми-техникалық білім синтезі. Оның тақырыбы, табиғи әмбебап әлеуметтік және техникалық жүйелер мен байланыс сілтемелері.

Медиалогия түсінігі осы ғасырда пайда болды. Медиа білім, медиа мәдениет, медиа орта, инфосала терминдері медиалогиямен тікелей байланысты. Оның құрамдас бөлігі деуге болады. Интернет арқылы қолданысқа енген, шекарасы жоқ, ұлттық, тілдік ерекшелікті талғамайтын қазіргі ақпарат кеңістігі үлкен өзгерістерге ұшырады. Соны зерттеу мақсатында медиалогияның алатын орны ерекше.

Медиа білім қазіргі технологияны меңгере отырып, ақпаратты қабылдау мен сараптау, байланыс жасау туралы білім беру. Медиа мәдениет мәдениеттің медиа арқылы тасымалдануы. Ғаламтор кітап, кино, әлеумет, еңбек, қаржы т.б. адамзат қажеттіліктерін түгел қанағаттандыратын деңгейге көтеріле бермек. Соның ықпалымен қоғамдық өмірдің медиалануы қатар келеді. Медиалану заманға сай қоғамдық өзгеріс екенін жоққа шығара алмаймыз.

Медиалогияның негізін қалаушылардың бірі француз зерттеушісі Режи Дебрэ «Медиаологияға кіріспе» кітабында, «Медиаология қазір және осы жердегі хабармен және дәл қазіргі байланыс кеңістігімен емес уақыт кеңістігіне хабар жіберумен, ұрпақтан ұрпаққа берілетін ақпараттың ұзақтығымен айналысуды көздейді», – деген тұжырым жасаған [5].

Интернеттегі дерек көздеріне сену қаншалықты тиімді екендігін БАҚ туралы заңның 21-баптың 2-бөлімін негізге алуымызға болады. Яғни интернет-ресурстар БАҚ-қа теңестірілген. Ғаламтордың өрістеп дамуы қоғамдық орта-

ның әлеуметтік желіде қалыптасуына жағдай жасады.

Қоғамға әсер етудің нәтижесі БАҚ-тың мониторингі арқылы анықталады. БАҚ-ты зерттеп, зерделей отырып сараптап, қоғамға керек не екенін білгенде ғана, қоғамның талап ететін қажеттілігіне жауап береміз. Ол БАҚ-тың аудиториясына ықпалын күшейтеді. Әркім әр арнаны, газетті, интернет басылымды оқитыны белгілі. Өзіне керек ақпаратты іздейді. Егер қазіргі БАҚ әркім іздеген ақпаратын алатындай мүмкіндік жасаса онда, сол ақпарат құралының беделі өседі. Бір сөзбен айтқанда аудиторияның сұранысына жауап бере алады. Сондықтан аудиторияны, БАҚ-тың әсер ету аясын зерттегенде ғана аудиторияны толық қамтуға болады.

Қазақстандағы медианы зерттеу барысында 2013 жылы «Ашық қоғам қоры» «Қазақстанның цифрлық медиалар картасын жасады». Онда халықтың интернетке қолжетімділігі, БАҚ-тың барлық саласына (теледидар, радио, интернет басылым) сараптама жасаған. Медиа бизнес, БАҚ төңірегіндегі мемлекеттік реттеу т.б. қамтыған. Жоба хабар таратудың аналогтық форматтан сандық (цифрлық) форматқа көшуін, жаңа медиа-платформалардың жаңалықтар контентінің көздері ретінде өсуін, хабар таратудың дәстүрлі түрлерінің телекоммуникациялар қызметтерімен ықпалдастырылуы факторларынан туған ғаламдық тәуекелділіктер мен мүмкіндіктерге баға береді. Оның маңыздылығы жоғарыда айтқан қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруды көздейді.

Медиалогияның қазіргі мүмкіндіктері мен жаңа сипаты жайлы Гарвард университетінің профессоры Дэн Гиллмордың «Біз – медиа» кітабын мысалға алуға болады. Автор қазіргі журналистика дәрістен әңгімелесуге өзгеруін нақтылап, солай болатынын дәлелдеген. Сондай-ақ, 2005 жылы «Газеттер жойылады. Оның орнына жаңа бағыттағы медиа келеді» деп тұжырым жасаған осы Дэн Гиллмор болатын. Автордың еңбегінде қазіргі Веб 2.0 технологияның арқасында қазір әркімнің ақпаратты алумен қатар оны өңдеуге және толықтырып жасауға мүмкіндік беретіні айтылған. Қазіргі журналистиканың қатысуы мен әсерінің бірнеше бағытырын ұсынған. Оның ең негізгісі – азаматтық журналистика.

Журналистиканың белсенді қатысатын тармағының бірі әлеуметтік белсенді журналистика. Оның басты шарты журналистиканы тек ақпарат таратумен ғана емес, ол қоғамдық өмірдің өзгеруіне де атсалыса алуы керек. Бұл

жағдайда газеттер мен журналдар бейтарап бақылаушыдан, азаматтардың көп бөлігіне маңызды қоғамдық өмірдің белсенді қатысушысы болады. Нақты қоғамдастық шеңберінде әлеуметтік белсенді журналистиканың негізгі қағидаттарын іске асыру шағын қоғамдастық журналистика болады. Мұндай ақпараттар жергілікті оқиғалармен (қалашық, аймақ), онда жаһандық маңызды жаңалықтар басымдыққа ие.

Журналистика қатысатын маңызды бағыттың бірі бірлескен журналистика. Оның маңызы, жарияланатын материалды бір емес, бірнеше адам бірлесіп жасайды. Басылымның лауазымының еркіндігін көрсететін ақпараттардың түрлі көзқараста болғаны маңызды. Онда сіздің кәсіби маман немесе әуесқой жазушы, шартты түрде БАҚ жұмысшысы болуың да маңызды емес. Бірлескен журналистиканың негізгі түрлері Link-журналистика мен вики-журналистика. Link-журналистиканың басты идеясы мәтінді гипер сілтеме мен сыртқы веб-ақпарат көздеріне сілтеме жасаумен қамтамасыз ету. Вики-журналистика кез келген вики-ресурсқа ұқсас. Мысалы, Википедия. Барлық қолданушыға керек ақпаратты ұсынады. Оның өңдеп жаңалықтар жасауға болады. BBC немесе The New York Times сияқты көптеген дәстүрлі БАҚ-тың веб-мамандары бірлескен журналистиканы жаңалықтарды жинауға қолданады. Ол материалға пікір жазуға мүмкіндік беріп, мақалада өзге ақпарат көздеріне сілтеме жасайды. Алынған ақпаратты сілтеме арқылы нақтылауға, оқырманның ақпарат дәлдігіне көз жеткізуге ықпал етеді. Бірлескен журналистикаға жақын интерактивті журналистика. Оларды бірдей деуге болмайды. Интерактивті журналистикада қолданушы жаңалықтың кәсіби деңгейде дайындалуына пікір арқылы атсалысады және автормен байланыс жасай алады. Кері байланыстың тиімділігінің жоғары екенін көруге болады. Журналистиканың әсері веб 2.0 технологиясының дамуы арқасында жүзеге асты. Медиа салада төңкеріс жасап, оның табиғатын түсінуге итермеледі.

Медиаология ғылымы БАҚ та таралатын ақпараттың қоғамға әсерін зерттейді. Яғни, БАҚ-та көрініс табатын арнаның, қандай бағдарламаның, қандай жобаның қоғамға әсері жоғары деген сұрақтарға жауап іздейміз. Ескеретін нәрсе бағдарламалардың қазақ тілді аудиторияға арналғаны. Елдегі 2015 жылы телеарна бағдарламаларының тілдік үлесі мынадай, КТК бір аптадағы қазақ тілінің үлес салмағы 30 пайызға жуық, «Хабар» арнасындағы

қазақ тілінің үлесі 58 пайызға тең болған. «Қазақстан» ұлттық арнасы 2011 жылдан бастап 100 пайыз қазақ тіліне көшті. «31 арнадағы» қазақ тілінің үлесі 35 пайыз. Қазақ тіліндегі рейтингті әлі де аударма сериалдармен толтырып келеді. Арналардың рейтингке жұмыс істеуі ұлттық дәстүрге, мәдениет пен әдебиетке байланысты танымдық бағдарламалар жасауға бағыттады. Оның орнына қоғамдағы даулы мәселелер төңірегінде жасалған хабарлардың көрсетілім деңгейі жоғары.

Бірнеше жыл бұрын телеарналардағы елу де елу жобасы әр арнадағы тілдік үлестің теңестіру жайлы заң жобасын жасады. Отандық арналар ол шарттарды орындағанмен көрерменнің көңілін толтыратын ешқандай өзгеріс байқалмады. Алғашында эфир уақытын толтыру мақсатында кәріс телесериалдарын қазақшаға аудардық, одан кейін түріктерді тамашаладық, енді үнді телесериалдарына жаппай аудару жүріп жатыр. «Қазақстан» ұлттық арнасы, «КТК», «Астана» телеарнасы, «31» арна осылардың барлығында үнді телехикаясы көрсетіліп жүр. Оның орнына қоғамға қажетті материал ұсынсақ әлдеқайда жақсы болады. Дегенмен, жеке меншік арналардың өзін-өзі қаржыландыруы рейтингке жұмыс істеуге мәжбүрлеуде. Интернет сайттарынан да осы процесс байқалады.

Қазақстанның медиа саласына зерттеу жасайтын ешқандай орталықтың жоқтығы да мәселені ушықтыра түсуде. Мысалы, Ресейде «Медиология» ақпараттық-сараптама жүйесі жұмыс істейді. Оның мақсаты Ресей кеңістігінде таралатын медиаға сараптама жасап, кім не жазды, қанша оқырманы бар, қоғамда қалай қабылдады деген сияқты ақпарат беріп отырады. Ал, АҚШ-тың медиа саланы зерттеу жүйесі АҚШ телеарналарына қандай хабарды көрсету керектігіне кеңес беріп, қоғамға қандай хабар керек соның жобасын да жасап береді. Яғни, БАҚ-тың қоғамға әсерін бақылаудың маңызы жоғарын екенін ескеруге міндеттіміз. Медиологияны зерттеп, Қазақстанның медиа саласына сараптама жасау арқылы ғана қоғамға не керек екенін, отандық телеарналардың қандай болуы керектігін біле аламыз. Жоғарыда айтылған арналардағы мәселелер де осындай зерттеудің аясында шешімін табатыны сөзсіз.

Медианың қоғамға әсері. БАҚ-тың психологиялық әсерін қарым-қатынастың себебі мен салдары төңірегінде қарастыру керек. Мұндағы себеп түрлі байланыс құралдары арқылы тарайтын ақпарат. Бұқаралық ақпараттың мінез-құлық пен психикаға әсерін зерттейтін әлеуметтану-

шылар мен психолог мамандар қатаң сақтандыру шараларын ескеру керектігін алға тартады. Ол өзге факторлардың әсерін азайту үшін. Мұндай әдіс ғалымдарға бұқаралық ақпараттың жеке тұлғаға әсер етуін бақылауға мүмкіндік береді. Қазіргі дамыған қоғамдағы адам күніне мыңдаған медиа ақпаратты қабылдайды. Оның адамға әсер ететіні ақиқат. Одан байқағанымыз, осы әсердің куәгерлері мен медианың әсеріне қызығушылықтың артуы бұқаралық коммуникациямен бірге туындағандығы. Медиа ақпараттың әсеріне адамдар ешуақытта немқұрайлы қараған емес. Әсіресе өз ұрпақтарына әсерін назардан тыс қалдырған жоқ. Қоғам белгілі ақпараттың кері әсерін ешқашан жоққа шығарған емес. Сондай-ақ, медиа ақпараттың әлеуетті әлеуметтік әсеріне де қызығушылық болды.

Жаңа медиа жайында сөз қозғамас бұрын медиа сөзінің мағынасын анықтаған дұрыс. Қазір медиа сөзін барлық салаға қатысты қолданып жүрміз. Медиа холдинг, Арна медиа, Нұр медиа деген атауларға қарасақ, медиа сөзі орталық деген мағына береді. Белгілі блогер Асхат Еркімбаев «Медиа» сөзін латынның «medium» сөзінен «орта, аралық» деп аударса, Алиев Шаттық өз еңбегінде медианы латынның «media, medium» – құрал, сарапшы немесе ақпараттық деген тұжырым жасаған [6]. Ал, ағылшын тілінен аударғанда «әдіс, тәсіл» деген мағынаға ие болады. БАҚ саласына кейін келген термин болғандықтан, аталған сөзге әлі нақты аударма жасалған жоқ. Сонымен қатар «медиа» сөзін салаға байланысты қолданған дұрыс. Жоғарыда айтылған медиа сөзімен байланысты атауларға тән нәрсе орталық болса, информатика саласында медиа сөзі тасығыш. Яғни, салаға байланысты сөздің мағынасы екі түрлі пікір қалыптастырады.

Журналистикада медиа сөзін «әдіс, тәсіл, құрал» деп қолданған ұтымды. Себебі, ерте дәуірлерден ақпарат беретін манускриптар мен тасқа қашалған жазулар, қазақ даласындағы балбал тастардағы бейнелер, Орхон Енисей жазбаларын медиа деп атауға болады. Барлығы ақпарат беріп тұр. Ақпарат берудегі ерекшеліктерін ескерсек бірі тасқа қашалып жазылса, екіншісі сурет түрінде. Әрқайсысына тиесілі өз әдіс, тәсілін байқаймыз. Орталық деген атау ғаламтор арқылы ақпарат таратудағы мақала, бейне баян, аудио хабар бәрінің бір орталықтан таралуынан туғаны анық.

Қазіргі ғаламтор мен компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндігіне қарай бейне баянды, аудио хабарды, мақаланы да жариялауға

болады. Оларды бір-біріне кіріктіре отырып бір орталықтан таратуға да, жеке таратуға болады. Бәрін бірге беру немесе әрқайсысын жекелеп жариялау. Бұл ғаламтор мен жаңа мүмкіндіктерге ие бағдарламалардың жемісі.

Компьютердің техникалық мүмкіндігін медиа сөзінің орталық деген атау беруіне мәжбүрлеп отырмыз. Қазақстанға интернет келгенге дейін теледидар, радио, газет-журналдар басты ақпарат тарату құралы болды. Оған дейін қазақ халқының ауыз әдебиетінен бастап кітап басу, телеграф, телефон, газеттің пайда болуы ақпарат беру тәсілдерінің бастамасы еді. Яғни, уақыт өткен сайын ақпарат алмасу бар, тек ақпарат берудің тәсілдері ғана өзгеріске ұшырауда. Жаңа заман ұсынып отырған құралдар мен ғаламтор ақпарат алмасудың жылдамдығын арттырып, ақпараттық қоғамның қалыптасуына әсер етті.

Жаңа медиа – заманауи технологиялар мен ғаламтордың даму нәтижесінде пайда болды. Компьютерлік бағдарламалардың жетістігі арқылы «Жаңа медиа» ақпарат таратудың тың, жылдам және тиімді тәсілдерін ұсынуда. Оның жаңашылдығы аудио, бейне, мәтіндік хабарларды ғаламтор арқылы тарату. Қолжетімді интернеттің болуы шарт. Қазір кез келген газет журнал, телеарна, радио барлығының сайттары бар екенін білеміз. Сол арқылы қалаған уақытта ақпарат алуға болады. Өтетін хабарды күту, газетті сатып алу міндетті емес. Соңғы шыққан қалта телефондары толықтай интернет жүйесіне кіруге, ақпарат алып, оны таратуға ыңғайлы. Ұялы телефонның бұл саладағы белсенділігі оның үлесін арттыруда.

Жаңа медианың электронды БАҚ-пен байланысы оның қоғамдағы интернет әкелген өзгерістің нәтижесінде құрылды. Ол – ақпараттық қоғам. Бұл өз кезегінде еліміздің барлық саласын қамтуда. Оған БАҚ-тың араласуы заңдылық. Жаңа ақпараттық технологияның әсерінен масс медиада айтарлықтай өзгерістер байқалуда. Бұл өзгерістер ақпарат тасымалдауды түбегейлі өзгертті. С.Г. Машкова «Интернет-журналистика» еңбегінде БАҚ-тың интернет арқылы ақпарат берудегі өзгерістерін бірнеше процеске жіктеген [15].

Бірінші процесс – бұл дегитализация (ағылшын тілінен ауд. Digitalisation – сандық, цифрландыру). Ол БАҚ-тың мазмұнын, мәтіндік, графикалық, дыбыстық түрін, заманауи компьютерлерге түсінікті санды форматқа өзгертті. Дегитализация ақпараттың кез келген электронды желіде тасымалдануын жеңілдетті. Нәтижесінде, ғаламтор медиа өнімді сандық

формат арқылы шектеусіз таратушы, ақпараттық және байланыстың ерекше ортасына айналуға. Дегитализация БАҚ-тың мазмұндық деңгейін ажырата отырып, жинақтылыққа жол ашты.

Жинақтылық (конвергенция, ағыл. ауд. convergere – жақындау, ұқсас) – БАҚ-тың негізінің заманауи өзгеруіне жататын екінші маңызды процесс. Жинақтылық түсінігіне ең жақын «бірлестік» термині.

Біріншіден, бұл бірлестік технологиясы әр түрлі техникалы тасымалдаушы кабельді және телефон желілері, сымсыз спутникті байланыс арқылы тұтынушыға немесе қолданушыға ақпарат жеткізу.

Екіншіден, топтасу, бұл бір-бірінен алыс және бөлек жатқан БАҚ бірлестігі. Қазір бірігудің мынадай формалары қалыптасты: радио мен теледидар интернетте, видеофильмдер компакт-дискте, жаңалықтар тізбегі ұялы телефонда т.б. Нәтижесінде, қолданушының бірдей ақпарат өнімдерін әр түрлі желі арқылы алу мүмкіндігі оның бұрынғы ақпараттық және байланыс түсінігін түбегейлі өзгертті. Өртүрлі БАҚ-тың бірігуі, өнім мазмұнының әр түрлі арналар арқылы ортақ көрінісі жаңа кешенді жанрдың тууына әкелді. Теледидар дәуірінің өнімі ақпараттық (ақпараттық + ойын-сауық), Интернет дәуірі эдьютейнмент (білім беру + ойын-сауық), жеке арналар қазіргі заманғы ақпараттық инфорториал (ақпараттық + редакциялық) туғызды.

Кәсіби журналистік деңгейде жинақтылық бірнеше формада байқалады. Біріншіден, журналист жасаған жұмысын газетке де, онлайн басылымға және телеарнаның телемәтін қызметіне де ұсына алады. Екіншіден, журналистің өзіне де талаптар өзгерді. Қазіргі заманғы кәсіби журналист мультимедиялық құралдарды меңгерген, кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында материалдарды өндіруге қабілетті болуға міндетті.

Үшіншіден, жинақылық – бұл нарықтың бірігуі. Қазіргі заманғы медиа саласы телекоммуникация саласын және ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолдану арқылы интеграциялануға бағыт алды. Онда жаңа кешенді нарық қалыптасты, бәсекелес бағдарламалық құрал компаниялары, кабельді теледидар станциялары, спутниктік теледидар қызметі жаңа нарық қаупін азайту мақсатында біріктірілді [7].

Мультимедиялық қызмет бір жүйеге бірікті: желілік қызмет көрсету, бағдарламалық өнімдерді құру және т.б. Конвергенция жақын

онжылдықта БАҚ саласын ғана емес, сонымен байланысты барлық өндіріс саласын өзгертуге толықтай мүмкіндігі бар.

Жаһандану әлемдік үрдісте, ашықтық және өзара тәуелділікті білдіреді. Бұрын бұқаралық ақпарат құралдарының әсер ету аймағы мемлекеттің ауқымымен анықталса, қазір ұлттық шекараның жоқтығы оның мағынасын жоғалтты. 1960 жылдың ортасында М.Маклюэн бұл құбылысты «жаһандық ауылы» деп атады. Жаһандану қолданушыларға орасан ресурстарға жол ашты. Сол арқылы медиа ұйымдар өз аудиториясын арттыруға мүмкіндік алды. Бұл құбылысқа сын айтушылар «сандық алшақтық» туралы жиі мәселе көтереді. Оның мәні ресурстарға халықтың аз ғана бөлігі қол жеткізе алады. Ал кедей елдер бұл инновациялардан тысқары қалады.

Әртараптандыру. Қазіргі заманғы медиа хабарды адамдардың көп бөлігіне жеткізе алғанымен, ол оған талпынбайды. Керісінше, БАҚ бұқаралық аудиторияның шағын сегменттеріне бағытталған. Жаһандық тарату мүмкіндігі, ақпараттық өнімді жеңіл және

салыстырмалы арзан жасау мен тарату, аудиторияға тиімді қызмет көрсетуге барынша ұмтылатын БАҚ-тың мамандануы мен әртараптандыруы. Бұл құбылыс жайлы бірінші Э. Тоффлердің «Үшінші толқын» еңбегінде жазылған. Ақпарат жасау мен жеткізуді жетілдіру жүйесі бұқаралық ақпарат құралдарына нақты аудиторияға және жеке ақпаратты ақырғы пайдаланушыға беруге жағдай жасайды.

Газеттегідей ұзын-сонар мақала жазудың тиімсіздігін уақыт дәлелдеді. Оған әсер еткен ақпараттың шектен тыс көптігі. Сәйкесінше, ақпарат таратушы сайттар да жетерлік. Оның барлығын қарап шығуға уақыт тапшы. Қысқа ақпаратқа шолу жасап, жылдам қарап шығуға көп уақыт кетпейді. Ұзақ мақала оқылмай қалатын болғандықтан, қысқаша ақпарат беру тиімді болуда. Соның нәтижесінде электронды БАҚ-та блог, блоггер, интербелсенділік, инфографика, медиа журналистика, веб-редактор т. с. с. жаңа атаулар қолданысқа енді. Осылай электронды баспасөз интернет-журналистиканы қалыптастырды.

Әдебиеттер

- 1 Сұлтанбаева Г.С., Әлімжанова А.Б. Мультимедиялық журналистика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 126 б.
- 2 Шарков Ф.И. Коммуникология: основы теории коммуникации: учебник / Ф.И. Шарков. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2010. – 592 с.
- 3 Краснянский Д.Е. Основы теории коммуникации: пособие по изучению дисциплины. – М., 2009. – 154 с.
- 4 http://actualcomment.ru/vvedenie_v_mediologiyu.html
- 5 «Кәсіби білім берудегі интернет-сауаттылық: әдістер мен шешімдер» республикалық әдістемелік-тәжірибелік семинар жинағы /жауапты ред. А.Б. Әлімжанова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 226 б.
- 6 Еркінбай А. Жаңа медиа: Монологтан диалогқа. – Алматы, 2013.
- 7 Машкова С.Г. Интернет-журналистика: учебное пособие. – Тамбов, 2006.

References

- 1 Sultanbaeva G.S., Alimzhanova A.B. Multimedialyq jwrnalistika: oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2016 – 126 b.
- 2 Şarkov F.I. Communicology: baylanis teoriyası negizderi: Oqw quralı / Şarkov F.I. – M: Izdatelskotorgovaya korporaciyası «Daşka i K», 2010. – 592 bar.
- 3 Krasnyansky D.E. Baylanis teoriyasının negizderi. Zertew swbektilerine nusqawlıq. – Moskva, 2009. – 154 b.
- 4 http://actualcomment.ru/vvedenie_v_mediologiyu.html
- 5 «Kasibi Bilim Internet sauattylyq berudegi: adister sheshimder ozgerdi» respublikalyq adistemelik-tazhiribelik seminar zhinary. / Zhauapty A.B. Alimzhanova / – Almaty: «Qazaq universiteti», 2016 – 226 b.
- 6 Erkinbay A. Jana media: Monologtan dialogqa. Almaty 2013
- 7 Maskov, S.G. Internet jwrnalistika:- Tambov. 2006

Айтбаева Б.Қ., Құтымова Г.Н.
**Ресей радиостанциялары және
радиохабар тарату жүйесі**

Мақалада бұқаралық ақпарат құралы радионың орны мен рөліне тоқталады. Ресей радиостанциялары және олардың басты ұстанымдары, радиохабар тарату жүйесі қарастырылады. Ресей радиоарналарының тәжірибесіне тоқталып, оған талдау жасалынады. Шетелдік бірнеше радиоарналардың радиохабар тарату жүйесін қарастырады. Әлемдік тәжірибеге ғылыми тұрғыда тоқталады.

Түйін сөздер: радио, ақпарат, радиобағдарлама, аудитория.

Aitbayeva B.K., Kutymova G.N.
**Radio stations of Russia and
system of the the radio spread**

The article discusses the role of the radio as a mass medium. We consider such issues as Russian radio stations, their main purpose, radio spread system. There was analyzed the experience of Russian radio. Also, given the experience of several foreign radio broadcasts and distribution system. We consider the world experience from a scientific point of view.

Key words: radio, information, broadcast, audience.

Айтбаева Б.Қ., Кутымова Г.Н.
**Радиостанции России и
система распространения
радиопередач**

В статье говорится о роли радио как средства массовой информации. Рассматриваются такие вопросы, как радиостанции России, их главные цели, система распространения радиопередач. Был проанализирован опыт радиоканалов России. Также изучен опыт нескольких зарубежных радиопередач, их системы распространения. Рассматривается мировой опыт с научной точки зрения.

Ключевые слова: радио, информация, радиопередача, аудитория.

РЕСЕЙ РАДИОСТАНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ РАДИОХАБАР ТАРАТУ ЖҮЙЕСІ

Бүгінгі таңда радионың мүмкіндігі шексіз артты, бұл ортада да бәсекелестік күшейді, таңдау мүмкіндігі пайда болды, әр түрлі бағыт-бағдардағы, стиль мен мәнердегі радиостанциялар көбейді. Радиоарна өз қаржысын өзі тауып, дамитын жағдайға жетті, шығармашылық шексіз мүмкіндіктер ашылды. Радио-журналист эфирде еркін сөйлейтін, ойын бүкпесіз жеткізетін және оған өзі жауапкершілік жүктейтін жағдай туындады. Сөйлеу мәдениеті деңгейінің жоғары болуын талап ете бастады. Жаһандық кезеңде радионың даму жолдары қарастырыла бастады.

Ең алғаш шетелде жүйелі радиохабар таратуға 1920 жылдың 2 қараша айында Питсбург, АҚШ, «Вестингауз» (Westinghouse) компаниясы кірісті.

Болгария, Польша, Румыния, Италия, Франция және басқа да мемлекеттерде радиобағдарламалар үш мемлекеттік мамандандырылған бағдарламамен (ақпараттық, ойын-сауықтық және білім беру) орындалды. Көп мемлекеттерде тәулік бойына үзбей музыкалық бағдарламаларды беру қалыптасқан.

Радионың негізгі қағидаларын және оның тапсырмаларын социалистік мемлекеттерде мемлекеттік заң бойынша ұйымдастырылады. Ереже бойынша мемлекеттік комитет телевидение және радио ісімен айналысады.

Капиталистік мемлекеттердің дамуында радионың орны мемлекеттік істе басымрақ. Егер радио жартылай мемлекеттік лицензияда болса да ол өзіндік басымдылықты жоғалтпайды. Тек АҚШ-та ғана радио жеке компаниялар қаржыландыру көзі – абонентті төлем ғана емес және мемлекеттік демеу қаржы жүргізіледі. Бірқатар мемлекеттер (Жапония, Австралия, Канада, Ұлыбритания) аралас жүйе бар: ол мемлекеттік және коммерциялық хабар тарату қызметі. Мәселен, Еуропада (Люксембург) ең ірі музыкалық-ойын-сауық коммерциялық «Люксембург» радиостанциясы жұмыс істейді.

Жергілікті станциялар көбіне өзіндік филиалдарын жабдықтауда шек қойып отырады – «жаңалық уақытын» – 5 минуттық ақпараттың 1,5 минутын жарнамаға алады. 7,5 мың радиостанциясы бар елдерде жарнама (шамамен 20-25% ақпарат уақытында), музыка, жалпы ұлттық жаңалықтар, жергілікті ақпаратпен қамтамасыз ете отырып береді. «Рок-н-ролл»

льды», «жолға арналған», «ұлттық» және басқа да музыкалық, сонымен қатар «ақпараттық» және «пикирталастық» (тыңдарманның қатысуымен өтетін телефон тәжірибелік шоу) станциялар бар. Коммерциялық радиолардың ең негізгі мақсаты – жарнамаға тапсырыс берушілерді ең көп аудиториямен қамтамасыз ету. Америкалық радиолардың жылдық жарнама табысы 1,2 млрд. долларды құрайды. Университеттік және коммерциялық емес мәдени-ағартушылық радиостанциялар (білім беретін жергілікті радио) аз ғана аудиторияны қамтып, коммерциялық радиолармен бәсекеге түсуге мүлдем қабілетсіз.

Ал дамушы елдердің Азия, Африка және Латын Американың радиосы – бұқаралық және жалпыға қолжетімді, білім тарататын ақпарат құралы. Осы елдердің көбі 30-40 жылдары радиоқызметтің тәуелсіз болуына дейін әкімшілік отар құрылған, яғни еуропалық компаниялардың құрылымын көшіру, қанаушы мемлекеттермен байланыс мақсатын күшейтуді қуалау, міне осыдан мемлекеттік үкіметтің материалды-техникалық хабар таратуды жаңартып қана қоймай, күшейтуге де тура келген. Негізгі хабар таратудың түрі – мемлекеттік. Коммерциялық радиостанциялар өте аз, олардың ішінде ең танымалы Шри-Ланка (Цейлон). Шри-Ланка оңтүстік-шығыс Азия қабылдаған, көңіл көтеруге бағытталған радио. Радиобағдарлама қызметінде 50% ұлттық музыка бағдарламалары қамтиды; қалған уақытта ақпараттық, қоғамдық-саяси, оқу-ағартушылық бағдарламалар қамтылады. Бірқатар мемлекеттерде ЮНЕСКО бастамасымен клубтарда ұжымдық топтар тыңдау үшін арналған (жеке гигиена, ауыл шаруашылығына, негізгі азаматтық құқыққа т.б. қатысты сұрақтар) ауылдық радиофорумдар құрылған.

Дамушы елдерде радионың қалыптасуына ЮНЕСКО және халықаралық ұйымдар көмек көрсетеді. Олардың ішінде бұрыннан келе жатқан – Халықаралық электр байланысы одағы (1865 жылы құрылған, штаб-пәтері Женева), негізгі міндетті қызметі радиожиіліктің таратылуы. Одақ барлық мемлекетті біріктіреді. Социалистік мемлекеттер Халықаралық ұйымдар телеарна және радиоарна қатарына шығады, батыс-еуропа – еуропалық радио хабар тарату одағы (1950, әкімшілік орталық Женева, техникалық орталық – Брюссель). Ең ірі радио және телевидение халықаралық ұйымдар – Америкааралық хабар тарату ассоциациясы (1946), Африкалық радио және телевидение одақ (1960) және Азиялық радио хабар тарату одағы (1964).

Қазіргі жаһандық кезеңде радио өте танымал ақпарат құралы. Оның аудиториясы да өте ауқымды. Радио аудиториясын анықтау мақсатында көптеген зерттеулер жүргізілген. Соның бірі италияндық 690 радиостанцияның аудиториясының зерттелуі. Зерттеу барысында – қоғамдық, жеке, жергілікті – көрсеткендей, «жаңа тыңдармандар» – олар отандық радиоларды емес, көбінесе жеке станцияларын тыңдаушы жасөспірімдер екен. Италияда радионы күніне 26,5 млн адам орта есеппен алғанда 2 сағат 40 минут тыңдайды екен (салыстыру үшін: телеарнаны италяндықтар орта есеппен алғанда күніне 2 сағат 50 минут көреді).

Кез келген радио тақырыптық, жанрлық, стилдік тұрғыда ерекшеленеді. Радионың негізгі жанрларын ажыратып қарастыратын болсақ: ақпараттық қоғамдық-саяси (радиоақпарат, -репортаж, -комментарий, -интервью, -әңгімелесу); көркем-публицистикалық (радиоочерк, -фильм, -композиция); көркемдік (радиокөйылым, пьеса және т.б.). Радио сонымен қатар, әдеби және музыкалық шығармалардың барлық жанрын хабар таратуда пайдаланады; радиотеатр драматургиясына және опера спектакльдеріне арнайы бейімделген мәтіндер де пайдаланылады. Заманауи радионың пішіні – ақпараттық радио шығарылым, радиогазет, радиожурнал т.б. [5]

Салыстыру мақсатында көршілес жатқан Ресей мемлекетінің радиоарналарының қызметіне тоқталып өтсек. Владислав Смирнов «Радиовещание новой России: проблемы становления и функционирования, тенденции развития» атты мақаласында: «Егер бұрынғы кеңестік радионың бұқаралық ақпарат құралдары ретінде ең басты мақсаты: жаңа адамды тәрбиелеу, оны саналы түрде еңбекке баулу болса, ал қазіргі радионың негізгі мақсаты: өзінің аудиториясын ақпаратпен және ойын-сауық бағдарламалармен қамтамасыз ету» деген пікір айтқан.

Бұл пікір цензурасыз қоғамдық хабар таратудың қалыптасуынан пайда болған. Ресейде қосымша коммерциялық, жеке радиоарналардың қалыптасуы белсенді түрде жүріп жатты. 1991 жылы тек бір ғана Мәскеудің өзінде олардың 10 ашылды және жыл сайын олардың саны өсті (1992 – 21; 1993 – 27; 1994 – 33 станция). 2010 жылы Мәскеуде олардың 40-қа жуығы жұмыс істеді. Ең бірінші Санкт-Петербургте «Радио-Балтика» радиостанциясы (1991 қаңтар) жұмыс істеді. 1994 жылы Санкт-Петербург эфирінде мемлекеттік «ГТРК «Петербург – 5 канал» және «Радио Классика» музыкалық станциясынан

басқа тағы 8 коммерциялық станция жұмыс атқарды.

Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдықтың соңына қарай Петербургте УКВ-диапазонында және FM-диапазонында 30 радиостанция жұмыс істеді. Ресейдің басқа да ірі қалаларында коммерциялық станция ашылды. 90-жылдың екінші жартысында нижний Новгород, Самара, Екатеринбург, Ростов-на-Дону қалаларында 4-6 радиостанция болды. 1994 жылы Ресейге коммерциялық радиоарналарға 400 лицензия берілді, ал 1998 жылы осындай 1500 лицензия тіркелді.

Коммерциялық радиостанциялардың ішінде тыңдарманы көп және ең танымал радиоарналар: «Русское радио», «Европа плюс», «Хит-FM», «Радио 7. На семи холмах», «Эхо Москвы», «Максимум», «Авторадио», «Наше радио».

Шетелдік тәжірибеге және өзінің қаржылық деңгейіне қарай отырып, әркім өзінің қалауын, қолынан келгенін жасады. Шетелдік капиталдық негізді радиостанциялар пайда болды. Осылайша, бірлескен ресейлік-американдық капитал жұмыс станциясының негізінде «Максимум», «Радио 7. На семи холмах» құрылды. Еркін эфирде бұл тәжірибе: бәсекелестікте өзіндік жолда тек қана жағымды элементтерді ғана емес, сонымен қатар материалдық, экономикалық тиімділікке жету үшін талап – іс жүзінде бұл еркін нарық дәлелденген тәсілі болып табылады: корпорацияны кеңейту және жаңа холдинг бірлестігін құруды көрсетеді.

Билік өкілдері аудиторияға дұрыс бағытта тиімді әсер етулері үшін, қоғамдық хабар таратуды неғұрлым қатаң басқаруды талап етті. РФ 1998 жылы 8 мамырда Президенттің бұйрығымен «Мемлекеттік электрондық БАҚ бірыңғай өндірістік кешенінің қалыптастыру туралы» ВГТРК базасында бірыңғай мемлекеттік корпорация аудиовизуальдық БАҚ құрылды, оған барлық радио компаниялар, техникалық қызметтер, 99 аймақтық мемлекеттік телерадиокомпаниялар, аймақтарда мемлекеттік компания филиалы ретінде 110 радиотелеорталық кірді. Осы уақытқа дейін Ресейде телевизия және радио бойынша мемлекетте 1419 ақпарат таратушы органдар қызмет атқарады. Олардың ішінде – 292 мемлекеттік, 1103 – коммерциялық, қалғандары – қоғамдық.

Коммерциялық радио сферасында бірнеше ірі ақпарат таратушы корпорациялар қалыптасты: мультимедиялық холдинг «Медиа-мост» В. Гусинский (оған «Эхо Москвы» кірді), баспа-телерадиоконцентр Б. Березовский, оған

«Наше радио» кірді. Холдингтің қалыптасуы радио сферасында хабар тарату негізінде жүрді. Ең танымал станциялар: «Русское радио», «Европа плюс», «Эхо Москвы», «Ностальжи».

КОМКОН-2 қызметі 2000 жылдан бері бірнеше жыл аясында мәскеулік ірі радиостанцияларға әлеуметтік бағдарламалар, оның ішіне аудиторияны зерттеу, контент, станцияның музыкалық бағыты бойынша зерттеу жүргізді. Бұл зерттеудің нәтижесі: кейбір радиостанциялар «өзгермелі форматы» бар, басқалардың форматтарына кіру (музыкалық шекарасына) элементтері бақыланды, аудиториядағы топтар жас ерекшелігіне қарай ауысады – олар жергілікті, тар бола бастайды.

Осылайша, радио тыңдаушылардың түрлі топтарының қатынасы аудитория ортадағы өзгерістерді танытуға: алынған мәліметтерде материалдық, мәдени сипаттамасы, оқытуы қарастырылады.

Сонымен, соңғы онжылдықта Ресейде жаңа радиохабардың қалыптасуында екі негізгі тенденция пайда болды: қоғамдық хабар тарату орталықтандыру және коммерциялық радио станциялар өсуіне байланысты, хабар тарату холдингтер мен эфир желісінің кеңеюі, бұл процестер радиорынокта сәтті жұмыс істеуіне көмектесті. Аудиторияны зерттеу ең маңызды болып саналады. Кеңестік кезеңде аудитория енжар объект ретінде қабылданды, оны «тәрбиелеу» керек болды, ең бірінші кезекте – идеологиялық: тәрбиелеу, оқыту, үйрету... Қалыптасу процесінде цензурасыз радио аудиториясы белсенді субстанцияға айнала бастады, оны тек қана қарастырып қана қоймай, арнайы ескеру және олардың үміттерін, мүдделерін қанағаттандыру қажет болды. Тыңдармандар радионың қызметіне және хабар тарату сипатына әсер ете бастады. Бұл еркін радиожурналистиканың жаңа болмысы еді. Осы екі жетекші желілер де аудиожурналистикаға байланысады: тиісті функционалды – анықталған таратушылар және аудиторияның қабылдануына негізделген, мүдделерін түсінетін, олардың күтілімдері мен талаптарын қанағаттандыратын тікелей аудитория.

Екінші, Ресейдің радиоэфирінде мүлдем жаңа реформа, ол – жарнама. Хабар тарату мәселесін қайта құрылымдау кезеңінде мемлекеттік қаржыландырудан айырылған. Осылайша, мемлекеттік бағдарламалар, әсіресе жергілікті, өз еркімен бір ғана жол арқылы, яғни жарнама арқылы өз-өздерін қаржыландырды.

Радиоэфирде пайда болған жарнама, тек қана бағдарламаларды бұрмалап қана қоймай,

сонымен хабар тарату мазмұнының бүкіл ағынына әсер етті. Ақпарат сыртын тартымды қораппен орап, табысты сатуды көздейтін тауарға айналды. Бұл капиталды хабар таратудың басы болды. Ол бұқаралық аудиторияның ең жоғарғы талаптарына сай емес бағытында айтарлықтай ығысу болды. Эфирде қылмыстық жаңалықтар, деректер, эстрада жұлдыздарының жеке өмірлеріндегі құпиялар, кино, спорт, катастрофа туралы, оқиға болып жатқан жерден хабарлау, қақтығыс және т.с.с. Кейде радио жаңалықтарында жағымсыз ақпараттар берілді. Мысалы, «Радио России» – негізгі мемлекеттік канал, өзінің таңғы жаңалық бағдарламасында – «Вести» 2010 жылы 19 маусымда 12 сюжет берді. Оның ішінде 11-і – қылмыстық тақырыбы аясында.

Міне, бір ғана мемлекеттік радионың бір күнгі жағымсыз ақпараты осындай. Және осындай жаңалық топтамасы басқа да эфирден беріліп жатыр.

Ресейдегі өзекті мәселелердің бірі жарнама. 2002 жылы желтоқсан айында Ресей радиостанциясы мемлекеттік және мемлекеттік емес радиоарналардағы жарнамалардың берілу уақытын өлшеді (ұзақтығы секунд бойынша): 1. «Автордио» – 257015; 2. Радио «Максимум» – 196887; 3. «Эхо Москвы» – 188321; 4. «Европа плюс» – 186024; 5. «Динамит» – 189149; 6. «Русское радио»-2 – 94875; 7. «Радио тройка» – 87091; 8. «Радио России» – 39489; 9. «Маяк» – 33263. Зерттелген барлық 20 радиостанция бір айда 2807 683 секунд жарнамаға алынған.

Ресейдің мемлекеттік радиоарналары:

«Ресей даусы (Голос России)» – мемлекеттік радиохабар компаниясы. 1929 жылдың қазан айынан бастап жұмыс істеуде. Ресей федерациясының үкіметі қаржыландырады. Радиоарнаның мақсаты – әлемдік қоғамды Ресей өмірімен таныстыру, оның әлемдік оқиғаға деген көзқарасы, әлемде Ресей бейнесін жағымды қырынан қалыптастыру; шетелдік отандастармен өзара байланыс орнату; орыс мәдениетін және орыс тілін дәріптеуге көмектесу.

Мемлекеттік хабар тарату компаниясы «Ресей радиосы (Радио России)» – елдегі маңызды мемлекеттік радиоарна. Алғашқы дабылы 1990 жылдың 10 желтоқсанында шықты. «Ресей радиосы» елдегі ең қуатты радиосигналды 1100 таратқышқа иемденеді. «Ресей радиосы» барлық аймаққа, сонымен қатар Интернетте ұзын, қысқа, ультрақысқа толқындар шығарылады. «Ресей радиосы» техникалық мүмкіндіктерін Ресейде 143 миллион адам және 50 миллионнан

астам іргелес мемлекеттер қабылдай алады. Бүгінгі күні «Ресей радиосы» – елдегі бірден-бір жалпы форматты федералдық радиостанция. Радио өнімінің барлық түрін – ақпараттық, қоғамдық-саяси, музыкалық, әдеби-драматургиялық, ғылыми-танымдық, балаларға арналған бағдарламаларды қамтиды. Эфирде 174 түпнұсқалық бағдарлама беріледі. Тәулік бойына хабар таратылады.

«Маяк» – тәулік бойына хабар тарататын ең беделді, бұрыннан келе жатқан мемлекеттік ақпараттық-музыкалық станция. Көп жылдан бері «Маяк» елдегі маңызды ақпарат тарататын бірден-бір оперативті радио. Станция форматын жаңартқанымен, ол өзіндік хабар таратуда негізгі қағидаларын сақтап қалды. Жаңалық шығару бұрынғыдай жарты сағаттық аралықта беріледі. Қалған уақыт қызықты танымдық бағдарламалар, арнайы авторлық жобалар, интерактивті ойын-сауық блоктар және ең бастысы музыкамен қамтылады.

«Орфей» – Ресейдегі академиялық классикалық музыка тарататын жалғыз радиоарна. «Орфей» Еуропалық хабар тарату одағының (EBU) мүшесі және Әлемдік заманауи композиторлар Трибунасында Ресейді ЮНЕСКО-ға танытады.

«Жұлдыз (Звезда)» радиостанциясы хабар тарату жұмысын 2005 жылдан бастады. «Жұлдыз» – бұл заманауи музыкалық-әңгімелесу радиостанциясы. Радио отаншылдық әскери тақырыптарға ерекше назар аударады. Эфирде ақпараттық-танымдық бағдарламалар, тарихи аудиокітаптар, 80-90 жылдардағы музыка, уақытылы жаңалық шығарылымы беріледі. «Жұлдыз» радиостанциясын Ресейлік 13 аймақ тыңдайды. Радиостанцияның бірегей бағдарламасы өзіндік өнім, өзіндік шығарылым – танымдық кезең бағдарламасы. Бұл бағдарлама Ресей тарихына, өлкетануға, әскерге байланысты. «Жұлдыз» – кешкі және түнгі эфирде кітап оқылуын: «Қысқа әңгімелеу уақыты (Час короткого рассказа)», «Түнгі радиокітап (Ночная радиокнига)» бағдарламаларында тарихи және әзіл-оспақ әңгімелер, қызық оқиғалы роман, майдан хабары, ресейлік және шетелдік әдеби классикасын тыңдауға болатын бірден бір радио.

«Радонеж» діни радиостанциясы 1991 жылдан бастап эфирге шықты. Содан бері «Радонеж» радиосы әсерлі және танымал діни бұқаралық ақпарат құралына айналып, Ресейлік Православие шіркеуінің даусына айналды. «Радонеж» радиосы эфирге аптасына жеті күн, тәулігіне төрт сағат шығады. [7]

Ресейдің хабар тарату жұмысының тағы бір өзекті мәселесі жылдар бойына қалыптасқан ең үздік бағдарламаларды жоғалту. Эфирде көркем-публицистикалық жанрдың аз көрсетілуі, бұл жанрдың байлығы дыбыс, балалар хабарына негізделу, деректі-тарихи композиция, радиопьеса...

Тағы бір мәселе: мемлекеттік хабар таратуға эфирлік уақыттың басым бөлігі беріледі, көбіне билік өкілдерінің мүдделері мен ұстанымдары көрсетіледі.

Бірақ адамдарға ауыр сынақтардан, дағдарыстардан, ертеңгі күнге деген сенімсіздіктен арылу, өзіне деген сенімділікті туғызу, мемлекеттің дамуы, жарқын болашақ үшін жағымды ақпарат қажет. Осындай тәжірибеге Америка Құрама Штаттарының радиохабарының тарихы ие. 30-жылдары депрессия кезінде Президент Рузвельт, мемлекетін дағдарыстан шығару үшін радио мүмкіндіктерін Америка халқының үнжұрғасын көтеру мақсатында пайдаланды. Байланыс бойынша Федералды комиссия жұмыс істеді, оның мүшелерін өзі сайлады және оның мәртебесі министр мәртебесінен жоғары болды. Ол хабар таратуды реттеп отырды.

Әлемдік радио тарихының мұрасы, Рузвельт жүргізген «Беседы у камина» отандастарын ынталандыруға тырысады, өздерінің күшіне сенім ұялатады, шешімдерінің дұрыстығына сендіреді. Осыған орай белгілі америка радиожурналисі Майкл Кийт: «Микрофон алдында шыншыл, ақылды, өзіне сенімді адам сөз сөйледі» – деп жазады кітап авторы.

Әрине, бұқаралық ақпарат құралы ретінде радионың атқарар қызметі орасан. Радионы тек қаржы табу көзіне айналдыру дұрыс жол емесі анық. Дегенмен, қазіргі қоғамда барлығы қаржы мәселесіне байланысты болғандықтан мұның басқа шешімін табу өте қиын. Радионы түбегейлі қаржы табу көзіне айналдырмай, оның халыққа деген рухани азық беретін құрал екенін есте сақтау керек. Радио рухани, мәдени мәселелерге назар аударып, өзінің басты қағидасы етіп қойғаны абзал. Осындай мәдени жаңалыққа бет бұрып, оны сауатты халыққа жеткізу жолын көздегенде ғана жаһандық радионың қажеттілігі сақталмақ.

Ал қазіргі радиохабар қандай оң, маңызды, қызықты өзгерістер алып келді? Ең алдымен техника жағынан бастайық: соңғы жиырма жылдың ішінде радио технологияны тарату және қабылдау айтарлықтай жақсарды. Жаңа ауқымдар игерілді, әсіресе тиімді – FM – тол-

қыны, кеңістік және сандық хабар тарату қорларын игерген, радио Интернетке келді. Бұл өзгерістер өзіндік жағымды әсерін тигізді. Радионың жеткен жетістіктері мен табыстары ең бірінші кезекте хабар тарату көзқарасының тыңдаушыларының қажеттілігімен байланыста болу және сөз бостандығының болуы. Әр түрлі топ аудиториясының сұраулары бойынша түрлі радиостанция, әр түрлі форматтар және хабар тарату ұғымдар мен модельдер қалыптасады. Эфирді толтыру ретінде, мамандандыру жаңа радиостанцияларды құруды айқындаушы факторы болды. Даму екі негізгі бағыт бойынша келді: әлеуметтік-ақпарат («Эхо Москвы», «Возрождение», «Надежда») және музыкалық – ойынсауық («Европа плюс», «Русское радио», «Деловая волна»).

Радиода белсенділік танытатын, аудитория жинайтын бұл әрине музыка. Ең танымал музыкалық формат: қазіргі заманғы танымал музыка, ұлттық, рок-музыка, батыстық ретро-музыка, «естелік музыкалар», альбомды рок, жеңіл музыка, бәріне арналған музыка.

Ерекше танымалдыққа ие болған «Русское радио» эфирде тек орыс тілінде музыкалық шығармаларды береді және «Шансон», «Ретро» радиостанциялары өткен жылдардың ең үздік әндерін береді.

Радиодағы ең басты жетістіктердің бірі авторлық радиопубликациялардың пайда болуы. Бұл авторлық бағдарламалардың жүре бастауы радио тілінің дамуына өзіндік үлес қосты.

Жаңа хабар тарату пайда болғаннан бастап «жазбаша мәтіндер» өткеннің еншісінде қалды. Радио өзінің табиғи мәніне жақындады – диалогтық, сөйлеуге жақындады. Ол ауыр (әсіресе әдеби жағынан) жанрдан, ауызша қарым-қатынас жанрына кете бастады («Автордио», «Love радио»).

Телеарна мен радиоарнада сөйлеу мәдениеті өте маңызды және өзекті. Ол редакторларды, дикторларды, комментаторларды, корреспонденттерді, шолушыларды, актер-орындаушыларды – эфирде жаңалықтардың шығуына қатысы бар адамдардың барлығын толғандыруы қажет. Дегенмен, сөз мәдениетінің жоғары болуы, сөзсіз дикторға тәуелді. Оның сөзі әдеби сөйлеудің дұрыс үлгісі болуы керек. Ол сөзге ілтипатпен, ұқыптылықпен қарауға міндетті.

Сөзге қамқорлық – өте нәзік, еңбекті көп қажет ететін, жан-жақты жұмыс. Сөз – ол құрал. Нақты және әмбебаптық құрал. Міне, сөзге деген осындай қарым-қатынасты әрбір радиожурналист өзіне қалыптастыруы қажет.

Радио – бұл бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі өте жылдам және аз шығынды қажет ететін құрал. Радиода жұмыс істеу дегеніміз – тек қана жазу емес, ол мәтіннің айтарлықтай түсінікті, қарапайым және тыңдарманға ұғымды болуы, тіл мәдениетін дұрыс пайдалана алуы. Сөз тәсілдерін журналист өз жұмысында қолдануы керек. Жалпы, журналист ғылыми теорияға сүйене отырып жұмыс атқарса, радиоөнімнің сапасы артатыны анық. Сонымен қатар журналистің тілге

деген құрметі, сыйластығы мен сүйіспеншілігі де маңызды орын алады. Радио – сөз құралы. Сөзге деген журналистің қатынасы жоғары және кәсіби деңгейде болуы шарт. Радио – журналистиканың мәні, оның ең таза нақтылы түрде көрсетілуі – баспасөз әдебиетпен тығыз байланыстылығы және сөздің қолданылуы. Радионың таңғажайыптығы – адам дауысы, сөздің қолданылуы, оның интонациясы, оның күлкісі мен көз жасы, әлемнің дыбысы, музыка, табиғат дауысы...

Әдебиеттер

- 1 Польш Л. Сопер. Основы искусства речи. – 2002.
- 2 Мельников Г.С. Общение в журналистике: секреты мастерства. – Питер, 2006.
- 3 Ситников В.П. Техника и технология СМИ: печать, телевидение, радиовещание. – М., 2005.
- 4 Цвик В. Журналист с микрофоном. – Москва, 2000.
- 5 <http://dic.academic.ru>
- 6 <http://www.bolshoyvopros.ru>
- 7 <http://sezador.radioscanner.ru>

References

- 1 Paul L. Soper . Basics of art speech. – 2002.
- 2 Melnikov G.S. Community journalism: tricks of the trade . – Peter, 2006.
- 3 Sitnikov VP Technique and technology media: print, television , radioaschanie. – М., 2005.
- 4 Zwick W. Journalist with a microphone. – Moscow, 2000
- 5 <http://dic.academic.ru>
- 6 <http://www.bolshoyvopros.ru>
- 7 <http://sezador.radioscanner.ru>

Kabylgazina K., Ergojaev A.,
Lepessova A.

**Problems of broadcasting news
programs**

The entire universe is regardless of the global system. Information space, which is associated with the emerging advanced technologies in the world significantly increased many times. Great powers using their achievements are trying to influence and act. Of course, Kazakhstan, where abundant natural and human wealth cannot stay away from the change occurring at the global level. Our country joined to the global process of media modernization as other developing countries of world. But day after day we are convinced that, in order to benefit from this process, we have to face different barriers which threaten our historical and cultural values.

Key words: information, modernization, barriers.

Қабылгазина К., Ергожаев А.,
Лепесова А.

**Ақпараттық бағдарламаларды
тарату түйткілдері**

Бүкіл әлем жаһандық жүйеге тәуелді. Әлемде озық технологиялардың дүниеге келуіне байланысты ақпарат кеңістігі де айтарлықтай ұлғая түсті. Ұлы державалар да өздерінің жетістіктерін пайдаланып, өз ықпалдарын, пәрменділіктерін жүргізуге ұмтылуда. Әрине, әлемдік деңгейде болып жатқан өзгерістерден табиғи және адами байлығы мол Қазақстан да шет қалуы немесе оқшаулануы мүмкін емес. Біздің еліміз де өзге дамушы елдер сияқты ақпарат саласын модернизациялау процесіне қосылды. Бірақ бұл үрдістің игілігін көру үшін тарихи және мәдени құндылықтарымызға қауіп төндіретін түрлі кедергілермен бетпе-бет келуге тура келетініне күн өткен сайын көзіміз жетіп келеді.

Түйін сөздер: ақпарат, модернизация, кедергілер.

Кабылгазина К., Ергожаев А.,
Лепесова А.

**Проблемы вещания
новостных программ**

Информационное пространство, связанное с передовыми технологиями в мире, значительно возросло. Великие державы, используя свои достижения, пытаются влиять и действовать. Казахстан, который имеет обильные природные и человеческие богатства, не может остаться в стороне от изменений, происходящих на глобальном уровне. Наша страна присоединилась к глобальному процессу модернизации СМИ, как и другие развивающиеся страны мира. Но для того чтобы извлечь выгоду из этого процесса, нам придется сталкиваться с различными барьерами, которые угрожают историческим и культурным ценностям народа.

Ключевые слова: информация, модернизация, барьеры.

**PROBLEMS
OF BROADCASTING
NEWS PROGRAMS**

Today's world is transformed into a single system. The entire universe is subject of the global system. Information space, which is associated with the emerging advanced technologies in the world significantly increased many times. Great powers using their achievements are trying to influence and act. Of course, Kazakhstan, where abundant natural and human wealth cannot stay away from the change occurring at the global level. The process of modernization of the information space of our country is based on the historical and cultural characteristics of the people on the national mentality and ethno-cultural and linguistic state, formed in the state. Recently, the information space of the country several times undergone an evolutionary upgrade. Information – a factor that increases the sensitivity and utility of journalism. Media offers only audience that has a great demand. This makes it clear that the position of « journalist in the audience » from the Soviet Union has no differences, as there is misrepresentation. The main difference lies in the fact that if all was well, and now – bad. That is, to offer the viewer required for him negative information ready even change the event, distorting facts.

In the nineties, when the country was experiencing a state of crisis, popularly rampant social processes such as continuous unemployment and poverty, angry people needed such journalism that would show the face of all the difficulties which the state can not prevent. And so, journalism has been criticized all around to satisfy the people's desire. So many spiritual genres of journalism disappeared, because on the review were only cons, aesthetic values of the human mind beginning to envelop shadow. Only dark information was allowed.

Unfortunately, the current state of the mass media has not improved. Channels began to show on the airwaves events that directly relevant to terrible crimes. Such a spectacle on the blue screen, developed in the minds of people, not only disgust for criminals, but cruelty. Due to the fact that viewers who watched this constant bloodshed over the air, there was a threat to the underworld look absolutely normal. As a result, in the mind of mankind gained a foothold the idea, that life is cruel, built on injustice. We can't forget that there are conditions which must be shown on television, and which must not. Firstly, it depends on the edition of journalists,

secondly, on the edition of the manual. If you follow rules of news coverage, you cannot show on the screen a lake of blood, the others cannot show the open face of the deceased. Another important rule is that in any case we cannot show suicide. But if a person who commits suicide is an important and respected person in the society, the situation will develop a little bit differently.

Сөздердің сипатталу мақсатына қарай: этимологиялық сөздік, орфографиялық сөздік, синонимдер сөздігі, омонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі т.б.

Сөздердің неге, кімге арналғандықтарына қарай, яғни, арнаулы сөздіктер: терминологиялық сөздік, тарихи сөздік, көне сөздердің сөздігі, кісі аттарының сөздігі, жер-су атауларының сөздігі, жазушы тілінің сөздігі.

Сөздердің қамтылу деңгейіне қарай: үлкен сөздік (мысалы, қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі), орташа сөздік (қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі), шағын сөздік (қазақша-орысша-қысқаша сөздік, мектеп оқушыларына арналған орфографиялық сөздік т.б.).

Сөздікке кірген бірліктердің лексикалық тұлғасына қарай: түбір сөздердің сөздігі, қосымша морфемалардың сөздігі, сөз тіркестерінің сөздігі, фразеологиялық сөздік т.б.

Сөздікке кірген сөздердің орналасуына қарай: әліпбилік (алфавиттік) сөздік, идеографиялық сөздік (сөздер әліпбилік тәртібімен емес, мағыналық жақындығына қарай орналасады), кері сөздік (сөздер кері әліпбилік ретпен орналасады) т.б.

Өзінің типі жағынан сөздіктер, ең алдымен, біртүрлі сөздіктер және екі (немесе көп тілді) тілді сөздіктер болып екіге бөлінеді. Біртүрлі сөздіктерге – түсіндірме сөздіктер, ал екітілді сөздіктерге аударма сөздіктер жатады. Екеуіндегі сөздер де әліпбилік ретпен орналасады.

Бұлардың ішіндегі негізгісі – түсіндірме сөздіктер. Түсіндірме сөздіктердің ана тілінің сөз байлығын халыққа насихаттауда, оларды нормаға түсіруде, зерттеуде әлеуметтік маңызы зор. Сөздік түсіндірме сөздердің мағыналарын, қолданысын, фонетикалық, грамматикалық және стилдік ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл сөздік кез келген уақытта жасалына бермейді. Оның жасалынуы үшін екі түрлі жағдай керек. Біріншісі – тіл жеткілікті дәрежеде дамыған, өскен жағдайда; екіншісі – сол тілдің тіл байлығын (лексикасын) нормалық тұрғыдан сипаттау қажеттігі сезілген жағдайда, яғни халық тілінің даму деңгейі жоғары сатыға көтерілген кезінде жасалынады. Оған көз жеткізу үшін көпшілік елдердегі түсіндірме сөздіктер Ғылым Академиясы бар елдерде ғана жасалатындығын айтсақ та жеткілікті. Екі тілді сөздіктердің де (бөтен

тілдің сөздерін ана тілінің сөздерімен түсіндіру) қызметі ерекше. Дүние жүзі халықтары бір-бірімен жақындасып, қоян-қолтық тірлік көзделіп отырған қазіргі дәуірде қазақша – шеттілше (орысша немесе ағылшынша), шеттілше – қазақша деген тәрізді екітілді сөздіктерді көптеп жасап шығару бұл – тілдерді оқып үйренуде, бір халықтың тілін екінші халық өкілдері игеруде, аудармасын жақсы жолға қоюда үлкен рөл атқаратындығы сөзсіз [1:231].

60-шы жылдардан бері қалыптасқан сұрыптау тәртібі бойынша анықтамалық әдебиет негізі бес топқа бөлінеді:

1. Жалпы (немесе әмбебап), ұлттық (аймақтық) – әмбебап, салалық (немесе арнаулы) энциклопедиялар мен энциклопедиялық сөздіктер; 2. Терминологиялық және лингвистикалық сөздіктер; 3. Саяси, экономикалық, географиялық, статистикалық (санақтық) және жалпы жұртқа арналған басқа да анықтамалықтар; 4. Өндірістік анықтамалықтар; 5. Әр түрлі анықтамалық-хабаршы әдебиет (баспалардың каталогтары мен библиографиялық көрсеткіштер, жоғары оқу орындарына түсетіндерге арналған анықтамалықтар т.б.).

Біріншіден, алдына қойған мақсатына және оқырмандар категориясына қарай анықтамалықтар былайша топтастырылады:

- бұқаралық-саяси анықтамалық;
- ғылыми;
- өндірістік;
- оқулық анықтамалық;
- көпшілік анықтамалық;
- тұрмыстық.

Екіншіден, мазмұнына қарай анықтамалықтар бірнеше түрге бөлінеді:

- комплексті анықтамалық;
- салааралық;
- салалық;
- ішкі салалық;
- мамандандырылған;
- маманның анықтамалығы;
- жолсерік анықтамалық;
- статистикалық;
- биографиялық сөздік;
- кестелер анықтамалығы;
- анықтамалық-каталог;
- күнтізбе-анықтамалық;
- жолсапар анықтамалық;
- толық анықтамалық;
- қысқаша анықтамалық.

Үшіншіден, басылымның ішкі мәтіндік және басқа да элементтер құрылымына қарай төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- жүйелі анықтамалық;
- алфавиттік;
- жүйелік-алфавиттік типті;
- нөмірлі;
- хронологиялық;
- біртөмдік;
- көптөмдік.

Төртіншіден, көркемдік-техникалық безендірілуі және полиграфиялық орындалуы бойынша анықтамалықтар былайша топтастырылады:

- үстелге қойылатын анықтамалық;
- портативті анықтамалық (орташа форматтағы басылым);
- қалталық анықтамалық (көлемі кішірейтілген);
- қабырғалық (ілуге арналған басылымдар);
- иллюстрациялық;
- иллюстрациясыз;
- алынбалы-салынбалы;
- қосымшалы т.б.

Дүние жүзі бойынша әмбебап энциклопедиялық басылымдардың аса ірілері қатарына «Британика», (Британ энциклопедиясы) (АҚШ және Ұлыбритания), «Америка» энциклопедиясы (АҚШ), «Брокгауз – Ефрон» энциклопедиялық сөздігі (Ресей), «Үлкен Совет энциклопедиясы» (СССР), «Үлкен Брокгауз» және «Мейердің энциклопедиялық сөздігі» (Германия), «Эспаса» (Испания) секілді еңбектерді жатқызуға болады [2:320].

«Британика» (Encyclopaedia Britannica) – әмбебап энциклопедия. 1768 жылдан Эдинбургте (Ұлыбритания), кейіннен Лондонда шығып тұрды. XX ғасырдың басынан британ-америка баспасы; 40-жылдардың басынан бері америка баспа фирмасы «Британ энциклопедиясы» шығарады. 1974 жылы 30-томдық жаңа 15-басылымы шықты (1 т. – «Propaedia, 10 тт. – «Mikropaedia», 19 тт. – «Макропаедия», жыл сайын қайта басылып тұрады (1987 жж. – 32 тт.).

1938 жылдан «Британ энциклопедиясы» жылнамасы шығып тұрады, сондай-ақ ғылым, медицина туралы жылнамалар шығарылады. XX ғасырдың 40-жылдарының басынан Чикагодағы америка баспа фирмасы, Лондонда, Торонтода, Женевада, Токиода, Сиднейде және басқа жерлерде бөлімшелері бар. «Британ энциклопедиясын», сондай-ақ салалық энциклопедиялар, сөздіктер, жасөспірімдер мен балаларға арналған басылымдар, оның ішінде «Комптон» (Compton) энциклопедиясын, көркем әдебиет т.б. шығарады.

«Американа» (Theencyklopedia Americana) АҚШ-тағы әмбебап энциклопедия. Алғашқы

басылымы Нью-Йоркте 1903-04 жылдары 16 том болып жарық көрді. 1918 жылдан (материалдары ішінара жаңартылып) 30 том болып жарық көреді. 60 мыңнан астам мақаланы қамтитын басылымды «Грольер» баспа корпорациясы шығарады. 1923 жылдан «Америка энциклопедиясы» жылнамасы шығып келеді.

Ларусс энциклопедияларын (Librarie Larousse) 1852 ж. Парижде педагог әрі лексикограф П. Ларусс (1817-75) негізін қалаған «Ларусс» баспасы шығарады. Негізгі басылымдары: XIX ғасырда 15 том болып жарық көрген (1865-76, 2 қосымша том 1878 және 1890) Үлкен әмбебап сөздік, 10 томдық «Үлкен энциклопедиялық Ларусс» (1960-64, қосымша том – 1968), 1985-87 жылдары бұл басылым тағы да 15 том болып жарық көрді т.б. 1906 жылдан біртөмдік «Кіші Ларусс» үзбей шығып келеді, сонымен бірге көптеген салалық «ларусстар» шығарылады.

«Мейердің энциклопедиялық сөздігі» – 1926 ж. Гота қаласында неміс баспагері Й. Мейер (1796-1856) негізін қалаған «Библиографиялық институт» баспасында шығарылады. Негізгі басылымдар – «Үлкен энциклопедиялық сөздік» (1840-55), 46 негізгі және 6 қосымша томнан тұрады. Осы баспадан «Мейердің қалтаға салып-жүретін сөздігі» А-Z (1963), «Мейердің жаңа сөздігі» 9-том, 1961-69 (1971-78 ж. 2-басылымы 18 том) т.б. 1953 ж. Мангеймде «Библиографиялық институт» атты акционерлік қоғам құрылды. Ол «Мейердің энциклопедиялық сөздігінің» 25 томдығын (1971-79, қосымша 26 том – 1980 және 15 томдық (1981-86) шығарды, 1974 жылдан жылнамалар шығарып келеді.

«Италияның ғылым, әдебиет және өнер энциклопедиясы» («Итальяна») әмбебап энциклопедия, Римде 1929-39 жылдары 36 том болып жарық көрді. 1948-49 жж. және 1961 ж. 2 қосымша томнан шығарылды.

Брокгауз (Brockhaus) неміс баспа фирмасы 1805 ж. Амстердамда (кейіннен Альтенбург және Лейпциг) Ф.А. Брокгауз (1772-1823) негізін қалаған. 1808 жылдан энциклопедияны «Брокгауз» деген атпен шығарды. (XIX ғасырда 14-басылымы шықты); 15-басылымы (1928-37 жылдары 21 том болып Лейпцигте, 18-басылымы (1977-81, 12 том, Висбаден), «Үлкен Брокгауз» деген атпен жарық көрді. 80-жылдары Ф.А. Брокгауз библиографиялық институтының фирмасы «Лангеншейдт» баспа тобына кіреді.

«Үлкен совет энциклопедиясы» (ҮСЭ), СССР-де шыққан әмбебап энциклопедиялық басылым, 1-басылымы – 1926-47, 65 негізгі том,

СССР – жеке томы, 65 мың мақала, таралымы 50-80 мың дана; бас ред. О.Ю. Шмидт (1941 жылға дейін); 2-басыл., 1950-58, 50 негізгі том, 51 қосымша том; 100 мыңға жуық мақала, таралымы 250-300 мың дана; 2-томдық көрсеткіш (1960); бас ред. С.И. Вавилов (1951 ж. дейін), Б.А. Введенский (1951 жылдан), 3-басылымы 1969-78, 30 том; 100 мыңға жуық мақала, таралымы 630 мың дана, 1 томдық алфавитті есім көрсеткіші (1981); бас ред. А.М. Прохоров (1969 жылдан); шет тіліне аударылып АҚШ-та, Грекияда басылды. «ҮСЭ»-ның методологиялық тәжірибесі «Кіші совет энциклопедиясын» (3-басылымы 1928-60), басқа да әмбебап анықтамалықтар, оның ішінде бір томдық «Совет энциклопедиялық сөздігін» (1991) дайындауда пайдаланылды. Және де елде энциклопедия шығару ісін дамытуға ықпал етті. 1957-90 жылдар аралығында «ҮСЭ»-ның жылнамалары шығып тұрды.

«Үлкен Ресей энциклопедиясы» – анықтамалық-энциклопедиялық басылым. Москвада шығарылады. 1925 жылы «Совет энциклопедиясы» акционердік қоғамы ретінде құрылған. 1930 жылдан Мемлекеттік сөздік – энциклопедиялық баспа, 1935-49 жылдары мемлекеттік институт (1944-49 ж. мемлекеттік ғылыми баспа), 1959 жылға дейін «Үлкен совет энциклопедиясы», 1963 ж. дейін «Совет энциклопедиясы», 1963 жылдан баспа осы атымен анықтамалық-энциклопедиялық және 1974 ж. дейін лингвистикалық анықтамалық басылымдар шығарды.

Қазіргі атымен 1991 жылдан аталады. Баспа әмбебап, салалық энциклопедиялар, ғылымның, техника мен мәдениеттің әр түрлі саласына арналған энциклопедиялық сөздіктер, аймақтық, өмірбаяндық және басқа анықтамалық басылымдар шығарады. 1926-1991 жылдары 635 томдық жалпы тиражы 88,5 млн данаға жуық басылым жарыққа шықты.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ішінде қазіргі таңда анықтамалық басылымдар шығаруда Ресейдің жөні бөлек. Бұрын да талай энциклопедиялары болған. Ол елде әр түрлі энциклопедиялар шығаратын баспалар көп. Сондықтан, Ресей энциклопедиялары сан түрлі, әрі әр түрлі көзқарастарды ұстанған.

Мысалы: «Кто есть кто в России и ближнем зарубежье» (1993), «Кто есть кто в России и бывшем СССР» (1994), «Все обо всем» (1996), «Энциклопедия офиса» (1995), «Диктаторы и тираны» (ағылшын тілінен аударма), «Рекорды природы и человеческой деятельности» (1994), «Книга рекордов Гиннеса» (1998, ағылшын тілінен аударма), «Энциклопедия Ума и Словарь

избранных мыслей авторов всех народов и всех веков» (1998), «Как решить кроссворд» (1993), «Этюды о великом: «Книга о вечном и вечных» (1997), «Все о женщине или женщина – это все» (1993), «Новая Россия: Информационно-статистический альманах: Государство. Экономика. Бизнес. География. Экология. Здоровье и спорт. Культура. Наука. Образование» (1994), «Российская Еврейская энциклопедия» (1994), «Хроника человечества» (1996), «Энциклопедия для мужчин» (1992), «Энциклопедия для женщин», «Энциклопедия молодой семьи» (1991), «Карманная энциклопедия» т.б.

Қазіргі таңда Қазақстанда шығарылатын энциклопедиялық әдебиеттер де қоғамдық өмірдің сан-саласына арналып, алуан тақырыпты қамтиды. Оған қазақ анықтамалық басылымдарының жіктелісін көрсете отырып көз жеткізуге болады.

Типология – (гректің *typos* – таңба, *logos* – сөз деген ұғымынан шыққан) заттарды немесе құбылыстарды қандай да болсын бір белгілерінің ортақтығына, ұқсастығына қарай жіктеу.

1. Әмбебап энциклопедиялар: «Қазақ совет энциклопедиясы» (12 томдық, 1972, 1980).

2. Ұлттық-әмбебап энциклопедиялар: «Қазақстан» (көптомдық; 1-томы, 1998, 2-томы, 2000, 3-томы, 2001, 4-томы, 2002).

3. Аймақтық-әмбебап энциклопедиялар: «Қарағанды. Қарағанды облысы» (1996), «Ақмола» (1995), «Маңғыстау» (1997), «Атырау» (2000), «Батыс Қазақстан облысы» (2002).

4. Қысқаша энциклопедиялар: «Қазақ ССР» (4 томдық; 1984-1991).

5. Энциклопедиялық анықтамалықтар: «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» (1981), «Алфавитті пән есім көрсеткіші» (1982), «Алматы» (1983, екінші басылымы – 1996), «Қазақтар» (9 томдық; 1998), «Боздақтар» (көптомдық, 1994).

6. Салалық энциклопедиялар мен энциклопедиялық сөздіктер:

а) Әдебиет мәселелеріне арналған: «Қазақстан жазушылары» (1982), «Советтік Қазақстан жазушылары» (1987), «Қазақ әдебиеті энциклопедиясы» (1999), «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» (1996) т.б.

ә) Тіл мәселесіне арналған: «Қазақ тілі» энциклопедиясы (1998), «Қазақ тілінің сөздігі» (1999), «Абай тілінің сөздігі» (1968), М. Әуезовтың «Абай жолы» романының жиілік сөздігі, М. Әуезовтың «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің алфавиттік-жиілік сөздігі (1989) т.б.

б) Балаларға арналған: «Негеш» (1995), «Олкім. Бұл не». (3 томдық, 1985).

в) Көпшілікке арналған:

«Шаңырақ» (1989), «Ислам» (1998), «Әлемде талай қызық бар» (1986) т.б.

г) тұлғалық энциклопедиялар: «Абай» (1995).

7. Арнаулы сөздіктер: «Саяси сөздік» (1959), «Саяси энциклопедиялық сөздік» (1998), «Филологиялық сөздік» (1996). «Жұмысшының экономикалық анықтама сөздігі» (1975), «Өсімдік қорғаудың орысша-қазақша анықтамалық сөздігі», «Қазақстан Республикасы заңдарының терминологиялық сөздік-анықтамасы» (1999) т.б.

8. Саяси, экономикалық, географиялық және жалпы жұртқа арналған басқа да анықтамалықтар: «Экономикалық сөздік анықтамалық» (1999), «Салық терминдерінің орысша-қазақша сөздік анықтамалығы» (1996), «Кто есть кто в Казахской науке» (1999), «Атақты адамдар өмірінен» (1992), «Кто есть кто в республике Казахстан» (1995), «Элита Казахстана» (1997) т.б.

9. Энциклопедиялық бір томдық жинақтар:

«Айқап» (1995), «Құрманғазы» (1999), «Қорқыт ата» (1999), «Оңтүстік Қазақстан облысы тарихы мен мәдениетінің ескерткіштер шежіресі» (1994), «Ұлы Тұранның ұлдары» (1998), «Алаштың ардагер азаматтары» (1996) т.б.

10. Әр түрлі анықтамалық хабаршы әдебиеттер:

Баспалардың каталогтары; жоғары оқу орнына түсетіндерге арналған анықтамалықтар; библиографиялық көрсеткіштер т.б.

Қазақ библиографиясы, негізінен, қазақ баспасөзінің даму тарихымен тығыз байланысты. 1900 жылы Қазан қаласында Қазақстан туралы А.Е. Алекторовтың «Указатель книг, журнальных статей и заметок о киргизах» деген көрсеткіші жарық көрді. Бұл салада алғаш еңбектенгендердің бірі – белгілі орыс этнографы, археологы және антропологи, «Киргизы Букеевской орды» дейтін еңбектің авторы Александр Николаевич Харузин (1864-1933). Ол Бөкей ордасы қазақтарының арғы бергі тарихын, өмірін зерттей жүріп, «Библиографический указатель статей, касающихся этнографии киргизов и каракиргизов 1734-1889 гг» деген көрсеткіш жасады [3:124].

Алғашқы қазақ библиографы ретінде «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» (1926) атты библиографиялық еңбек жазған М. Дулатұлының есімін атауға болады.

Библиография ісімен Кітап палатасы ғана емес, көптеген кітапханалар, ғылыми зерттеу институттары, жекелеген ғалымдар мен маман

библиографтар шұғылданады. Тарих, әдебиет, тілбілімі, психология, бейнелеу өнері, музыкалық шығармалар секілді салалардан арнайы библиография салалары жасалды. Жеке жазушылар жөнінде де библиографиялық көрсеткіштер көбейіп келеді.

Қазақ ССР баспасөзінің жылнамасы тоқсан сайын шығып отырған. Баспасөздің төменгі салалары енгізілген:

- а) кітап летописі (жылнамасы),
 - б) журнал мақалаларының шежіресі,
 - в) музыкалық шығармалар шежіресі,
 - г) кітаптарға жазылған рецензия, сын мақалалары шежіресі.
- д) Қазақстанда шығатын мерзімді баспасөздің көрсеткіші.

Әрбір жыл ішінде жарық көрген баспасөз статистикасы келесі жыл шежіресінің бірінші санында беріліп отырады.

Анықтамалық әдебиеттер қатарына әр түрлі күнтізбелерді де жатқызуға болады.

«Қазақ календары» Орынборда «Қазақ мемлекеттік баспасы» 1923 жылы араб әрпімен шығарған календарь («Киригизкий календарь»). Оған табель календары, айдың римше және арабша атауы, күн аттары, қазақ халқының тарихынан қысқаша материалдар, жұмысшы табының көсемдері, РК (б) Птарихынан, комсомолдар, шаруалар, әйелдер өмірінен, республиканың географиялық сипаттамасы, әкімшілік аудандары, ауыл шаруашылығы, өнеркәсібі жайында түрлі тақырыпқа кеңестер берілді. Бұл бұдан кейінгі уақыттарда анықтамалықтар шығаруға жол ашты. Кейінаты «Шаруа календары» делініп, латын әрпімен 1931 жылға дейін Қызылордадан шықты. Оны жазып құрастырғандар: Б. Майлин, І. Жансүгіров, Е. Алдоңғаров, А. Асылбеков, Ә. Мұстафин.

1959 жылдан бастап «Қазақ календары» деген атпен шығып келеді [4:218].

1931 жылдың календары – Алматы: Қазмембас., 1931.

Жыл он екі ай (1987).– Бастауыш класс оқушыларына арналған әдеби календарь.

Жыл он екі ай (1981).– Балаларға арналған әдеби календарь. Өңгімелер, өлеңдер, жұмбақтар.

Қазақстан Республикасының туы: календарь (1998).

Қазақстан Республикасының елтаңбасы: календарь (1998).

Түркістан: календарь (1998).

Қазақстан Республикасының 2000 жылы аталып өтетін және еске алатын күндері (1999) т.б.

Қазақ анықтамалық-энциклопедиялық басылымдарының даму жолдарын төмендегіше кезеңдеуге болады:

Бірінші кезең – 1917 жылы Қазан төңкерісіне дейінгі (алғашқы қазақ сөздіктері шыққан) кезең.

Екінші кезең – төңкерістен кейінгі (1920 жылдардан бастап) кезеңнен бастап 70-ші жылдардың басына дейінгі кезең. Бұл кезеңде негізінен салалық, терминологиялық т.б. сөздіктер жаппай шығарылды.

Үшінші кезең – 1972-1990 жылдар аралығы. Бұл кезеңде Қазақстанда алғаш рет әлемдік үлгідегі әмбебап және салалық энциклопедиялар жарық көре бастаған, энциклопедиялық әдебиет шығаруда дамудың жаңа жолына түскен негізгі кезең.

Төртінші кезең – 1990-шы жылдардың басынан қазіргі күндерге дейінгі аралық. Ел тәуелсіздігіне негізделген бұл – жаңа кезеңде шығарылып жатқан энциклопедиялық басылымдар заман талаптары, ұлт мүддесі тұрғысынан қарастырылуда.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ тілі. Энциклопедия.– Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан даму институты, 1998. – 508 б.
- 2 Большой энциклопедический словарь // гл. ред. А.М. Прохоров. – 2-е изд., перераб., доп. – СПб.: Норинт, 1997. – С. 1456.
- 3 Елеукенов Ш. Кітаптану негіздері: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 176 б.
- 4 Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия / Бас ред. М. Қозыбаев. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы Бас редакциясы, 1984. – Т.1. – 592 б.

References

- 1 Kazak tili. Jenciklopedija. – Almaty: Kazakstan Respublikasy Bilim, madeniet zhane densaulыk saktau ministrlygi Kazakstan damu instituty, 1998. – 508 b.
- 2 Bol'shoj jenciklopedicheskij slovar' // gl. red. A.M. Prohorov. – 2-e izd., pererab., dop. – SPb.: Norint, 1997. – S. 1456.
- 3 Eleukenov Sh. Kitaptanu negizderi: oqu qyraly. – Almaty: Sanat, 1997. – 176 b.
- 4 Kazak SSR. Kyskasha jenciklopedija / Bas red. M. Qozybaev. – Almaty: Qazaq sovet jenciklopedijasy Bas redakcijasy, 1984. – T.1. – 592 b.

6-бөлім
ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕРІ

Раздел 6
ТРИБУНА ДЛЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Section 6
TRIBUNE FOR YOUNG SCIENTISTS

Каримова Б.Ж.
**Экологиялық мәдениет
қалыптастыру – ұлттық
тәрбиемен сабақтас**

Мақалада «экологиялық мәдениет» ұғымы, оның пәні, объектісі, міндеттері мен мақсаты қарастырылады. Қазіргі кезде Қазақстан аумағында және әлемдік көлемде экологиялық жағдайдың күрделенуі экологиялық мәдениетті қалай қалыптастыруға болады деген сауалды туындатуда. Жалпы қоғамдағы барлық ақпаратты таратушы БАҚ қазіргі экологиялық дағдарыс жағдайында экологиялық мәдениетті қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Автор экологиялық мәдениетті ұлттық тәрбиемен сабақтастыра отырып қалыптастыруды ұсынады.

Түйін сөздер: экология; экологиялық мәдениет; экологиялық дағдарыс; ақпарат.

Karimova B.Zh.
**Ecological Culture associated
with the formation of National
Education**

The article deals with the definition of «environmental culture», its subject, object, tasks and goal-setting. In the current crisis the environmental situation, both within Kazakhstan and at world level, the question of what should be an ecological culture, is really relevant, because it is the media as the operating entity of information designed to inform the general public information on the state of the environment and generate environmental awareness to a mass audience.

Key words: ecology; ecological culture; the environmental crisis; information; outlook.

Каримова Б.Ж.
**Экологическая культура и
формирование национального
образования**

В статье идет речь об определении понятия «экологическая культура», ее предмете, объекте, задачах, целеполагании. В сложившейся кризисной экологической ситуации как в пределах Казахстана, так и на мировом уровне вопрос о том, что должна представлять собой экологическая культура, действительно актуален, поскольку именно СМИ как самый оперативный орган информирования призваны доносить до широкой общественности сведения о состоянии окружающей среды и формировать экологическое сознание массовой аудитории.

Ключевые слова: экология, экологическая культура, экологический кризис, информация, мировоззрение.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕМЕН САБАҚТАС

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» [1], – деген ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің көрегендік сөзі болашақ ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда негізге алатын басты қағида.

Экологиялық мәдениет дегеніміз – қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті орнатудың әдіс-амалы. Академик Д.С. Лихачев Экологиялық мәдениет ұғымын ғылыми айналымға енгізді және оны маңызды этикалық-рухани құндылық ретінде қарастырды. Мәдениеттану ғылымында мәдениетке қатысты берілген көптеген анықтамаларды қарастырсақ: «Мәдениет – адамның өзін, қоғамды, әлеуметтік қатынастарды жасау процесі» ретінде түсіндіріледі [2, 14 б.].

Мәдениеттану сөздігінде мәдениетке мынадай анықтама беріледі: «Мәдениет – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері» [3, 92 б.]. «Экологиялық мәдениет» түсінігінің мазмұны материалдық және рухани жақтарды қамтиды. Материалдық жаққа адамның еңбек ету үдерісіне қатысты бөлігі жатса, рухани жағына адамның табиғат құндылықтарын, оның сұлулығын, табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарау жатады. Демек, мәдениетті қалыптастыру тәрбие берумен тікелей байланысты.

Бабаларымыз табиғатты қорғау мәселесін жалпыадамзаттық мүдде және құндылық ретінде түсіндіріп, оны сақтауда халықтық салт-дәстүр, ырым-тыйымдарды пайдаланып отырған. Ұлттық тәрбие арқылы ұлына қиянатшыл болма, қызына қылықты болуды жастайынан құлақтарына сіңірген халқымыз ұрпағының бойына этникалық мінезін қалыптастырған. Келешек ұрпаққа табиғат сырын ұғып, түсініп, онымен жақын қарым-қатынаста болуға тәрбиелеуге ерекше мән берген ата-бабаларымыз өмірлік тәжірибе қалыптастырған салт-дәстүрлерді елеп-екшеп, жақсысын ұрпағының бойына сіңіріп, жаманынан жирендіріп отырған. Ұрпағын «жаман болады», «ұят болады», «күнә болады» деген үш ауыз сөзбен текті қылып тәрбиелеген. Мәселен, күнделікті тұрмыста «обал – сауап», «ынсап – қанағат» қағидаларын берік ұстаған олар табиғаттың

бірде біріне қиянат жасамаған. Табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас жасаудағы дәстүрдің озық үлгілерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Халық даналығынан туған «Орман – жер сәулеті, ел дәулеті», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Күте білсең, жер жомарт», т.б. аталы сөздер бала құлағына жастайынан сіңіп, ұлттық рухын қалыптастырған.

Ұрпақ бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру рухани құндылықтардың негізгі қайнар көздері – салт-дәстүр, әдет-ғұрып, адамгершілік арқылы жүзеге асады. Осы тәрбие жолында салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың негізі болатын отбасындағы тәрбие ерекше рөл атқарады. Халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі – салт-сана мен тілдің негізгі құндылықтардың беріктігінен экологиялық мәдениет қалыптасатыны сөзсіз.

Қазақы тәрбиеде қолданылатын ырым сөздері алдын ала жамандықтан сақтандыруды, жақсылыққа қарай тәрбиелеуді көздейтін ұстаным. Ал тыйым сөздері – астарлы түрде айтылатын киелі сөздер. Десек те ырым-тыйым сөздердің ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. Қазақта «үйге қарай жүгірме», – деп жатады. Мағынасына орай бұл этикадан туындаған тәлімі терең сөз. Себебі, көбінесе жау шапқанда, суық хабар жеткізгенде хабаршы жай жүріске салмай, шауып келеді. Міне сондықтан, жай уақытта үйге қарай жүгіріп келу – елдің жүрегіне үрей салу болғандықтан, бабаларымыз «үйге қарай жүгірме» деген этикалық астарға бай сөздерді айтып отырған. Табиғатты көзінің қарасындай қорғай отырып баласына көкті жұлма, көк жұлсаң – көктей ораласың, қарғыс атады деп ырымдаған. Сондықтан жаңа шыққан көк шөпті жұлмайды, ағаш бүрлерін үзбейді, көк шыбықты сындырмайды. Өйткені, жас өнердің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі деп санасына сіңірген. Табиғаттың тылсым күшін түсіндіре отырып жапан даладағы жалғыз ағашты кестірмейді, зақым келтірмейді. Олай істесең сол ағаштай сопиып жалғыз қаласың, дүниеде жалғыздықтан өткен жамандық жоқ деп әрқашан табиғатты қорғауға тәрбиелеген.

Баласына бастау басына, бұлақтың қасына дәретке отырғызбаған. Барлық тірліктің атасы да, жан біткеннің анасы да сол бұлақ. Сондықтан бұлай істегенде оның киесі атады, қарғысы тиеді деген ұғым түйген. Тазаны арамдасаң – арың кірленеді, абыройың төгіледі деп ырымдайды. Суға түкірмейді, өйткені бұл суды қайта ішуге тура келеді. «Су ішкен құдығыңа түкірме» деген нақыл сөздер судың тазалығын сақтаудың

адам өмірі үшін қаншалықты қажет екендігін аңғартады. Ағын суды бұруға болмайды, ағынды суды беталды бөгемейді. Өзен суын төніп, етбетінен жатып су ішпейді. Суға кетесін, не су мақұлығы жұтады не асқазан ауруына, өңеш қабынуына жолығады деп жориды. «Судың да сұрауы бар», «Аққан су арнасымен ақсын», «Бидің жолы ақ, судың жолы сара» деген сөздерді айтып отырған.

Баланың бойындағы әдемілікке, әсемдікке сүйіспеншілігін оятып, табиғат сұлулығын сезіне білу қасиетін арттыруда айналадағы орман, өзен-көл, тау-тас, жайқалған жасыл желек, құстардың сайраған дауысы – осылардың бәрі балалардың ой-қиялын, әдемілікті көре білу қасиетін дамытады, талғамын қалыптастырады. Ықылым заманнан бері әдемі де сүйкімді құс – кептердің бейбітшілік жаршысы саналуы, әдемілік символы – аққу, ұлар, ал қарлығаш – бақыттың бастамасы, игіліктің иесі ретінде бағалануы баланың жан дүниесін байытады. Құстарды қорғауға байланысты ырым-тыйымдарды өте көп пайдаланған. Айталық, құстардың ұясын бұзуға болмайды, қарғаса, үй ішіне кесепаты тиеді. Торғайдың жұмыртқасын шақсаң, бетіңе шұбар түсуі мүмкін. Аққу киелі құс деп саналатындықтан, оны атуға, құс салуға болмайды. Қыран құстарды атса киесі тиеді, байғыз киелі құс болғандықтан, оны ұстап алуға болмайды. Кигіз үйдің шаңырағына қарлығаш ұя салса, балапандары ұшып кеткенше көшпейді. Қарлығаш адамға дос, сондықтан ұясын бұзғызбаған. Міне, осындай қамқорлықпен табиғатқа деген аялы алақан, жүрек жылылығын арнап, аса зор қамқорлық көрсете білгендігін байқаймыз. Әрбір мағыналы да мазмұнды ұғымдары табиғатқа қамқорлықпен қарап, табиғат байлықтарын ұқыпты пайдалануға бағытталған. В.А. Сухомлинскийдің: «Табиғаттың әдемілігі бала жанының тазалығын тәрбиелеу мен жан дүниесін дамытуда үлкен орын алады» [4, 46 б.], – деген сөзін тәрбиеде пайдалану қажеттілік болар.

Ырым-тыйым мен ауыз-әдебиет үлгілерін экологиялық мәдениет қалыптастыруда пайдаланудың маңызы мен мағынасы аса зор болмақ. В.Н. Скалон айтқан: «Гүлденген табиғат арман емес, бұл – шындық, бірақ оны сақтау көбіне бізге, біздің балаларымызды тәрбиелеу іскерлігімізге байланысты» – деген ұстаным ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір адамның бойынан табылуға тиіс.

Қысқасы, ырым-тыйым сөздерді жаман әдет, жағымсыз іс-әрекеттен бойды аулақ ұстауға тәр-

биелеп, табиғатты қорғауда пайдалана отырып адамгершілікке, сұлулықты сақтай білуге, мейірімділікке үйретеді.

Ұлтының ертеңгі болашағына алаңдаған аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының ұлттық тәрбиенің босаңсығанын байқағанда: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Біріншісі, балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әженің азаюынан қорқамын. Үшінші, салт-дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді, содан қорқамын», – деген екен. Ендеше сол олқылықтың орнын толтыру үшін балаларға табиғат туралы қарапайым мағлұмат беріп, оның әдемілігін көріп, сезіне білуге үйрету арқылы ғана табиғат жанашыры болуға баули аламыз.

Ғұлама-педагог Л. Фейербах: «тәрбиенің мақсаты – бақыт, ал соған жету – қуаныш», – деп санаған [5]. Табиғат пен адамдар арасында қайшылықты шешуде ең бірінші қолға алатын ең басты мәселе адамдардың санасын тәрбиелеу және олардың бойында қоршаған әлемді қорғауға бағытталған ынтасын ояту. Бұл өте күрделі мәселе. Ал оны күнделікті отбасындағы тәрбиеде, білім беру мекемелерінде (мектеп алды даярлықта, мектепте, кәсіптік оқу орындары мен ЖОО-да), БАҚ арқылы қоғамды тәрбиелей отырып оларды жастайынан бастап табиғатқа, өмір сүріп отырған ортаға деген көзқарастарын өзгертіп, қамқоршы жанашыр болуға қалыптастыру керек. Ол үшін ең бірінші қазіргі заманға сай экологиялық идеология қажет. Сонда ғана, әрбір адамның миында,

қанында, көзқарасында қоршаған ортаны бүлдірмеу керектігі туралы негіз қалыптасады. Тәрбиеленуші сонда ғана туған өңір табиғатын қорғауға белсенділік көрсете алады.

Рухани жан дүниесін табиғат туралы білімдерін тереңдетіп, оның әдемілігін көрсете отырып адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда халықтық тағылымы мол мұраларын пайдалану арқылы қол жеткізуге болады. Ұрпақ бойында экологиялық мәдениет қалыптастыруда негізінен экологиялық білім мен тәрбие берудің бірқатар комплексті жұмыс жүргізуден тұрады. Олар – экологиялық ғылыми сананы қалыптастыру, экологиялық этиканы, экологиялық психологияны және экологиялық құқықтық сананы қалыптастыру болып табылады.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға деген қажеттілік күннен-күнге маңызды болып келеді. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі табиғатты қорғауға бағытталған ырымдар мен нанымдар, салт-жораларды бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесіне пайдалану аса қажет. Халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың қоршаған ортаға қарым-қатынасын, дүниетанымын, заман талабына өмірге деген көзқарасын қалыптастыру уақыт талабы. Ата-бабамыздың қандай қиын-қыстау болса да соған төтеп беріп, қанымен, жанымен қорғап бізге қалдырған жерімізді, табиғатымызды сақтау, болашақ ұрпаққа жеткізу парыз екендігін әрқайсысымыз жете түсінсек, бұның өзі үлкен жетістік деп айтуға болар еді.

Әдебиеттер

- 1 Кубесов А. Педагогические наследие аль-Фараби. – Алма-Ата, 1989.
- 2 Арнольдov A.И. Введение в культурологию. – М.: НАКиОЦ, 1993. – 349 с.
- 3 Сейдімбек А. Күнгір-күнгір күмбездар. – Алматы: Жалын, 1981. – 240 б.
- 4 Сухомлинский В. А. Сердце отдаю детям. – Киев: Рад. школа, 1972.
- 5 Сүлейменова О.Я. Қазақ және неміс халықтарының дәстүрлі мәдениеттегі сабақтас этнопедагогикалық идеялардың дамуы: автореферат. – Алматы, 2004.

References

- 1 Kubesov A. Pedagogicheskoye naslediyе Al-Farabi. – Alma-Ata 1989.
- 2 Arnoldov A.I. Vvedeniye v culturalologiyu. – M.: NAKiOTs, 1993. -349 c.
- 3 Seydimbek Kungir-kungir kymbezdar. – Almaty: Zhalyн, 1981 – 240 b.
- 4 Sukhomlinsky V.A. Serdse otdaiu detiyam. – Kyiev.: Rad. shkola. 1972.
- 5 Suleymenova O. Kazakh zhane nemis khalyktarynyн dasturli madeniyettegi sabakhtas etnopedagogical ideyalardyn damyi. Autoreferat. – Almaty. 2004

Алимбекова С.
**Медиатәуелділік теорияларын
зерттеудің алғы шарттары**

Мақалада медиатәуелділік теориясының негізгі аспектілері ғаламдық БАҚ-тағы ахуалмен салыстыра қарастырылады. Автор медиатәуелділіктің негізгі аспектілерін талдайды және осы тиімділікті қоғамдық пікір интеграциясына пайдалану тұжырымдарын ұсынады. Медиажүйенің тәуелділік теориясын алғашында М. Л. де Флер және С. Болл-Рокешо негізін қалады және бұл теорияны ақпараттық жүйе мен әлеуметтік жүйе (ақпараттық жүйе және қоғам) арасындағы қарым-қатынас ретінде бейнелейді. Сонымен қатар, медиа мен адам арасындағы тәуелділікті «адамдардың өз мақсатына жету әлеуетін бұқаралық ақпарат құралдары жүйесінің ақпараттық ресурстарына тәуелділігіне байланысты деп анықтайды.

Түйін сөздер: медиатәуелділік теориясы, медиа жүйе, ақпараттық жүйе және қоғам.

Alimbekova S.
**The main aspects of the theory of
media system dependency theory**

This article describes the main aspects of the theory of modern media system dependency theory as applied to the situation in the global media. The author analyzes the main effects of media system dependency theory and outlines the concept of the use of these effects in order to integrate public opinion. According to the media system this theory was first introduced ML de Fleur and C. Ball-Rokesho, she describes the relationship between the information system and the social system (datasphere and society). It defines the relationship between the media and the man as “a relationship in which the potential of people to achieve their goals depends on the information resources of the system of mass media”.

Key words: theory of media system dependency theory, media system, infosphere and society.

Алимбекова С.
**Основные аспекты теории
медиазависимости**

В статье раскрываются основные аспекты теории медиазависимости применительно к современной ситуации, сложившейся в глобальных СМИ. Автор анализирует основные эффекты медиазависимости и излагает концепцию использования этих эффектов в целях интеграции общественного мнения. Теория зависимости от медиасистемы впервые была введена М.Л. де Флер и С. Болл-Рокешо, она описывает отношения между информационной системой и системой социальной (инфосферой и обществом). Она определяет зависимость между медиа и человеком как «отношения, в которых потенциал людей для достижения своих целей зависит от информационных ресурсов системы средств массовой информации».

Ключевые слова: теория медиазависимости, медиасистема, инфосфера и общество.

МЕДИАТӘУЕЛДІЛІК ТЕОРИЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Бұқаралық коммуникация құралдары ғасырлар иірімінде қарыштап дамыды. XV ғасырда – кітап, XVI ғасырда – газет, XVII ғасырда журнал жарыққа шықты. XX ғасырда радио мен телевизияның жасалуы ақпарат саласында орасан зор толқыныс тудырса, ал XXI ғасырда аталмыш коммуникация құралдарын бір арнаға тоғыстырған Интернет пайда болды. Бұл жайт БАҚ-тың өнімділігін, пәрменділігін арттырды, жаңа медиаға жол ашты. XX ғасырда пайда болған медиа термині “media”, “medium” деген латын сөзінен, яғни қазақша баламасы құрал, дәнекер, делдал ұғымына сай келеді. Алғашында бұл ұғым «бұқаралық мәдениет» феноменін анықтау үшін қолданылған екен. Ал «медиа-мәдениет» термині ақпараттық қоғамның ерекшелігін сипаттайды. XXI ғасыр – ақпарат ғасыры деген сипатқа ие болды. Сонымен қоғамда ақпарат тасқыны пайда болды. Медиа кеңістігіне жол ашылды. Медиаға қолжетімділік мәселесі шешілді.

О. Де Бальзак БАҚ-ты «төртінші билік» деп атады. Оған баспасөз, радио, теледидар, бейне жазу, дыбыс жазу кіреді. Ал америкалық саясаттанушы Г. Лассуэл бұқаралық ақпарат құралдары мынадай төрт қызметті атқаратындығын сипаттаған: әлемдегі болып жатқан жағдайлар туралы хабарлар жинап тарату; хабарды «редакциялау, түсінік беру; қоғамдық пікір қалыптастыру; мәдениетті тарату. Міне, БАҚ-тың осындай ерекшеліктері медиаға да тән болып отыр. Яғни, медиа да қоғамдық сананы қалыптастыруға әсер етеді, идеологиялық әсер, саяси әсер, сауаттандыру әсері сияқты тізбектеле береді. Ақпарат тасқынының ағыны қатайды. Медиаға қолжетімділік пайда болды. Қолжетімділіктен келіп медиаға тәуелділік сезіліп отыр.

Медиатәуелділік (медиа жүйесіне тәуелділік теориясы ағылшынша *Media-System Dependency*) терминін ең алғаш рет 1976 жылы М. Л. Де Флер мен С. Болл-Рокешо енгізген. Терминнің сипаттауынша адам мен медиа арасындағы тәуелділікті анықтайды. Яғни «адамдар өздерінің мақсаттарына жету үшін БАҚ-тың ақпараттық ресурстар жүйесіне тәуелді болады. Бұл ақпараттық ресурстар ақпаратты жинауға, жасауға, өңдеуге және таратуға мүмкіндік береді». Ал 2009 жылы зерттеуші Барано мен Дэвис «Медиажүйеге тәуелділік теориясы анықтағандай,

адам өз қалауын ақпарат көздерінен тапқан сайын, оның өміріндегі медианың да рөлі арта түседі» дейді. Әлем күрделене түскен сайын айналада не болып жатқандығынан хабардар болу үшін адамдар да медиаға көп жүгінеді. Тұтынушы медиаға көп жүгінген сайын, медианың ықпалына да жиі түседі. Бүгінде қоғамда медиаға деген тәуелділік күн сайын артып келеді. Қазіргі кезде «масс-медиа» термині бұқаралық коммуникация құралдарының мағынасын білдіруде (БҚК): баспа басылымдары, теледидар, радио хабарламалар, Интернет беттеріндегі ақпарат қайнарлары, сонымен қатар кино, видео, ұялы телефондық байланыс және т.б. Бүгінгі күнде олардың маңыздылығы соншалықты, яғни басым бөлігі масс-медиаға тәуелді болғандықтан, тек «ақпараттандырылған» қоғам деп атап қана қоймай, сонымен бірге «медияландырылған» қоғам деп те аталуда. Бұл үрдіс аталған ұғымның институциялану барысын аңғартады. Медиааумақ – адамзаттың тіршілік ету барысында күнделікті қоршаған ортасы. Бұл дегеніміз бұқаралық коммуникациялардың (баспа, радио, ТД, видео, кино, компьютер арналары, Интернет және т.б.) тасымалдауы арқылы, сол ортадағы немесе басқа ортадан келетін адамгершілік-эстетикалық құндылықтарды насихаттап, адамдардың әрекеті мен бағалаушылық ойларына идеологиялық, экономикалық немесе ұйымдастырушылық тұрғыда әсер етіп, ақпараттандырып және көңілін көтеріп, адамды қоршаған ортамен байланыстыратын, медиамәдениеттің қызмет ету алаңының түбірлі алғышартының жиынтығы.

Осы уақытқа дейін масс-медианың адамға әсер ету күші туралы пікірталас жүруде. Медиалық әсер етуін зерттеуде төмендегідей бірнеше бағыттар қалыптасты: медиалық күш көрсетудің әртүрлі жастағы топтар – балаларға, жасөспірімдерге, жастар мен ересек адамдар арасындағы қылмыстың өсуіне әсерін; бұқаралық аудиторияның қорқыныш, үрей мен кобальду сезімдерін тудыратын БАҚ-тың эмоционалды әсерлері; масс медианың денсаулыққа әсері; ашық сексуалды медиамазмұнның адамның бейсанасы мен әрекетіне ықпалы; жаңалықтардың, ақпараттық компаниялардың, жарнамалардың, саяси үгіттердің, ойын-сауықтық іс-шаралардың әсерлері; аз топты құрайтын этниканы бейнелеу көрермендердің әлемнің мәдени әралуандылығы мен саяси-құқық туралы түсініктің дамуына әсерлерін; жаңа коммуникациялық технологиялардың әсері сияқты бірнеше бағытта зерттеулер қалыптасты. Мәселен

әлемдегі терактілік оқиғалар, әуежай апаттары сияқты ақпараттарда әсіресе адамдардың медиаға деген тәуелділігі артып, сол медианың ықпалында кетіп отырады. Осы тұста бұл үрдістің жағымды жақтарымен қатар, қоғамға кері әсер ететін тұстарын да бағамдап отыру қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеушілер А.С. Галченков, Т.А. Кузьмич өздерінің «Медиаобразование в современной школе» (Роль медиаобразования в формировании культуры современной молодежи) атты еңбектерінде медиатәуелділік жайлы айтады. Бүгінгі таңда адамдар медиатәуелділікті бастан кешіп отыр. Бұл орайда олар медиа кейіпкерлерінде айтылған жағымсыз әрекеттерге, теріс қылықтарға еліктейтін де кездер бар дейді. Америкалық зерттеуші Элизабет Ноэль-Нойман өзінің «Теории заговора и медиазависимости. Теории выстраивания приоритетов и \”спирали молчания\”» еңбегінде медиатәуелділік жайлы қарастырып өтеді. Медиатәуелділік термині негізінде қарастыратын болсақ, ең алдымен адамның қажеттілігі БАҚ қолдану нәтижесіне қаншалықты қанағаттанарлық болса, оның өміріндегі маңыздылығы да соншалықты, яғни әсері мықты болмақ. Әлеуметтік көзқараспен қарастыратын болсақ, адамдар неғұрлым медиаға тәуелді болған сайын медианың да соғұрлым әсері артып, қоғамдағы орны да маңыздылыққа ие болады. Екіншіден, аудиторияның медиа таратып отырған ақпаратқа тәуелділік деңгейі үлкен өзгерістерде медиахабарламалар арқылы аудитория сезімін және қарым-қатынасын қалай және қашан өлшеуге болатындығы жайлы үлкен мүмкіндік береді. Нәтижесінде осы хабарламалар мен БАҚ-тың қаншалықты қажет болғандығын аудитория мүшелері арқылы анықтайтын болады. Үшіншіден қоғамда медиаға тәуелді болу себептеріне мыналар жатады: 1) қоғамдық әлемді түсіну; 2) саналы және тиімді қадам жасау; 3) бар жағдайға қатысу немесе одан бойын алшақ ұстау. Медиатәуелділіктің төртінші сипаттамасы: қолданушылар көп болған сайын, тәуелділік те басым деген сөз. Яғни медиа мен оның хабарламасының әсері мықты деуге әбден негіз бар. Медиа ықпалы әр адамға әртүрлі әсер еді. Яғни, кімнің талабы мықты, тәуелділігі басым, сол тұтынушы да медиа ықпалына көп ілігеді. Ресейдің зерттеушісі К.А. Порохненко «Культурные и медиакультурные ценности современных студентов» атты зерттеу еңбегінде «Медиақұралдарының шамадан тыс ықпалы адамның танымын, көзқарасын тіпті өзін-өзі ұстауын өзгертеді. Медиатәуелділіктің

тағы бір салдары адамды шынайы өмірден алыстатып, медиашындыққа алып келеді» деп көрсетілген. Бұл орайда адам шынайылықтан алыстап, күнделікті мәселелерден, қамқорлықтан қашып, өзін-өзі телесериалдар, фильмдер арқылы жұбатып, онлайн ойындар және әлеуметтік желілер арқылы алдандырады. Адам шынайы өмірден алыстай бастайды. Медиа-тәуелділіктегі тағы бір мәселе ресейлік зерттеуші Н.А. Шматконың «Предисловие. Блеск и нищета масс-медиа» атты еңбегінде көрсетілгендей, капитал табу мақсатында жазылған материалдардың адамға әсері түрліше болуы мүмкін. Сонымен қатар, бүгінде медиалардың түрлі бағыттарына қарай ақпараттардың таратылуы, арнайы пиар материалдардың жазылуы, тапсырыс ақпараттардың жариялануы саяси ұстанымға, діни нанымға, экономикалық көзқарасқа, адамгершілік қасиеттерге әсер ететіні айқын. Міне, осындай медиақұралдардың медиатәуелділіктегі әсері шетелдік зерттеушілерді де алаңдатып отыр. Отандық ғалымдар арасында БАҚ-тың, медианың қалай дамып отырғандығын саралаған авторларды кездестірдім. Мәселен, Қуандық Шамахайұлының «БАҚ қай бағытта дамып отыр?» мақаласында: «... қоғамдық пікір ақпарат құралдары арқылы қалыптасатындығы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Бүгінгі таңда қоғамдық пікірдің басты мінбері БАҚ және одан таралатын ақпарат дегенді әлем ғалымдары жаппай мойындап отыр. Бүгінде бізде БАҚ тек сан жағынан ғана өсіп отырған жоқ. Ақпарат құралдарының жаңаша түрлері де пайда болуда. Атап айтсақ, онлайн баспасөз, кабелдік телевизия, қысқа толқынды радио, смартфон немесе ұялы байланыстар арқылы ақпарат тарату, мобилдік ақпарат қабылдау мүмкіндік туып отыр. Сонымен қатар медиа жүйесі өз ішінде интернет журналистика, із кесу журналистикасы, азаматтық журналистика, БАҚ жарнамалық насихаты, экономикалық және экологиялық журналистика, талдау журналистикасы т.с.с. бағыттарға бөлінді. Мұның бәрі қазақ аудиториясы үшін әлемнің әр тарабынан түрлі ақпараттар қабылдауға және жеткізуге, өздерінің көзқарастары мен ой, пікірлерін интернет арқылы көпке жеткізуге кең мүмкіндік беріп отыр. Қысқасы, ақпарат үшін уақыт пен кеңістік ұғымына тәуелділік барынша азайды, тіпті жоғалды деуге де болады. Мысалы, телекөрермендер кабелдік телевизияның 70-тен астам арнасы арқылы бірнеше тілде ақпарат алып отыр. Еліміздің ақпарат комитетінде ресми тіркелген БАҚ саны 10 мыңнан әлдеқашан асып кетті. Қазақстанда бүгінде 9 миллион адам Ин-

тернет қызметін пайдаланады. Елімізде күніне 25-30 мың адам электронды үкімет қызметіне жүгінеді екен. Мұның бәрі ақпараттық жаһанданудың қаншалықты жоғары қарқынмен жүріліп жатқанын айғақтайтын шынайы көрініс» дейді автор. Онымен бірге автор, ақпараттық сұраныстың өсіп отырғандығын, онлайн журналистиканың қарқынды дамып келе жатқандығын, сайт, порталдардың саны күн өткен сайын артып келетіндігін және оған деген оқырман қауымның назары мен ынта-ықыластары да айырықша екендігін айтады. Соңғы жылдары түрлі-түсті бояумен әсем безендірілген ақпараттық, танымдық журналдар санының күрт өсуі дәстүрлі оқырмандардың біраз бөлігін белгілі деңгейде жаулап алды. Радиохабар бұрынғыдай ауыл тұрғындарының ғана емес, енді қаладағы автокөлік жүргізушілерінің, ұялы байланысты жиі қолданатын жастардың ақпарат алатын негізгі құралына айналды. Сонымен бірге мақала авторы «шындығына келсек, қазіргі күні қолында байлығы мен билігі бар әрбір олигарх телеарна ашып, газет шығаруға мүмкіндік тапқан», деп атап өтеді. Азаматтық журналистиканың дамуына кең жол ашылғандығын айтып, оның аясында: ақпарат – тауарға, бизнеске айналып, көптеген БАҚ оның өзінің басты мақсаты етіп алға шығара бастағандығын, желілік ақпарат әлеуметтік қызметтің барлық саласына дендеп еніп, журналистика функциясының белгілі бір бөлігін блогерлер атқаратындығын; тың жаңалықтар дайындау журналистің ғана емес, сайт, порталдардың да құзырындағы ортақ іске айналғандығын, әрбір тың ақпаратты таратуға мүдделі тұлға оның көздерін сандық технологияның көмегімен қалаған бағытына жібере алатындығын атады. Әрине бұл журналистикадағы жетістік дей аламыз. Алайда ақпарат еркіндігі орын алған тұста ақпараттар мен нақпараттардың да жарияланып кетуі қауіпті. Бұл дегеніміз өз кезегінде медиаға тәуелді болып отырған тұтынушылар үшін қауіпті. Сонымен бірге Ресей ақпарат көздерін қолдану, шетелдік БАҚ-ты қолдану үрдістері біздің елімізде басым құбылыс. Осы орайда саясаттанушы Досым Сәтпаев былай дейді: «Біздің медиа құрылымдарының көбі олигархтардың қолдауы арқасында жақсы дамып келе жатқаны құпия емес. Алайда, олигархтың басына күн туса (тіпті, ол шетелге қашып кетсе де), оның Қазақстандағы жүргізіп отырған жобаларының бәрінің күні қараң деген сөз. Яғни, қандай да бір ойыншының көмегімен жасалған тәп-тәуір медиа жобалары сол ойыншымен бірге құриды. Бәсекеге қабілетті медиа

контентін қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат жоқ. Қазақстаннан аяқ астынан Еуразиялық экономикалық одақтан немесе Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымынан шыққысы келді делік. Оның арты не болмақ? Бір кезде Украинаны жамандаған, қазір Түркияны жерден алып жерге салып отырған Ресей БАҚ Қазақстанды бар жамандыққа айыпты етіп, жазғырып шыға келмесіне кім кепіл? Олай болмауы үшін, бізде, Қазақстанда ақпараттық плюрализм болуы тиіс. Сіз Ресейдің ақпараттық арналарын көре беріңіз

— оған ешкім тыйым сала алмайды, тек сізде балама ақпарат көзі болуы тиіс. Соның ішінде, сол баламаны ұсына алатын қазақстандық медиа құрылымдары болуы тиіс», дейді. Зерттеу жұмысын жазу барысында біз сауалнама әдісін қолдану арқылы әр түрлі жастағы (1-топ -15-25; 2-топ- 25-35; 3-топ-35 -55) респонденттер арасында «Медианы қандай мақсатта қолданады?» деген тақырыпты ашу үшін арнайы сауалнама жүргіздік. Зерттеу нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген.

	15-25 жас арасы	25-35 жас арасы	35-55
Сіз қандай БАҚ-ты жиі қолданасыз?	90%-ы электронды БАҚ (соның ішінде интернет көздері)	85%-ы интернет пен телеарнаны қатар қолданатынын айтса, қалған пайызы газет, журналдарды қолданады екен	75%-ы телеарналарды қолданады
Шетелдік қандай БАҚ-ты көресіз? (ТМД, Орта Азия, АҚШ)	80% пайызы АҚШ-тың және Ресейдің ақпараттық әрі ойын-сауықтық арналарын қарайтындар	2-топтың 80%-Ресейлік БАҚ-ты көретінді	50-де 50 жауап берді. Яғни, кез келген өздерін қызықтырған ақпаратты салыстырмалы түрде түрлі дерек көздерінен анықтайтындықтарын айтқан.
Ресейлік БАҚ Сіздің үнемі ақпарат алатын ақпарат көзі болып есептеледі ме?(иә, жоқ, пайдаланбаймын)	60%-ы «иә», қалған пайызы «жоқ» және «қолданбаймын»	70%-ы «иә», қалған пайызы «жоқ» және «қолданбаймын»	80%-ы «иә», қалған пайызы «жоқ» және «қолданбаймын»
Ресейлік БАҚ арасында Сізге ең жақсы ақпарат алу көзі? (РИА Новости әлде басқа?)	60%-ы интернет және телеарналар	70%-ы интернет және телеарналар	80%-ы телеарналар
Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат таратуда Ресей тәжірибесіне сүйене ме?	60% - «иә»	70% - «иә»	80% - «иә»
1. Қазақстан ақпарат нарығы Ресейдің ақпарат нарығына ықпалды деп ойлайсыз ба? (иә, жоқ, білмеймін)	40% - «иә» 50% -«жоқ» 10% - «білмеймін»	30% - «иә» 70% - «жоқ»	60% - «иә» 40% - «білмеймін»
Ресейлік БАҚ тәжірибесі ТМД мемлекеттері үшін үлкен рөлге ие деп есептейсіз бе? (иә, жоқ)	40% - «иә» 60% - «білмеймін»	50%-ы «иә» 50%-ы «жоқ»	45% - «иә» 25% - «жоқ» 30% - «білмеймін»
Қазақстан ақпарат нарығы Ресейдің ақпарат нарығына тәуелді ме? (иә, жоқ, білмеймін)	80% - «жоқ» 20% - «білмеймін»	50%-ы «иә» 50%-ы «жоқ»	45% - «иә» 55% - «білмеймін»
Ресейлік БАҚ идеологиялық бағытты ұстанады ма?	100% - «иә»	80%- «иә» 80%- «жоқ»	100% - «иә»
Ресей әлде Қазақстан ақпаратына сенесіз бе?(өз пікіріңіз)	Ресей - 30% Қазақстан - 90%	Ресей - 20% Қазақстан - 90%	Ресей - 80% Қазақстан - 100%

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, ақпарат тұтынушылар медиаға жүгінеді. Сондай-ақ олар отандық медиа өнімдерін ғана қолданып қоймай шетелдік БАҚ-тарға да иек артады екен. Әрі көрсеткіштер де әр түрлі. Қолданатын медиа түрлері де алуан түрлі болып келеді. Респонденттер арасынан медианы қолданбаймын деген жауап естімедік. Олай болса, медиа тәуелділік бар жерде, медианың тәуелді болмай оны тек ақпарат құралы ретінде ғана қарастыру мәдениетін қалыптастыру керек. Сауалнама барысында ұйғарғанымыздай, «Медиаға тәуелділік: себептері мен салдарлары» ең алдымен ақпаратқа көз жеткізу, айналадағы өзгерістермен танысу және т.б. Ал оның салдарлары ортадан оқшаулануға, өзіндік әлем жасап алуға әкеліп соғады. Адам ақпаратқа тәуелді болмауы керек, оған тек коммуникация ретінде ғана қарау керек. Соған бұқараны икемдеуіміз керек. Бүгінде арналарда көру жасын шектейтін арнайы ескертулер бар. Яғни «Ата-анасымен бірге көруге арналған» немесе «14 жасқа дейінгі балаларға көруге тыйым салынады», «жалғыз отырып көруге тыйым салынады», «психологиялық ұстамы нашар жандарға көруге тыйым салынады» деген сияқты ескертпелер бар. Алайда бұл аздық етуде. Тіпті, ұялы байланыстардың қарыштап дамығаны соншалық түрлі гаджеттер мен смартфондар медианың рөлін атқарып, қоғамды медиатәуелділікке тіптен жақындатып отыр. Бұл мемлекеттік деңгейде қарастырылып, мемлекеттік қызмет-

керлерге жұмыс барысында заманауи ұялы байланыстарды қолдануға шектеу қойылды. Дәл осылай сабақ барысында, оқу барысында да қолдануға тыйым салынуы қажет. Ал телеарна уақытына келетін болсақ, белгілі бір уақытқа экрандық бағдарламаны ажыратып, сол уақытқа оқушы сабақ қарайтындай жағдай жасауға ықпал еткен жөн. Еуропа Кеңесі құжаттарында «медиа білім беру» деген ұғым бар. Яғни, «медиа білім беру» анықтамасы оқыту, тәрбиелеу деген түсініктерге сай келеді. Бұл тұтынушыға қажетті ақпаратты қолдануға, оған талдау жасауға, ақпаратпен қатысты экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени қызығушылықтарды ажырата білуге үйретеді. Медиа білім беру ең тиімді әрі дұрыс медианы таңдауға үйретеді. Ол өз кезегінде тұлғалық дамуға жол ашып, демаократиялы азаматтылыққа және саяси түсіністікке дайындайды. Медиа білім беруді адамды өмір бойы оқыту концепциясы ретінде қарастыру керек.

Медиаға тәуелділіктің себептері мен салдарларын анықтай отырып, медиа өнімдердің оң бағытқа арналғандығын ескергеніміз жөн. Ақпаратты оқушы ақпаратты қабылдай отырып, одан дұрыс нәтиже шығара алатындай болғаны жақсы. Эфир арналарында, басылым беттерінде, электронды ақпараттарда, интернет көздерінде мейілінше адамгершілікке тәрбиелейтін медиаөнімдердің болғаны абзал. Бұқараны медиаөнімдермен сусындата отырып, өмір салтын дұрыс құра білуге, ақпарат көзін орнымен пайдалануға ықпал ету керек.

Әдебиеттер

- 1 Теории заговора и медиазависимости. Теории выстраивания приоритетов и «спирали молчания» (Элизабет Нойман). 2009.
- 2 Галченков А.С., Кузьмич Т.А. Медиаобразование в современной школе (Роль медиаобразования в формировании культуры современной молодежи). 2010.
- 3 Федоров А.В. Развитие медиакомпетентности и критического мышления студентов педагогического вуза. – М.: Изд-во МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех», 2007. – С. 54.
- 4 Бондаренко Е.А. Медиаобразование в современной школе с точки зрения образовательных стандартов // Медиаобразование и медиакомпетентность / под ред. А.В. Федорова. – Таганрог: Изд-во Таганрог. гос. пед. ин-та, 2009. – С.10.
- 5 Федоров А.В. Развитие медиаобразования на современном этапе // Инновации в образовании. – 2008. – № 3. – С.5.
- 6 Порохненко К.А. Культурные и медиакультурные ценности современных студентов. 2007.
- 7 Кириллова Н.Б. Медиакультура: от модерна к постмодерну. – М.: Академический проект, 2005. – 448 с.

References

- 1 Theory zagovora i mediazavisimosti. Theri vystraivaniya prioritetov i «spirali molshaniya» (Elizabet Noel-Noiman). 2009.
- 2 Galshenkov A. C., Kuzmish T. A., Mediaobrazovaniye v sovremennoi shkole (Role mediaobrazovaniya v formirovaniye kulture sovremennoi molodezhi). 2010.

- 3 Fedorov A.B. Razvitiye mediacompetentnosti i kriticheskogo myshleniya studentov pedagogicheskogo vuza. M.: Izd-vo MOO BPP UNESCO «Informatshiya dlya vsekh», 2007. s. 54.
- 4 Bondarenko E.A. Mediyaobrazovaniye v sovremennoi shkole s tochki zreniya obrazovatelnykh standartov // Mediyaobrazovaniye i mediakompetentnost / Pod red. A.B.Fedorova, Taganrog: Izdatelstvo Taganrog gos. pped. instituta, 2009. s.10.
- 5 Fedorov A.B. Razvitiye mediaobrazovaniya na sovremennom etape // Innovashii v obrazovanii, 2008. № 3. s.5.
- 6 Porokhnenko K.A. Kulturnye i media kulturnye chennosti sovremennykh studentov. 2007.
- 7 Kirillova N.B. Mediaya kultura: ot moderna k postmodernu. – M.: Akademicheskii proekt, 2005. – 448 s.

Сейдеханов С.А.
**Глобальная смартфонизация
и место современного
журналиста в мобильных
медиа**

Статья посвящена исследованию феномена смартфона как нового источника информации и катализатора изменений в культуре потребления журналистского контента. Также автор изучает последние достижения высоких технологий в области мобильного контента как возможности для реализации профессионализма и творческого потенциала журналистов. Кроме того, в данной статье обсуждается вопрос значимости профессии журналиста в эпоху развития блоггинга и так называемое гражданской журналистики.

Автор раскрывает значимость новых трендов в сфере медиа-индустрии, опыт мировых медийных компаний и их видение. Автор раскрывает основные проблемы и риски для журналистики и приводит рекомендации для представителей этой профессии по их минимизации. К примеру, риски снижения спроса на журналистов в свете роста активности блоггеров.

Ключевые слова: смартфон, мобильный контент, коммуникативность текстов, эффективность текста, показатели эффективности текста, методы текстового воздействия на аудиторию, информационная ценность текста.

Seidekhanov S.A.
**Global smartphonization and
place of modern journalist in
mobile media**

The article investigates the smartphone phenomenon as a new source of information and a catalyst for change in the culture of journalistic content consumption. The author also examines the recent achievements of high technologies in the field of mobile content as an opportunity to implement the professionalism and creativity of journalists. Additionally, this article discusses the importance of the profession of journalism in the age of blogging and the so-called citizen journalism.

Author reveals the significance of the new trends in the media industry experience, global media companies and their vision. The author reveals the main challenges and risks to journalism and results in recommendations for members of the profession to minimize them. For example, risk reducing the demand for journalists in light of the growing activity of bloggers.

Keywords: smart phone, mobile content, the text of performance indicators, methods of textual influence on the audience, the information value of the text.

Сейдеханов С.А.
**Ғаламдық смартфонизация
және заманауи журналистің
мобильді медиадағы орны**

Мақала смартфон феноменін ақпарат алудың жаңа қайнар көзі және журналистік мазмұнды пайдалану мәдениетіндегі өзгерістердің катализаторы ретінде зерттеуге арналған. Сонымен қатар, автор мобильдік мазмұн саласындағы соңғы жоғары технологиялық жетістіктерді журналистің кәсіби деңгейі мен шығармашылық әлеуетін жақсарту мүмкіндігі ретінде қарастырады. Осы мақалада азаматтық журналистика мен блогтың қарқынды даму дәуіріндегі журналист кәсібінің маңыздылығы талданады.

Автор медиа индустрия саласындағы жаңа трендтерді, әлемдік медиа-компаниялар тәжірибесінің маңыздылығын атап көрсетеді. Автор журналистикадағы мәселелер мен мүмкін болатын тәуекелдерді ашып көрсетеді және осы сала мамандарына оны азайтуға қатысты ұсыныстар жасайды. Мысалы, блоггерлердің белсенділігі артып тұрған кезеңде журналистерге сұраныс тәуекелін төмендету жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: смартфон, мобильді мазмұн, мәтіндердің коммуникативтілігі, мәтіннің тиімділігі, мәтіннің тиімділік көрсеткіштері, аудиторияға мәтіндік әсер ету әдісі, мәтіннің ақпараттық құндылығы.

**ГЛОБАЛЬНАЯ
СМАРТФОНИЗАЦИЯ
И МЕСТО
СОВРЕМЕННОГО
ЖУРНАЛИСТА
В МОБИЛЬНЫХ МЕДИА**

В начале 2016 года вице-президент медиакомпания ESPN Чад Миллмэн описал новую стратегию компании следующим образом: «Мобильность – это все. Если мы будем думать о чем-либо другом, то мы потеряем аудиторию». Такая точка зрения полностью отражает мнения большинства руководителей медийных структур, конкурирующих друг с другом за долю рынка, т.е. аудитории.

Как мобильные технологии изменили образ жизни и сформировали новые привычки потребления?

В Японии 95% телевизионного контента потребляется на смартфонах. Люди редко смотрят телевизор, поскольку им просто некогда его смотреть. Телепрограммы обычно смотрят в метро по дороге домой, благо во всех японских поездах есть wi-fi. Пример Японии весьма показателен в плане оценки мировых тенденций. В настоящее время мир переживает беспрецедентный технологический прогресс, который движется по экспоненте по причине резких прорывов в области компьютерных технологий, порождением которых являются смартфоны. Еще каких-нибудь десять лет назад (а сегодня это уже огромный период в контексте развития технологий) невозможно было поверить в то, что телефон будет способен выполнять столько различных сложных функций. Даже писатели-фантасты и голливудские деятели не могли себе представить такой гаджет. В качестве примера можно привести фильм «Назад в будущее-2», где Марти Макфлай и доктор Браун, оказавшись в будущем, видят множество диких приспособлений, но, заметьте, там не было ни одного смартфона. То, что пришло в голову легендарному основателю компании Apple, не могло присниться даже в самых безумных снах авторам вышеупомянутого фильма.

Появление смартфона кардинально изменило мир. Методы коммуникации стали совершенно другими. Сегодня скорость коммуникационных процессов в обществе беспрецедентная, она настолько высока, что неминуемо повлияла и на эффективность бизнес-процессов. К примеру, компания Uber, мировой лидер и технологический новатор в области услуг такси, доказала на своем примере, что компания способна качественно работать без каких-либо систем планирования деятельности.

Во главу угла в Uber ставятся технические возможности мобильных технологий. Это гигантская компания быстрого реагирования, в которой все производственные процессы базируются на мобильном интернете. Компания работает без диспетчерской службы, без долгосрочного планирования и без корпоративной бюрократии. С планированием и бюрократией в условиях сверхскоростей потока данных и событий работать уже невозможно. И вот тут-то на помощь и приходят мобильные технологии.

Что же будет со СМИ и журналистами?

Аналогичным образом глобальные изменения коснулись и СМИ. Для все возрастающей части мировой потребительской аудитории персональный компьютер перестает быть источником информации от СМИ. Активно работающие люди используют его, скорее, как устройство сугубо для решения рабочих задач. А вот медийный контент все большее количество потребителей находит более удобным получать через свои смартфоны, т.е. в мобильном режиме. И это стало серьезным вызовом не только для традиционных масс-медиа, но также и для информационных порталов. Особенно существенный вклад в развитие данного тренда внесли социальные сети с их техническими возможностями в плане высокой скорости онлайн-работы на смартфонах. В апреле 2016 года мировой лидер в сегменте соцсетей Facebook запустил проект FacebookInstantArticles, который выводит удобство и качество потребления контента на новый уровень. По сути InstantArticles – это формат так называемых лонгридов (длинных статей, или features), обогащенный видео, интерактивными картами, большими картинками (современные смартфоны производятся с большими экранами, что позволяет воспринимать материал гораздо масштабнее, чем во времена первого iPhone). На данный момент этим форматом пользуются крупные медийные структуры, такие как TheNewYorkTimes и NationalGeographic. В планах Facebook сделать данную опцию доступной в скором времени.

Почему проект InstantArticles так важен для Facebook и, в принципе, для потребителей контента в принципе? Дело в том, что публикация лонгридов в Facebook в обычном режиме не дает удовлетворительных результатов – статьи выглядят не эстетично, нет возможности вставлять картинки между абзацами и делать привлекательные подзаголовки. Ввиду таких недостатков медиакомпания и издания (впрочем, и рекламодатели тоже) использовали

и продолжают использовать Facebook как ссылочно-ресурс для направления читателей на внешние сайты. Таким образом, контент создавался и продолжает публиковаться не непосредственно в соцсети, а за ее пределами. На этом, собственно, теряет крупную часть аудитории сам Facebook. Кроме того, он теряет и рекламные бюджеты, т.к. вынужденно перебрасывает аудиторию на чужие площадки. InstantArticles способен решить эту проблему. Ведь с помощью этой новинки аудитория будет оставаться внутри Facebook, а это значит, что и оперирование рекламными форматами на страницах брендов и денежными поступлениями от рекламодателей будет оставаться под контролем социальной сети. Таким образом, в плане функциональности Facebook начинает конкурировать с блог-платформой Medium, где зачастую публикуют свои статьи рекламодатели по причине удобства и «заточенности» данной площадки под качественную публикацию статей.

Кроме того, Facebook использует в свою пользу активную тенденцию появления быстро растущей прослойки интернет-пользователей, для которых Всемирная Сеть начинается и заканчивается социальными сетями. Все большее число пользователей тратят свое время только на одну-две социальные сети. И, в основной массе, эти сети – Facebook и Instagram, к ним можно добавить также видеосервис YouTube. Другими словами, крупная доля интернет-пользователей удовлетворяет свои информационные потребности вышеназванными площадками. По-видимому, в ближайшей перспективе такая тенденция окончательно перейдет в категорию мейнстрим. Неслучайно эксперты все больше и больше указывают на снижение доли поисковых систем в общем информационном онлайн-«пироге». Люди получают информацию через соцсети раньше, чем им приходится в голову самостоятельно найти ее в Google.

Возвращаясь к теме смартфонов, укажем на то, что именно социальные сети являются наиболее перспективным сценарием развития мобильного контента. Ведь обычные сайты и порталы не могут соперничать с ними по скорости загрузки, открывания страниц. Кроме того, соцсеть служит для пользователей как бы «вторым интернетом», где есть все, что им нужно и даже больше. Не выходя из соцсети, можно получать всю информацию и делать это максимально удобным и быстрым способом. Само название InstantArticles переводит-

ся как «мгновенные статьи». Сегодня потребитель капризен. Никому не хочется ждать, пока «подгрузится» страница с контентом. Тем более на смартфоне.

Как журналисту найти свое место в новых контент-реалиях?

Журналист эпохи блогеров, по мнению одного американского эксперта, является «блогером в штанах» (bloggerwearingpants). Эта идиома означает доминирование в чем-либо, в данном случае, в разработке и подаче информации, создании контента. Здесь важен акцент на том, что журналист, как и блогер, работает в диджитал-среде и применяет все те же технологические возможности. С одним лишь отличием: он более профессионален. Более интересен как автор. Производит более качественную информацию и, главное, несет за нее профессиональную ответственность. Другими словами, современный журналист – это тот же журналист, но уверенно работающий и конкурирующий в интернете и, в частности, в социальных сетях. Если еще совсем недавно, многие традиционные журналисты принимали саму возможность писать для страниц в соцсетях в штыки, то сегодня некоторые из них успешно адаптируются к новым реалиям и становятся примером для подражания. Таким примером является Вадим Борейко, бывший главный редактор сайта Forbes.kz. В названии настоящей статьи фигурирует словосочетание

«мобильные медиа». Что можно считать такими? Автор убежден в том, что любые СМИ, которые обеспечивают возможность качественно потреблять контент на смартфонах, являются мобильными медиа. И социальные сети служат суперплощадкой для этих СМИ. Во-первых, они СМИ могут использовать как средство доставки контента до аудитории. Когда-то говорили, что если тебя нет на телевидении, то тебя нет нигде. Сейчас в пору говорить о том, что если тебя нет в соцсетях, то тебя нет нигде. Соцсети и умные телефоны – вот ответ на многие вопросы как для изданий, так и для рекламодателей. Кроме того, в свете экономического кризиса и связанного с ним сокращения рабочих мест у СМИ в целом, автор полагает перспективным развитие журналистики в социальных медиа как возможности создания новых рабочих мест для журналистов.

По данным исследования, проведенного исследовательской компанией LightspeedResearch, 73% владельцев смартфонов ежедневно используют приложения социальных сетей. И это число постоянно растет. Причем смартфоны покупает в основном экономически активная часть населения. Является ли эта аудитория привлекательной для изданий и рекламодателей? Безусловно. Следовательно, треугольник «Издания – Рекламодатели – Аудитория», можно сказать, «переехал» в умные телефоны.

Литература

1 Смерть digital-рынка уже случилась, хотя вы об этом даже не подозреваете. – <http://allwrite.kz/pr/117-smert-digital-rynka-uzhe-sluchilas-hotya-vy-ob-etom-dazhe-ne-podozrevaete.html>

2 <https://medium.com/@nbabaeva> Наталья Бабаева «Фейсбук, что за Instant Articles?» (<https://medium.com/@nbabaeva/%D1%84%D0%B5%D0%B9%D1%81%D0%B1%D1%83%D0%BA-%D1%87%D1%82%D0%BE-%D0%B7%D0%B0-instant-articles-flf28e42fb8a#.umydkk8g>).

3 <http://www.towave.ru> «73% владельцев смартфонов ежедневно используют приложения соцсетей» (<http://www.towave.ru/pub/73-vladeltsev-smartfonov-ezhednevno-ispolzuyut-prilozheniya-sotsialnykh-setei.html>).

4 С.А. Сейдеханов. – www.seidekhanov.blogspot.com.

References

1 www.allwrite.kz «Smert digital rynka uzhe sluchilas hotya vy ob etom dazhe ne podozrevaete».

2 Natalia Babayeva «Facebook, chto za Instant Articles?» (<https://medium.com/@nbabaeva/%D1%84%D0%B5%D0%B9%D1%81%D0%B1%D1%83%D0%BA-%D1%87%D1%82%D0%BE-%D0%B7%D0%B0-instant-articles-flf28e42fb8a#.umydkk8g>).

3 <http://www.towave.ru> «73% vladeltsev smartfonov ezhednevno ispolzuyut prilozheniya sotsialnykh setei».

4 S.A. Seidekhanov www.seidekhanov.blogspot.com.

Кәдірбек А., Заирова Г.
**Шетелдегі саяси қақтығыстар
мен шиеленістердің отандық
БАҚ-та жариялануы**

Соңғы жылдары әлемде түрлі саяси оқиғалар мен шиеленістер жиілеп кетті. Ресейдің батыс Украинаға басып кіруі және Қырымды күштеп аннексиялауынан қос мемлекеттің қақтығысып қалуы, Сириядағы тұрақсыздық пен дағдарыстың кесірінен жергілікті халықтың өзге мемлекеттерге босып кетуі және Йемендегі қанды қақтығыс әлем елдерінің назарын аударып, алаңдатып отыр. Мақалада осы оқиғалардың отандық БАҚ беттерінде қаншалықты шынайы сараптама жасалғаны жазылған.

Түйін сөздер: БАҚ, қақтығыс, дағдарыс, тұрақсыздық, халықаралық ұйымдар, Еуроодақ.

Kadirbek A., Zairova G.
**Publication of conflicts abroad in
the local media**

In the recent years there is the increase of the number of political conflicts in the world. The conquest of Crimea by Russia and the invasion of «polite people» to the East Ukraine had led to the conflict between the two countries. Political crisis and the series of events in Syria turned out into the stampede of local citizens to neighboring European countries. Conflict in Yemen is one of major concerns of the whole world. In this paper it is written to what extent the local media objectively and impartially analyzes those events listed above.

Key words: Media sources, conflict, uncertainty, crisis, international organisations, Euro union.

Кәдірбек А., Заирова Г.
**Зарубежные конфликты
в публикациях отечественных
СМИ**

В последние годы в мире участились различные политические противоречия. Ситуации с Крымом и востоком Украины привели к антагонизму двух государств, политический кризис и события в Сирии обернулись массовым бегством местного населения в соседние страны и Европу, кровавый конфликт в Йемене вызывает беспокойство у всего мира. В статье анализируется уровень объективности и беспристрастности журналистов, освещающих данные темы в СМИ.

Ключевые слова: СМИ, конфликт, нестабильность, кризис, международные организации, Евросоюз.

ШЕТЕЛДЕГІ САЯСИ ҚАҚТЫҒЫСТАР МЕН ШИЕЛЕНІСТЕРДІҢ ОТАНДЫҚ БАҚ-ТА ЖАРИЯЛАНУЫ

Қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары жүйесінің қызметі аса маңызды сипатқа ие. Бүкіләлемдік нарық пен жаһандық саяси оқиғалардың бұқаралық ақпарат құралдарына тәуелділігі артуда. Бұл мәселе жайлы ғалым Г. Сұлтанбаева «Қоғамдағы әрбір индивид үшін шындықты тануы мен әлемдегі оқиғаларды білуі үшін БАҚ-тың көмегі мен рөлі артып отыр. Бүгінде саясат субъектісі ретінде бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір шындықты тануға көмегін тигізе отырып, белгілі бір әрекетке ықпал етеді. Сондықтан да бұқаралының мұндай саяси ақпараттық процестердің тек қатысушысы болып қана қоймастан соны жүзеге асырушысы ретінде рөлі артуда» [1, 33] деген ой айтады.

«Қазақ үні» ұлттық порталы «Ресей мен Украина неге тіл табыса алмай отыр?» деген сараптамалық мақалада Ресей мен Украина саяси шиеленіскен әрі тығырыққа тірелген арақатынасын автор «Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледі» деп бағалап: «Ресей мен Украина арасында газға байланысты көптен бері келіспеушіліктің орын алып келе жатқаны жұртшылыққа мәлім. «Аларманға – алтау аз, берерменге – бесеу көп» демекші, әр тарап өзінікін дұрыс санайды. Айтқандай-ақ, жуырда БАҚ құралдары арқылы «егерде Украина Кедендік одаққа кірсе, Ресей оған «көгілдір отынның» әрбір мың текше метрін 160 доллардан сатуға мақұл екен» деген хабар тарады. Бұл анау-мынау емес, Украинаның премьер-министрі Николай Азаровтың аузымен айтылды» [2] деп мәселенің мәнісін тарқатады. Автор: «Ресеймен әзірше әмпей-жәмпей болып, тіпті өздеріндегі бүкіл газ тасымалдау жүйесінің тізгінін орыстардың қолына ұстатып, болашақта біз «одақтас мемлекет құрамыз!» деп ұрандатып отырған Белорусьтің өзі газдың әр мың текше метрін одақтасынан 168 доллардан сатып алады. Ал, келесі жылдың аяғына таман ол бағаның 185 долларға көтерілетінін де жақсы біледі» деп пайымдайды. Алайда теориялық әдебиеттерде саяси ақпараттың «қысқа мерзімділігі» деген ұғым бар. Бұл жайлы профессор Г. Сұлтанбаева былай дейді: «Шын мәнінде, саяси ақпарат уақыт өте барынша оқиғаның ұзақ не орта мерзімділігінің азайып отырғандығы. Саяси коммуникативтік процестегі проблемалық ақпарат пен талқылынытын мәселе аса қысқа мерзімде қарастырыла отырып, күн тәрті-

біне қойылады» [1, 33]. Саяси қатығыстар туындаған тұста күн тәртібіне еніп, ақпарат арқылы әлем назарын аудартатындықтан, саяси коммуникация БАҚ әрекеті көмегімен жүзеге асады. Сараптамалық мақалаға автор Ресей мен Украина арасындағы теке-тірестің басты себептерімен екі ел арасындағы Белорусьтің ұстанымынан да хабардар етіп, мәселені: «Әрине, Украина үшін бірден-бір қуат көзі саналатын газдың мейілінше арзан болғаны мақұл. Ол елдің экономикасына қан жүгіртіп, кәдімгідей мол үнем мен пайда береді. Бірақ, оған Мәскеу опонай көнгісі жоқ. Үш мемлекет: Беларусь, Қазақстан және Ресей бірігіп құрған «Кедендік одаққа қосыл немесе газ тасымалдау жүйесінің билігін бізге бер!» деген талап қояды» деп түсіндіреді [2]. Автор украиндардың өздерінің есебінше елдің сауда-саттығының 40 пайызы әлгі айтқан үш мемлекетпен жасалатындықтан бұлардың Кедендік одаққа кіргені зияны жоқтығын және кенес одағы тұсында қалыптасқан өндірістік байланыстар, экономикалық, технологиялық ұқсастықтар барын айта келіп, украиндықтар үшін таразының екінші басында Еуропа бағыты тұрғанын айтады. Автор Украина үшін тиімді жақтарын түсіндіре келіп, олардың ұстанымынан хабардар етеді. Автор саяси шиеленіс жайлы мақаланы ширата түсіп, «Украиндардың тауар айналымының ендігі бір қомақты бөлігі, яғни 30 пайызы Еуроодақ елдерімен жасалады. Оның үстіне мұның мүмкіндігі мен келешегі зор деп есептелінеді. Егерде Киев Кедендік одаққа қосылса, онда Еуроодақпен интеграцияны ұмытуы тиіс. Кедендік одақтың ережесінде солай жазылған, Еуроодақ та одан теріс айналатын болады. Украина үшін ЕО та Ресей де керек-ақ. Екеуі де ірі рынок. Бірақ та Мәскеудің «Кедендік одаққа қосыл!» дегенде бұрынғы посткеңестік аумақта өз ықпалын жүргізгісі келетіндей саяси мақсатты көздеп отырғаны анық» [2] деп тұжырымдайды. Қаламгер оқырманға: «Сондықтан Украинаның бүгінде «былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледінің» керімен екі оттың ортасында тұрған жайы бар» деп ойын бейнелі жеткізеді. Автор Ресей мен Украина теке-тіресінің себебі мен сыры тым тереңде, әлемдік экономикада ауық-ауық қаржылық дағдарыс қысып, жаһандану мен аймақтану үрдістері белен алып жатқан тұста екі славян мемлекетінің өз ара түсіністікті, достас қарым-қатынаста болуының геосаяси да стратегиялық та маңызы зор екенін айтып, себебін «бұлар ежелден географиялық орналасуы жөнінен көршілес, шаруашылық-экономикалық және мәдени-гума-

нитарлық, әлеуметтік жағынан бір-бірімен байланысып, қойындасып жатқан елдер. Оның үстіне кешегі КСРО тұсында Украина халқының саны және экономикалық күш-қуаты жағынан Ресей Федерациясынан кейінгі екінші орындағы республика болды» [2] деп ұғындырады. Мақала авторы екі елдің ынтымақ – бірлікте өмір сүруінің тиімді тұстарын нақты мысалдармен шегелеп, оқырманға «Ресми түрде Ресей Федерациясы және Украина аталатын бұл екі мемлекет неліктен ортақ тіл табысып, емен-жарқын қатынас орната алмай отыр?» деген сауал тастайды. Бастан-аяқ бірсыдырғы баяндамай, аудиториямен байланысты да естен шығармаған. Оқырманмен кері байланыс, ой салу, оқырман өз тұжырымдары мен автор пайымдауларын салыстыру үшін мақалаға үңіле түседі. Қаламгер «оқырман білмейді» деген ойдан аулақ болуы қажет. Бүгінгі ақпараттық ғасырда өмір сүріп жатқан оқырман – сыншы оқырман. Автордың қисынсыз ойлары оқырманды тартпайды, керісінше, алыстатады. Автор сауал тастап, ой салып, оқырманмен кеңесе отырып, өз пайымдауларын төмендегідей ұсынады: «1991 жылдың 8 желтоқсанында беларусьтың Беловежі орманында үш мемлекеттің басшылары (Беларусь, Ресей және Украина) КСРО-ның таратылғанын жариялағаннан бері қарайғы жиырма жылдан астам уақыт ішінде Украина өзінің мемлекеттілігі мен тәуелсіздігін нығайтып, қал-қадірінше дамытып келеді. Кәзіргі таңда ол әлем танып, мойындаған өзінің ұстанған ішкі және сыртқы саясаты бар егеменді мемлекет. Бұл жолда оның бірқатар қиындықтарды бастан кешкені, ондай ауыртпалықтардың дамуға әлі де кедергі болып отырғаны жасырын емес. Өз кезегінде ол сыртқы факторларға да байланысты. Мәселен, елдің экономикасына, жалпы дамуына Ресеймен жөнді қарым-қатынаста болмауы кері ықпалын тигізбей отыр дей алмаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, Украинаның дербес саясат жүргізіп, батысқа қарайлайтыны, бір кездері НАТО-мен жақындасуға әрекет жасағаны, өздеріндегі баяғы ОУН (Украин ұлтшылдары ұйымы) мен УПА (Украина көтерілісшілері армиясын) елдің тәуелсіздігі жолындағы күрескерлер деп бағалауы, Абхазия мен Оңтүстік Осетия үшін қатығыс тұсында бұлардың Грузияға қару-жарақ пен әскери техника сатуы Мәскеуге ұнамайды. Ал Киев 1930 жылдардағы аштықты (голодомор) украин халқын құрту үшін әдейі жасалған геноцид деп есептейді. Ресейдің Қара теңіз флотының Қырымда, Севастопольде болуы да Украина үшін «бас ауру» болып тұр. Оның үстіне орыстар

жағы Украинада орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілмей отырғанына да өкпелі. Бұған қоса, екі мемлекеттің арасында Азов теңізі мен Керечь бұғазы маңында су астында шекара сызығы белгіленбеген аудандар да бар» [2]. Қаламгер екі ел арасында діни-шіркеулік мәселеде де келіспеушілік орын алғанын, Киевте кәдуілгі Мәскеу патриархатының құрамындағы Украин православтік шіркеуіне қоса, өз алдына бөлек православиелік шіркеулік патриархат жұмыс істейтінін, осындай дау-дамайлар жинақтала келіп, Украина-Ресей қатынасына сызат түсіріп, сауда-экономикалық байланыстарға да нұқсан келтіріп, «газ мәселесін» де ушықтырып отырғанын айтып, «көгілдір отын» украин-ресейлік қатынастағы ең бір өзекті дауға айналғанын мәлімдейді. Автор саяси шиеленіс себептері мен салдарларын талдап, орын алған жағдайдың әлеуметтік-экономикалық қырларын сараптайды. Дәл осы саяси шиеленісті «Абай.kz» порталы «Ресей-Украина қақтығысына енді әлем араласады» тақырыбындағы сұқбатта саясаткерлер Әміржан Қосанов, Жасарал Қуанышәлин пікірлерін ұсынды. Сауал Украинаның Донецк облысында Малайзияның жолаушылар ұшағы зымыран соққысынан апатқа ұшырап, әуе кемесіндегі 300-ге жуық адам түгел қаза тапты. Украина билігі мұндай жауыздықты Донецк облысын оқшаулаған сепаратистер жасады деп айыптады. Ғаламторда сепаратистердің ұшақты атып түсіргендігі жөнінде аудиожазба пайда болды. Ұлттық портал саясаткерлерден осы оқиғаға қатысты пікірлерін жариялады. Саясаткер Әміржан Қосанов мәселеге объективті түрде: «Соғыс қай жерде жүріп жатса да, әлемнің кез келген еліне тікелей қатысы бар боп шығады! Жаһандану үдерісінің бір нәтижесі осы шығар. Алыстағы Украина аспанында ұшып бара жатқан бірнеше мемлекеттің азаматтары бар Малайзия әуе компаниясының ұшағының апатқа ұшыруы соның бір дәлелі болып отыр ғой. Яғни, соғыс баршаға ортақ! Украина мен Ресей арасындағы соғыстың салқыны сонау бірнеше мұхиттың ар жағындағы елдерге тие бастады. Өз басым мәселенің мәнісіне бармай жатып, атүсті «мына жақ кінәлі!» деп айтудан аулақпын» [3] деп, бұдан әрі қарай саясаткер қақтығыстың әлем жұртшылығының назарына іліккенін, ендігі жерде азаматтарынан айырылған елдер, халықаралық ұйымдар оқиғаның анық-қанығына жетпейінше тынышталмайтынын айтып «халықаралық тәуелсіз комиссия құрылып, соның жұмысының нәтижесін күткеніміз абзал» дейді. Алайда оқырман көкейіндегі сауалға

жауап ала алмайды. Саясаткер «бұл оқиға Украина мен Ресей арасында болып жатқан соғысқа тікелей байланыстырыла қарастырылатыны да заңды. Екі ел арасындағы кескілескен әрі ымырасыз ақпараттық соғыстың қалай өтіп жатқанын көріп келеміз. Енді осы қайғылы оқиғаны екі жақ та өз мүддесі тұрғысында «пайдаланары» сөзсіз. Байқадыңыз ба, сол шайқас кешеден бере одан сайын өршіп кетті» [3] деп барша оқырман қадағалап, байқап отырған белгілі мәселені жалпылама айтып кетеді. Алайда маман ретінде оқырман саясаткерден нақты тұжырымдар мен болжамдар күтетіні айқын. Саяси қақтығыстарға жалпы сипаттаманы көзі қарақты оқырман өзі де біледі. Автор «Мәселенің түп негізіне үңілсек, осы соғысты бастаған – Ресей! Яғни, сол соғыстың аясында не боп жатыр, – соның бәріне Кремльдің тікелей саяси қатысы бар болмақ» [3] деген «талдауына» оқырманның көңілі толмағанын мақала соңында жазылған пікірлерден аңғару қиын емес. Есесіне саясаткер Жасарал Қуанышәлиннің сараптамасына оқырман көңілі толады. Мәселенің мәнісін бірден: «Менің мұндай шектен шыққан жауыздыққа берер бағам біреу – Кремль өзінің Украинаға қарсы ашқан соғысында қандай да болса қылмыстан тайынбайтындығын толық дәлелдеді. Және сол қылмыстарының ізін жасыру мақсатында Ресей Украинаға қарсы өтірік пен жалаға негізделген масқара ақпараттық соғысты да өршітіп отыр. Кремльдің «КСРО-ны қалпына келтіру!», «Орыс жерлерін кері қайтару!» ұрандарына негізделген реваншистік саясаты адамзат баласын Үшінші дүниежүзілік соғысқа ұрындырмауы үшін бүкіл әлем Ресей билігінің ұстанып отырған саясатын ауыздықтау мақсатында күш біріктіріп, шешімді іс-әрекеттер жасауға тиіс деп есептеймін» [3] деп ашық айтқан саясаткер, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ғана берді. Қазіргідегідей ақпараттық технологиялардың дамуына, ақпарат таратудың жеделдігіне байланысты шетелдік саяси қақтығыстар мен шиеленістер бірден әлем назарын өзіне аудартады. Шетелдік саяси шиеленістерді жазуда журналист шынайы, нақты ақпарат беріп қана қоймай, саяси сараптама жасауы қажет. Көп жағдайда саясаткерлерден сұқбат алатын қаламгерлер, маман жауабына да талап қойғаны дұрыс. Саяси қақтығыс себептері төңірегінде қойылған сауалға жалпыға мәлім, түсінікті жағдай туралы (сұқбаттағы бірінші жауап) сипаттама беру оқырманды жалықтырары сөзсіз. Г. Сұлтанбаеваның еңбегінде: «Саяси жүйе функциясы шешім әзірлеу, қабылдау болып

саналады. Ал БАҚ жүйесі функциясына қоғамдағы оның бөліктерінің интеграциялануын қамтамасыз етерлік күн тәртібіндегі мәселелер мен тақырыптарды көтеру болып саналады» [1, 32] дейді. Шетелдегі саяси шиеленістер мен қақтығыстарға салмақты сараптамалық мақалалар Халықаралық қоғамдық саяси апталық «Түркістан» басылымында жиі жарияланады. Анар Лепесова, Динара Мыңжасар, Әсел Әнуарбек сынды қаламгерлер шетелдік саяси шиеленістерді мейлінше шынайы әрі нақты түрде талдап оқырманға ұсынады. Осындай сараптамалық мақаланың бірі Әсел Әнуарбектің «Йемендегі қанды қақтығыс азаматтық соғысқа ұласуы мүмкін?» тақырыпты сараптамасы.

Автор Йемен Республикасын азаматтық соғыс өрті шарпуы мүмкіндігін, Біріккен Ұлттар Ұйымының эмиссары Джамаль Беномар Қауіпсіздік кеңесінің отырысында осылай деп мәлімдеме жасағанын, Эмиссардың мұндай мәлімдеме жасауына негізсіз еместігін, Йемендегі үкіметтік күштер мен шиіттердің хуситтік топтары арасындағы қақтығыс ел ішіндегі жағдайды бейбіт түрде реттеуге мүмкіндік бермей отырғанын мәлімдей келе, аталған мәселені ескерген БҰҰ-ның өкілдері Йеменде азаматтық соғыстың тұтануы мүмкін деп дабыл қағып отырғанын айтады.

Қадамгер саяси қақтығыстың орын алу себебін «2015 жылдың сәуір айының басында Арабия түбегінің Оңтүстік және Оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Йемен мемлекеті Араб республикасы мен Йемен Халық Демократиялық Республикасының ерікті түрде бірігуі нәтижесінде құрылған» деп түсіндіре келіп, аталған елде азаматтық соғыс бұған дейін де болғанын, тарих беттеріне жүгіне дәлелдейді: «Азаматтық соғыс Йеменді 1962 жылы шарпыды. Сол жылы полковник Абдалла ас-Саляль басқарған офицерлер тобы ұйымдастырған әскери төңкерістен кейін Солтүстік Йеменде республикашылдар мен Хаидаддин династиясының монархиясын қолдаушылар арасындағы 8 жылға созылған азаматтық соғыс басталып кетті. 1963 жылы Оңтүстік Йеменде де азаматтық соғыс орын алды. Ұлттық майдан мен британдықтардың отаршылдық билігіне қарсы азаттық майданы арасындағы қарулы қақтығыс 1967 жылға дейін созылған. Дәл осындай қарулы қақтығыс Йеменде 1994 жылы қайта басталды. Бұл жолғы текетірес Йемен Үкіметі мен Йемен социалды партиясының арасында өрбіді. Йемен социалды партиясы Оңтүстік Йеменнің 1990 жылға дейінгі егемендігін қайта қалпына келтіріп, тәуелсіз мемле-

кет ретінде қалыптастыруды көздеген болатын. Алайда бұл қарулы қақтығыстың соңы Йемен үкіметінің жеңісімен аяқталды. 20 жылға жуық уақыт азаматтық соғыстан алыс болған Йемен Республикасына 2014 жылы соғыс бұлты қайта үйірілді. Бүгінгі күні Йемен Республикасына қауіп төндіріп отырған қақтығыс өткен жылдың 8 шілдесінен басталды. Дәл осы күні хуситтер өздерінің алғашқы қадамын жасап, Амран қаласын күшпен басып алған. Тамыз айының ортасында хуситтер мұнай өнімдеріне арналған субсидияның қысқаруына наразылық білдіріп, көтерілістер ұйымдастыра бастады. Өйткені мұнай өнімдеріне қатысты субсидияның қысқаруы елдегі жанармай бағасының екі есе қымбаттауына әкеп соқтырды»[4].

Йемен еліндегі саяси қақтығыстардың қайталану себептерін түсіндірген автор қыркүйек айының ортасында теке-тірес тіптен шиеленісіп, Йемен Республикасының астанасы Сана қаласының төңірегінде үлкен қақтығыстар орын алғанын, бірнеше күн ішінде хуситтер қарулы қарсылық танытқан күш құрылымдарына тойтарыс беріп, Сана қаласындағы мемлекеттік мекемелерді күшпен басып алғанын айтады. Ә. Әнуарбек 2014 жылдың 15 қазанында хуситтер Ибб қаласын оп-оңай бағындырғанын, Хуситтерге бұл қаланы күзетіп тұрған қауіпсіздік күштері мен жергілікті тұрғындар қарсылық танытпағанымен түсіндіреді. Журналист қақтығыста орын алған фактілерді былай баяндайды: «Одан кейін хуситтер Дамар қаласын бақылауға алды. Осылайша, хуситтер Йеменнің барлық қалаларын жаулап алуға тырысты. 2015 жылдың 17 қаңтарында тағы да бір тосын жағдай орын алды. Ел астанасында президент кеңсесінің басшысы Ахмед Авад бен Мубаракты белгісіз біреулер ұрлап кеткен. Әрине, елдегілер мұның артында хуситтер тұр деген қорытынды шығарды. Арада екі күн өткенде Сана қаласында тұтанған қақтығыста бір адам қаза тауып, үш адамның жарақат алғандығы туралы хабар тарады. Мұнымен тоқтамаған хуситтер Сана қаласының орталығында орналасқан Йемен Республикасының премьер-министрі Халид Махфуз Баххатың резиденциясын қоршауға алды. Шиіттердің хуситтер тобы мен Йемен әскері президент сарайының маңында қақтығысқан. Осы қақтығыстың нәтижесінде шиіттерден жасақталған «Аңсар Алла» қозғалысының қарулы тобы президент сарайын бағындырды. Сарай үшін болған қарулы теке-тіресте 9 адам қаза тауып, 60-тан астам кісі жараланған». Қаламгер шиеленістің ары қарай өршіп тұрғанын айт-

ып, «CNN» телеарнасы таратқан хабарға сілтеме жасап «Сана қаласында белгісіз біреулердің америкалық елшіліктің көлігіне оқ атқандығы туралы хабар таратты. Дәл осы күні қарулы күштер қолбасшысына да қастандық жасалыпты. Елдің шығысында орналасқан Хадрамаут провинциясының Эль-Катн ауданында генерал Яхьи Абу Аваджа мінген көліктің жолына жарылғыш зат қойылған. Жойқын жарылыс пен атылған оқтардың әсерінен бұл күні 5 сарбаз ажал құшты. Одан кейін президент резиденциясынан шығып бара жатқан Қорғаныс министрі Махмуд ас-Субайхқа шабуыл жасалады» деп мәлімдеп, шиеленісте болған шабуылдар салдарынан қаза тапқан адамдар «Осы шабуылда 27 адам қаза тауып, 10 адам жараланды. Исламшылдардың алғашқы нысанасы – Әл-Бейда қаласындағы стадион болды. Өйткені бұл стадионды хуситтер жаттығу алаңы ретінде пайдаланатын еді. Қақтығыс кезінде бүлікшілердің 10 адамы қаза тапты. Қақтығыстан кейін Альзахир ауданындағы мектептің жанында террорист өз-өзін жарып жібереді. Бұл мектепте нақ сол уақытта шиіттердің «Хути» қоғамының жиналысы өтіп жатқан. Террорлық әрекеттен 8 адам құрбан болса, 12 адам жарақаттанды. 8 наурыз күні осындай қақтығыстың әсерінен тағы да 17 адам қаза болды. Әл-Бейда провинциясында «Әл-Каида» ұйымының хуситтерге қарсы шабуылынан 12 адам жер жастанды. Мариб провинциясында да тағы да осындай бейберекетсіздіктен 5 адам қайт-

ыс болды» деп нақты цифрлармен көрсетіп, бітімгершілік жөніндегі БҰҰ эмиссары Джамаль Беномардың: «Бейбіт келісім – алға жылжуға мүмкіндік беретін бірден-бір жол. Екі тараптың қайсысы болмасын, елдегі қақтығысты ушықтырып, Йемен елі енді Ирактың, Ливия мен Сирияның кебіне киюі әбден мүмкін», – деп [4] Қауіпсіздік кеңесінің отырысында айтқан болжамын мақаласына арқау етеді. Шиеленіскен саяси жағдай жайлы мақаласын автор: «Ал Йемен Республикасындағы қарулы қақтығыстар әлі де тоқтаған жоқ. Сондықтан әлем елдері Йеменде «азаматтық соғыс орын алуы мүмкін» деген болжамның расталатынына сеніп отыр. Йемендегі жағдайдың қашан тұрақталатыны әзірге беймәлім» деп қорытады.

Шетелдік саяси қақтығыстарды жазғанда орын алған қақтығыстарды нақты әрі дәл ақпарат арқылы мәлімдеп, шетелдің БАҚ таратқан ақпаратқа сілтеме жасап, шиеленіс себептерін ашып көрсетіп, қаза тапқан адамдар санын нақты жазып, келісімгершілік шараларына тоқталған автор, құзыретті органдар басшыларының келісімгершілікке бастайтын сөздерімен ойын қорытқан. Автор саяси қақтығыс жайлы толық ақпарат беріп қоймай, оған әсер еткен факторлар сарапталып, негізгі себептері көрсетіліп, бітімгершілік туралы саяси тұлғалардың пікірімен тұжырымдайды. Автордың шетелдік саяси шиеленістер мен қақтығыстырды мейлінше айқын әрі объективті жазуға бейімделгені көрінеді.

Әдебиеттер

- 1 Сұлтанбаева Г.С. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси коммуникация: шетелдік тәжірибе және Қазақстан. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
- 2 Әшірбек Амангелді. «Ресей мен Украина неге тіл табыса алмай отыр?» «Қазақ үні» ұлттық порталы, 17 қазан 2012.
- 3 Ресей-Украина қақтығысына енді әлем араласады. Abai.kz. 12.10.2012 ж.
- 4 Әнуарбек Ә. «Йемендегі қанды қақтығыс азаматтық соғысқа ұласуы мүмкін?» Түркістан Халықаралық саяси апталығы. 1.04. 2015ж.

References

- 1 Sultanbayeva G.S. Bukaralyk akparat kuraldaryndagy saiyasi communicatsia: sheteldik tazhiribe zhane Kazakhstan. – Almaty: Kazakh Universiti, 2010.
- 2 Ashirbek Amangeldi. «Resei men Ukraina nege til tabysa almai otyr?» «Kazakh uni» Ul'ttyk portaly. – 17 kazanr 2012.
- 3 Resey Ukraina kaktygysyna endi alem aralasady. Abai.kz. – 12.10.2012.
- 4 A. Anuarbek. «Yemendegi kandy kaktygys azamattyk sogyska ulasuy mumkin?» Turkistan Halykaralyk saiyasi aptalygy. 1.04. 2015zh.

Сәйдірахманұлы Ұ.
**«Яш Түркістан» журналының
кеңестік режимге қарсы күресі**

Saydrahmanuly W.
**«Yash Turkistan» magazine in
the struggle against the Soviet
regime**

Сайдрахманұлы У.
**Журнал «Яш Туркестан»
в борьбе против советского
режима**

Мақалада 1929-1939 жылдары Берлин қаласында жарық көрген «Яш Түркістан» журналы туралы сөз қозғалады. Аталған басылымның редакторы Мұстафа ұстанымы жайлы һәм журналдың кеңестік режимге қарсы күресі кеңінен талданады. Журнал бетінде жарияланған мақалалардың мазмұндық-идеялық бағыты, көсемсөздерінің өзектілігі мен уәжілігі мысалдар негізінде айқындалады.

Түйін сөздер: «Яш Түркістан», Мұстафа Шоқай, кеңестік режимге қарсы баспасөз, Еуропадағы қазақ баспасөзі.

The article expounds the facts and information about «Yash Turkistan» journal that published during 1929-1939 years in Berlin. The principles and views of editor given edition Mustafa Shokay were considered; also the fight against Soviet regime was analyzed. The relevance and argumentation of publicism, informative-ideological course of articles published in journal are confirmed by concrete examples.

Key words: «Yash Turkistan», Mustafa Shokay, anti-Soviet press, Kazakh press in Europe.

В статье изложены факты и сведения о журнале «Яш Туркестан», издаваемом в 1929-1939 годы в городе Берлин. Рассмотрены принципы и взгляды редактора данного издания – Мустафы Чокая, а также проанализирована борьба против советского режима. Актуальность и аргументация публицистики, содержательно-идеологическое направление статей, опубликованных в журнале, подтверждаются конкретными примерами.

Ключевые слова: «Яш Түркестан», Мустафа Чокай, антисоветская печать, казахская печать в Европе.

**«ЯШ ТҮРКІСТАН»
ЖУРНАЛЫНЫҢ
КЕҢЕСТІК РЕЖИМГЕ
ҚАРСЫ КҮРЕСІ**

Кеңестік билік саясатта ғана емес, сонымен бірге, ғылым, өнер қатарлы руханият салаларының бәрінде қатаң партиялық көзқарас ұстанғаны белгілі. Сондықтан идеологиялық майданда електен өтпеген, кеңестік танымға сымайтын құбылыстардың барлығына жаулық санамен қарау, жокқа шығару, мансұқтау сипаты тән болды. Әсіресе, демократиялық, ұлттық көзқарастармен күресуде кеңестік биліктің бітіспес дұшпанының бірі – тәуелсіздік жолындағы Мұстафа Шоқай еді.

Шоқай тұлғасының большевиктік номенклатураның мазасын қашыратындығы соншалық кейінгі кеңестік жазалау әрекеттерінде шоқайшылдық дейтін арнайы айыпта пайда болды. Осы шоқайшылдық Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан қатарлы Түркістан өлкелерінің ұлттық кадрларын партиялық «тазартуда» тағылатын негізгі «кылмыстың» біріне айналды. Шоқай фобиясы мен шоқайшылдықтың мұншалықты ауқымды болуының түбірлі себебі – Шоқайұлы саналы ғұмырында большевиктік билікпен ымырасыз күрескен тұлға. Осы күрестегі оның қолданған басты қаруы баспасөз еді. «Қазақ» газетіндегі азаматтық ой-пікірінен бастап, «Ұлығ Түркістан», «Бірлік туы», «На рубеже», «Вольный горец», «Борьба», «Шафақ», «Иени Түркістан», «Яш Түркістан» т.б. басылымдардағы көсемсөздерінің қай-қайсысынан да Мұстафа өмірінің баспасөзбен біте қайнасқанын байқауға болады. Бұл жайлы өз естелігінде жары Мария Яковлевна да Мұстафаның баспасөзді өте жақсы көретіндігін айтқан еді. Әсіресе, тұлғаның «Алла, елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім», – дейтін ойы пікірімізді бекіте түседі [1, 512 б.]. Жалпы, нақты жағдайдан айтқанда Шоқайұлын қалам ұстауға жетелеген себеп – саяси тәуелсіздік пен еліндегі күн сайын тарыла түскен рухани кеңестік деп тұжырымдауға болады.

Мұстафаның жоғарыда аталған басылымдардағы жазбаларына тән ортақ ерекшелік – Түркістан мемлекетін отаршылдардан азат ету идеясының көрініс табуы дер едік. Өйткені қайраткердің қай мақаласын оқысаңыз да осы азаматтық ұстанымынан ауытқымағанына, барлық күш-жігерін Түркістанның тәуелсіздігіне арнағанына куә боласыз. Бұл жайлы өз еңбегінде шоқайтанушы ғалым Ә.Қара: «Яш Түркістан» журналын

Шоқайдың бүкіл шығармашылық өмірінің ең көрнекті туындысы деп айта аламыз. Саясат пен баспасөзді Шоқайдың ең маңызды екі жұмысы ретінде көретін болсақ, Қоқан автономиясын Шоқайдың саясат саласындағы, ал «Яш Түркістан» журналын болса, баспасөз саласындағы ең маңызды еңбегі ретінде бағалауға болады», – деген ұстанымын білдіреді [2, 263 б.].

Шоқайұлы сталиндік империализммен күресінде «Яш Түркістан» басылымына көбірек арқа сүйеді. Осы журнал бетінде кеңестік биліктің саясатын сынап, олардың пролетариат үстемдігі деген желеумен Түркістандағы еңбекші халық бұқарасын қанап отырған озбырлығын әшкереледі. Аталған «Яш Түркістан» журналының өзге басылымдардан ерекшелігі – ойының қуаттылығы мен сынының өткірлігі еді. Әсіресе, Мұстафа қаламынан туған мақалаларда кеңестік жүйенің өгіріктері сол сталиндік баспасөздегі мәлімет-деректерге сүйеніп әшкереленетін. Мұндай жалтартпайтын тұжырымнан кейін кеңестің билік өкілдері шаптығып, Шоқайұлының қара басын жамандау мен ар-намысына тиюден басқа қайран көрсете алмайтын. Сол себепті Мұстафаның әр жазғаны кеңестік билікті барынша тынышсыздандырды. Ал, өзін қаралап, тіпті, арына тие-тін ауыр сөздер айтуға дейін баратын кеңес сынына қатысты Мұстафа: «Алға қойған мақсатыма жеттім. Пікірлерім оларды абыржытты. Егер, олар маған ашумен жауап беріп жатқан болса, демек мен орынды айтқанмын», – деп байыппен қана қабылдайтын [3, 133 б.].

